

22227



Төлеген  
Қажыбаев

**АЙНАЛАЙЫН  
АТЫҢНАН**

ТӨЛЕГЕН ҚАЗЫБАЕВ

# АЙНАЛАЙЫН АТЫҢНАН

*Әңгімелер және повесть*



«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ  
А л м а т ы 1980

84 Каз 2

Каз 2

К 15

**Қажыбаев Төлеген**

К 15      Айналайын атыңнан. Әңгімелер және повесть.—  
Алматы, Жалын, 1980.— 128 бет.

Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл кітап — жас ақын Төлеген Қажыбаевтың проза саласындағы тұңғыш қадамы. Автор замандастарымыздың келбетін бейнелі әрі нанымды суреттейді.

Каз 2

К  $\frac{70303-081}{408(05)80}$ —125—80—4702230200

© «Жалын» баспасы — 1980

022227

Степно-Карагандинская областная  
БИБЛИОТЕКА  
г. г. ПЕТРОПАВЛОВСКИЙ

## ЗАУАЛ

**Ж**асының ұлғайып келген шағында көп жортуылдан тиылып, ошақ басының тірлігін қанағат тұтсам деп еді. Жігіт санатына қосылып, ат жалын тартып мінгелі түсі қашып, түн қатқан кезі аз болды ма? Сондағы тапқан баянды бақыты, белшеден батқан байлығы қайсы? Бәз баяғы қалпынан түзеліп кеткен жайы шамалы. Сынның құлақ сыпсың торы мен жылқышылардың талай жылғы түтініне ысталып, сілікпесі шыққан қара құрым киіз үйден басқа несі бар басында. Мұрат тұтары бай үйінің қасында отырғаны ма? Байқара қайбір жаны ашығандықтан қонсы қондырып, қанатының астына алып отыр дейсің мұны...

Осы бір ой жалғыз ағасы Жаубасар өлгелі өзегін өртеп, жүрек етін жегідей жеп келеді. Қара жер хабар бермегей, пі жұмсақ, «қой аузынан шөп алмастың» өзі еді-ау марқұм. Сол момындығымен жүріп өмірдің еркек кіндікке сыйлаған бір қызығы — қатын алып, бала сүю дегенді де білмей кетті байғұс. Өмірдің ащы тауқыметі адымын аштырмай тұсап, екі нішін езе жапыштап тастаған соң қайтіп сілкінсін. Өмірдің өксік зарынан көкірегіне ұлы запыран толған, сөйтіп бар ғұмыры өкіну, іштей

мүжілумен өткен бір пенде болса сол нақ Жаубасардың өзі болар-ақ.

— Жаубасар деген дардай атың болғанмен, барар жерің шамалы екен. Жылқы бағып жарытпассын, қойға бар.

Байқара байдың келте болғанмен Жаубасардың атына айтқан кекесінді әмірі осы-тын. «Бір биеден ала да, құла да туады» деген ып-ырас екен. Ал інісі Жапабай болса қылыштай қиғыр мінезді, табиғат берген білек күшін оңтайлы жерде жұмсап калудан тайынбайтын табанды еді. Байқараның болжалды жерінен шыққан ол аз жылда байдың тірек тұтар белді жігіттерінің бірі болып алған-ды.

Оның үстіне көктен тілегені жерден табылып, былайғыларға бықпырттай тиіп, мысы басып жүретін сыңар құлақ төлеңгіт Айтоқсанмен бір дүбірлі тойда белдесе кеткен. Бұлшық еттері қайыңның безіндей бұлтылдаған төртпақ келген Айтоқсан нағыз апай төстің өзі еді. Осы төңіректің бел ұстарлық жанның талайын тізе бүктіріп жүрген ол Жапабайды жерге қазық етіп қағып жіберердей қаһарлана ұмтылған-ды. Бел алып келе жатқан бұла күш иесі Жапабайдың меселін осы арада бір қайтарып, топырақ қаптырғандай тәйкесінен түсіріп, талтайып тұрып басынан аттап кетер болса Айтоқсан абыройы айдай әлемге жайылары хақ. Бірақ белдесу ұзаққа бармады. Сырттан қырқа шалған қаршыға Жапабайдың екіленген екпіні төлеңгітті дөңгелетіп әкетті. Абыройын айрандай ақтарып алған Айтоқсан бұрқ етіп шаң ортасында жер қауып қалған қалпы ұзақ жатты. Сол дүбірлі жығыстан соң-ақ Жапабайдың бай алдындағы беделі биіктеп кеткен-ді.

— Батырым, қу тізеңді құшақтауың жетер. Ана Тәсимә кемпірдің байдан келді демесең жібі тұзу жалғыз қызы бар. Соған сал құрығынды. Мен тұрғанда алдыңнан кесе көлденеңдер ешкім шықпас,— деп бай сызданған. Жапабай шекеден шертіп жүріп қыз тандап

алар өз шамасының жоқтығын шамалап баққан да бай сөзінің ыңғайынан табылған. Дұрыс шайын құйып беріп, ағасы екеуінің жыртығын бүтіндеп отыруға шүйкебастан арыға құрық салуға өресі тар. Байқара таңдағанымды алып бер дейтіндей екі туып бір қалғаны емес.

Көп ұзамай тезекші Тәсимә кемпірдің қызы мұның босағасын аттаған. Содан былай Байқара Жапабайды ендігі жерде ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымдағы адамым деп есептеген. Жаубасар болса інісінің қуанышын қызғанудан аулақ-ты. Әйтеуір байдың ішке бүккен қулық-сұмдығы мол қалтарыстарындағы құрулы қанды ауыз қақпандарының біріне аңқылдап жүріп түсіп қалмағай деген бір ғана тілекте жүретін.

Әркім өз пешенесіне жазылғаннан асып кетпек емес. Біреу қой сонында күндік ғұмыры үшін талғажау тапса енді бірі Жапабай құсап ат жалында жүріп ырыздық тереді. Қайда барып күн көріп, көңіл көншітпек. Байқара Жапабайға іш бұрып қамқор қолын созса, бұл іні беделімен біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей күн кешіп жатыр. Бұғанда шүкірлік еткен жөн шығар. Іні ырыздығын бөліп жесе бөтені ме? Тек дәтке қуат де. Осы күнімді көпсінбесе болғаны деген ақ тілеуден аспағаны жөн ғой. Кедейдің жанынан гөрі өзінің малын артық көретін бай пиғылына Жаубасар қанық. Бірде келісінің қара мосыға іліп кеткен шайнегін алдына ала берген еді, Байқарының есірік ұлы Сапа кіріп келді де:

— Әй, әкеңнің, боз өкпе неме, қой ығып бара жатқанда шөлжиіп жатып шай ішкен иенді алған! — деп тепкінің астына алды. Қарсы тұрар шама қайда, қырғидан бұққан бозша торғайдай бұғына берді. Бай баласы қолындағы қамшымен сабалай жөнелген. Бұл шекесінен саулаған қаның да сұртуге шамасы келмей сүйретіліп орнынан тұрған. Сүйегіне бітпеген қайсарлық жоқ жерде бұғынбай қайтсін. Содан ақтарылып қалған шайнегін де жинауға мұршасы келмей, тысқа шыққан. Сол бетін қотанға түзегенше ақ түтек қабағы қатуланып, қанаты

катая түскен. Содан қараша үйге қас қарая сүйретіліп  
өзер жетті емес пе.

Жаубасар сол жолдан оңалмаған-ды. Желтоқсанның  
өкпе суырар өктем суығы өтіп ауруға шалдыққан ол  
ілініп-салынып көп жүрді. Қос өкпені шеңгелдей қысқан  
ауру тырнағы бүріліп сығымдай түспесе жазылар бол-  
мады. Төсек тартып жатып алды. Өлерінен жарты күн  
бұрын інісін арыздасуға шақырған.

«Бауырым, «бай малы ғайыптан емес, қиянаттан»  
деген. Аузыңа су тамызар, көз жұмғанда басыңды оңға  
қаратар тірі пенде табылар, табылмас. Табылса тәңірім  
ұмытпаған біреу болар. Табылмаса не деп таңданарсың.  
Шыбындай жаны үшін күн кешкендердің өз ошағынан  
басқа алаңдар несі бар дейсің. Бір қиырдан қаңғып кел-  
іп көзге түрткі кірме атанып отырғанмыз жоқ па?  
Алысқанның аузында, жұлысқанның жұдырығында жүр-  
ген жанбыз.

«Мал ашуы — жан ашуы» деуші еді бұрынғылар. Се-  
нің суық жүрісіңнен қорқам. «Жортуыл басы жолда қа-  
лар» деген де жадында жүргей. Қарыңнан қуат қайтар  
күн туарын ұмытпа. Сонда бүгілген белінді жазып, қо-  
лыңа таяқ ұстату орнына қарақшы Жапабай деп бетіңе  
түкірер дұшпан көбейтпегейсің. Тез тыыл, тез доғар бұл  
қылықты. Ушықпай тұрғанда Тарбағатай бойындағы ел-  
ге жылыс. Ес жиып, біреу қатарлы күн кешер жеріңе  
жеттің емес пе? Жат жерде менің сүйегімнің қалғаны да  
жетер».

Әл үстінде жатқан ағасының көкейіндегісін бүкпесіз  
ақтарып салғанын ұғынған Жапабай жайшылықта  
аузынан жібі түзу сөз ала алмайтын Жаубасардың көң-  
ілге қонғандай қиылыстыра сөйлегеніне таңданған жоқ.  
Жақын адам жанын жаралаған ойдың көкірегін сыздата  
керіп алған шағында өстіп ақтарылары хақ. Өлер халін  
сезген ағасының көкейіндегі барын сарқып айтуға алас-  
ұрып жатқанын ұғынған ол ойға қалды.

Бойдағы қуатын бай қойының соңында жүріп сарқып берген аға аманаты бұл фәниден ерте көшіп бара жатқан жанның бас көтермей бұғып, топшысынан мәңгілікке қырқылып қалған ақ арманы болар ма деген ой жылт сткенде Жапабайдың жүрегі дір етті. Қатыбас көңіл осы тұста елжіреп кеткендей болды.

«Имандай ақ тілеулі аманатымды өз арманыңа жалғастыр, бауырым. Аңқылдап жүріп өз басыңды мерт етіп ала көрме. Бір сенің көрер қызығыңның жолына менің құрбандығым да жетер. Қиянатпен жүріп табар бақытың баянсыз болмақ, ол жолды қаласаң барар жерің белгілі. Байқараның төрт құбыласы түгел. Бай малының қарасын көбейтемін деп барымтамен жүріп, жаман айтпай жақсы жоқ, біреудің шошандаған сойылының ұшында мерт болып кетсең Байқараның қимасы қышымас. Жалғыз атты қарақшының құны ол үшін қотыр қоймен бірдей. Айдаладағы сені өлді деп өкінбес те, күйінбес. Бай құрығы ұзын. Сен өлді деп түтіні теріс шалқымас. Өз жөніңді ойлап, біруақ пендешілік тәубеңе келер шағың жетті, бауырым... Ес жи, жан-жағыңа қаран» дерлік, жүрек жарар соңғы сөзін тіл қатып жеткізе алмай қиналып жатқан мүсәпір жанның ақтық тынысы қос жанарына үйіріле қалған қос тамшымен бірге үзіліп жүре берді. Ағасының айта алмай кеткен осынау сөзін алдында жатып дем берген жанның жадау жүзін жуған ащы жасын сүртіп отырған Жапабай іштей ұғынып, көңілге түйгенді...

Бұдан кейін де он шақты жыл араға түсіп кетті. Қанша рет шешімге келіп, ат құйрығын шорт кесем десе де тұйыққа тіреле беретін. Байқара байдың салмағы бұлтартпастай зілді еді, құрған тұзағы берік болатын. Жалғыз атты қарақшының қарсы тұрарлық қауһары қайсы. Бос далбаса, құр сандырақ. Осы бір ой былайғыға сұсты да өктем көрінер Жапабайды Байқара алдында тұқыртып кеткендей еді. Қанша бұлқынса да бай таста-



ған бұғалық ширап, сірестіре сығымдай түсетіндей. Айтқанына құлдық деп жүріп жатқан жайы бар.

Бүгін де барымталап келеді. Тігерге тұяқ қалдырмай, түгел тізілте айдап барады сойқанды сойылшылар. Топ бастаған тағы өзі.

Сойыл үстіне сойыл сілтен дүркірете айдаған қалың жылқының соңында сұлық еріп келе жатқан Жапабайдың ойы сан-саққа жүгіреді. Бірақ түп етектен ұстар шешімі жоқ. Бас қапғырын, дел-сал күйде. Бәрінен де жаңағы бір өрімдей жас жігіттің өз қолынан мерт болғанын көрмеймісің. Өмі де өлермен болар ма? Екпіндеп келісіне қарағанда ештеңеден тауы шағылмаған боздақ болды-ау шамасы. Қайқиға соқпап қамшының құлақ шекеден орай тигені жазым қылды. Не де болса өліп тынды. Осы жасына дейін өз қолынан жан тапсырған аламан бетпе-бет бірінші рет келуі еді. Ат жалын құшын, бақшыя қалған жігіттің албырт жүзі тез суалып, ерден кілт аударылып түскен-ді. Жапабай сескеніп қалды. Өлімнен емес, ана жас боздақтың өзіне тесірейе қадалған жансыз жанарларынан сескенді. Содан соң-ақ «сенің де әлі-ақ жортуыл басың жолда қалады»— деген бір ғана ой жанын мазалап, көк желкесінен жаңағы жансыз жанарлар тесірейе қадалып тұрды да қойды. Апырмай, осы бір жан шошырлық сөзді ағасы Жаубасар өлер алдында айтып еді-ау. Көкейіне орала кетуін қарашы. Жаңағы өліктің көздері де сол сөзді есіме салып кеткені несі деп тіксінді Жапабай. Сонау қос шоқыдан бері құлағанша сондарынан қалмай-ақ қойды тақақтап. Біреудің малына сонша ара түскен қандай бейбақ болды екен? Тегі, қан тартқан адамның өлімге құрақ ұша қарсы шабуынан асқан көзсіз аңғалдық жоқ-ау. Сонша малды тамам барымташының алдынан қалай қайтарып алам деді екен, сорлы!

Сойылды шолтандатып ұстасынан-ақ топқа түспеген ештеңесіз екенін сезген Жапабай айылын жнып, ықынған жоқ. Ұрыс салудан аулақ ниет танытып жолын кес-кес-

теп, ат тізгінін тежей берген. Өлермен неме Жапабаймен жағаласып келіп қалған. Сәл бөгелсе-ақ сойылдың сарт ете қалар түрі бар. Сол сәтте барымташының қонышындағы сарала қамшы зу ете қалды. Тегі, малдан тірідей айрылса байға қарар беті жоқ бір бейбақ тағы. Соншалықты жанкештілікпен ұмтылып жүріп жат малы үшін жан берген сорлының демі қамшының ұшында таусылды.

Осыны ойлағанда Жапабай арқырата қуып келе жатқан жылқы үйірін тастап, беті ауған жаққа лаға шапқысы келіп бір тұрды. Бірақ қараша үйін, өзі кетсе көрсер күні көр соқыр қосағын қайда қалдырмақ?

Мұның сазара қалған жүзінен жасқанды ма, жігіттер де әдеттегідей тез арада маңына жуықтай қоймады. Жөнкілген жылқының етек-жеңін шашыратпай тез жиыстырып, беттерін дұрыстап алған әккі сойылшылар Аралтөбеден бері құлағанда ғана барып:

— Уа, Жапеке, ауыл іргесіне келіп қалдық. Үлесімізді бермеймісің?— десті. Төрт күн торуылдап жүріп өңкей бір қамыс құлақ сандал көктің қос үйірін жылқышылардың құрығы астынап жырып әкетуін әкетіп-ақ еді. Мына сөзге Жапабай аз-кем кідірді. Төңірегін тінте, сүйіле қарады. Тізгін тартқан бәрі де аңтарылып тұр. Ерсекты болып келе жатқан жігіттердің тұяқтан көтеріліп ақ жаулақ шаң қонған қара сұр жүздері сынықтық емес, суықтық ыңғарын шанып тұрғандай еді. Мына малды Байқарата бұйырпай бөліп алындар десе де тартынар емес. Ішін-жеп бара жатқан отты жанарлар солықтарын әлі де еркін баса алмай тұрған жылқының қалың тобын тіміскілеп, тінтіп тұр. Жалақтаған көңілде қай қыл-құйрықты қайсымыздың тақымымызда ойнар екен деген бір ғана озбыр ойдың бардығын тап басқан Жапабайдың көңілі бір түрлі тіксініп қалды. Жортуылдас жігіттердің мына жүздерін жана көргендей біртүрлі түршігіп кетті. Тізгінін тежеп үнсіз тұрған ол аз-кем аялдады да, атын тебініп қалып ілгері жүре берді. Бөгелмеді, қайырылып артында қалған жігіттерге де

қарамады. Сол сар желсеннен ат басын ірікпестен Маржан таудың назардап қаға беріс қолтығында отырған ауыл қотанына келіп кірді.

Желі басында тұрған Байқараға да бұрылмады Қараша үйдің қасына келді. Ат шылбырын алдынан еңтіге шыққан әйеліне серпіп жіберіп жерге топ етіп түсе қалды. Төңірегінде көз салмаған ол түнерген қалпы үйге еніп кетті. Түйе жұп шекпенін сілкіп жіберіп кереге басына ілді. Тірсек торсықтан<sup>1</sup> кетіп аяққа толтырып тұрып құрт көжені құйып алды да басына бір-ақ көтерді. Сөйтті де төрде жатқан құрақ сырмақтың үстіне қисая кетті. Тыстан кірген әйелінін:

— Аманшылық па әйтеуір?— деген күнкіліне де тіс жармады. Құлдіреуішке тесірейген қалпы жатты да қойды. Осы кезде үйге:

— Ассалаумағалейкум, Жәке,— деп бір жігіт келіп кірді.

— Байқараның базынасын көтеретін жайым жоқ, бара алмаймын!— деп ақырып қалған Жапабай теріс аунады. Келген ізін суытпай жігіт қайта шығып кетті. Осы кезде жылқы тұяғының дүбірі ауыл үстін дүр сілкіндіріп жүре берді.

— Жылқы келіп қалды,— деп есікке ұмтыла берген әйелді:

— Тәйт әрі, сенің нең бар онда!— деген Жапабайдың өктем даусы кейін серпіп тастады. Ерінің шөлкес мінезін жақсы білетін әйелі қиюы қашқан кебеженің қасына отыра кетті...

Жапабай тырс етіп тысқа шықпай табандап жатып алды. Бар қорегі торсықтан үзілмейтін құрт көже. Бәйбішесінің жайған дастарқанына да келмейді. Бүк түскен қалпы жатады да қояды. Құлдіреуішке қараса-ақ, болды, анадағы бейбақтың бақшиған жансыз жанарла-

---

<sup>1</sup> Тірсек торсық — жылқының сирақ терісін бітеу сойып жасалған ыдыс.

ры ағасы Жаубасардың жас шылаған момақан көздерімен қабаттаса келіп тесірейіп тұра қалады. Бұл көзін жұмады, аунап түсіп теріс карайды. «Сенің де жортуыл басың жолда қалады»... Іргелеп әлденелер осылай деп мазасыз сыбырлағандай болады екен. Шөп басын жеңіл шайқаған самал да, іргеден шыр-шыр еткен шегіртке де, томар батпағында бақылдаған бака да кейінгі кезде өздеріне ғана тән үн мен сыбырдан жаңылып, Жапабайдың жанын жегідей жеген бір суық сөзді тәптіштей қайталап тұратындай. «Тез тыл, тез доғар бұл қылықты,»— деген де аға үні еміс-еміс еске түседі. Бұл түйе жүн шекпенін басына орай қымтап дөңбекшиді келіп. Құлағын тас қып бекіткенімен көкейіне ұрланып кірген осы бір ой сайрайды да тұрады.

Ақыры шыдамады. Орнынан тұрып, тысқа шықты. Мама ағашка байлаған сыпсың торының қасына келді. Басын төмен салған қалпы мүлгіп тұр. Ол да көп жортуылдан мезі болғандай.

Иесінің таянғанын көріп, бір оқыранды да, қайта мүлгіді. Жапабай атының басынан жүгенін сыпырды да, сауырынан бір сипап қоя берді. Төңірегіне көз салмаған күйі үйіне беттеді. Осы кезде:

— Уа, Жапабай, бері бұрыла кет,— деген өктем дауыс естілді. Бұл Байқараның даусы. Жортуыл басының жауырын ортасы ду ете қалды. Ақшаңқан үйге беттеді. Насыбайдың таты басқан сары жағал шокша сакалып быртық саусақтарымен тарамдай мангазсышып тұрған Байқара мырс етіп езу тартқандай болды. Қызыл күрең бүйрек беті болар-болмас бүлк етті де тез сазара қалды. Ісінген қабак астынан сығырая қараған көз жанары да тез суынып сала берді. Жапабайдың ашық омырауынан арса-арсасы шыққан тарамыс денесін тіміскідей тінткен құлық-сұмдығы мол мына жанарлар көкейіндегіні біліп тұрамын дегендей бір сәт қуақылық ұшқын атып жалт еткенімен, жортуылшының шүңірек көздерімен кездесуден тайсактағандай тез тайып кетті.

— Үйге кірелік.

Байқара үйге беттей берді. Жайғасып отырған соң:

— Айтоты, бізге қымыз әкел,— деді Байқара. Былқ-сылқ етіп кірген кербез тоқал амандық-саулықтан бұрын:

— Ибай-ау, Жәкесі-ау, үйімізге бас сұқпағаның неткенің,— деп сынғырлай күлді. Жапабайдың жалт ете қалған отты жанарынан ерке тоқал сұлу жүзін тез бұрып әкетті. Барымта басшысы Айтоты сұлудың ерке үнінен әдеттегі сезімді сәлт еткізер сүйкімді назды сезбегендей сұлық қалған. Майыса ұсынған кербез келішектің кесесін де селқос алып, асқа ауыз тигізбей ұзақ отырып қалды.

Айтоты Жапабайдың жадыраудан жаңылған қатулы қабағынан қаймыққандай тысқа тез шығып кетті. Зерлі аяқтап басын көтерген Байқара бір ыңыранып алып, әңгімеге кірісті.

— Жапабай, бұл қылығыңды қалай түсінсем екен, сонша бұзылуыңа қарағанда маған разы емессің-ау. Осы уақытқа дейін қолыңды қакқан жерім бар ма? Олай десең құдайыңды ұмытқаның,— деп нығырлай сөйлеп барып сәл аялдады. Көзін одан әрмен сығырайтып, Жапабайдың кара сұр жүзінің бұлк етіп белгі берер сәтін андығандай. «Берген бір аяқ қымызын бұлдап отырғандай сөйлеуін, есігіндегі байлаулы құлы болармын ба мұпын» деген ой ұшқыны көңіліне дік ете қалды Жапабайдың. Ұзақ үнсіздіктен соң ғана барып басын көтеріп:

— Байеке, маған істеген жақсылығыңды мен білмем тәңірімнің өзі білер. Әйтсе де көп жортуылдан жалыққан жайым бар. Енді мені мазаламасан екен. Тебіңгіні терге малып, басымды өлімге байлаған кезім аз болған жоқ. Құдайға шүкір, үйіріне үйір қосылды. Осының өзін қанағат тұтсаң еді. Естимін, тағы бір жерге жігіттерді аттандырғалы жатыр деп...

Жапабай осы арада сөзін кілт үзді...

— Жә, жетеді, Жапабай. Маған қызметтен жалықтым дегенін талай жылғы бағып-қаққанымды ұмыттым дегенің ғой. Жортуылдан безінгенің, өткен сапардағы мойындағы кісі қанын жүктеуден қашқақтағаның ғой.

Жапабай әңгіме желісінің бұлай бұрыларын ойламаған еді. Шарт сынды. Кеседегі қымызды қалы кілем үстіне актара салды да, атып тұрып тысқа шыға берді. Қарсы алдынан кезігіп қалған Байқараның есірік ұлы Сапаны да иығымен қағып омақа асыра жаздады.

— Ой, әкенді!— деп сыбап, әкесі отырған үйге кіріп кетті.

Ат құйрығы шорт кесілді. Енді аялдаудың жөні жоқ. Аялдар болса Байқараның дегеніне көніп, айтқанына еріп кетері хақ. Бір кісінің мойынға арқалаған қаны да қалған ғұмырына жетіп болар. Бай әміріне көнгені ертең сойқанды сойылшыларды ертіп тағы да атқа қонғаны емес пе? Ол сапардың да қанды болмасына кім кепіл. «Бөрі азығы жолда» десең де далада тегін жатқан азық жоқ. Ауыз қандамасқа тағы болмайды... Жок. Бітті. Кесті. Тиды.

Сол түні суыт көшкен Жапабай Тасқақпанға келіп бекінген-ді. Маржан таудың күлгеһіндегі жалғыз соқпақпен жалғасып жататын жалтыр шым қоршаларға алаңқайды бұл төңірек Тасқақпан атайтын. Ел-жұрттан безіп Тасқақпанға бет түзгеннен-ақ әйелі шошынған-ды. Ерінің бір іске бекінгенін іштей сезген ол үнсіз күрсініп қойып, көзіне келген жасын жеңімен ұрлана сүртіп, құрым үйді тігісуге көмектесіп жүр. Етектей-етектей шым ойып әкеліп күіз үйдің іргесін бастырып тастаған Жапабай сыпсың торыға мініп жатып:

— Қазаныңды отқа қоя бер, деді. Сөйтті де, бір жаққа асығыс кетіп қалды. Сүт пісірім уақытта қайта оралған ол алдына өңгерген бағыланды жасыл шалғынға топ ете түсірді.

Байқара да тырс етпей жатып алды. Тап іргесінен жырыла көшкен Жапабайдың сонынан қуғыншы да жіберген жоқ. Ақылға салып салмақтар болса мұншалық жер қайысқан жылқының шашау шықпай тұяқ құрап, Байқаранікі болып жүруінде Жапабайдың төккен тері аз емес сияқты. Талай торуылшылардың түгін жығып берген де осы бейбақ қой. Барымташылардың талайын аттан түсіріп алып, алдына қойдай қуып әкелмеп пе еді дірдектетіп. Бұл заманда ұсталмаған ұры ұры ма, тәйірі. Айғақсыз адам қанша айбатты болсаң да аяғына отырғызбас болар. Ал адамын аттан аударып алып бақырайтып отырып бетке салық етіп салғанда барымта иесінің бұлтарап жері қайсы? Іргелес отырған елдің еңсесін түсіріп, пысын басуы да осы ғой. Құдайға шүкір. Байқараның жігіттері сан шабуылдап жүріп кісі қолында қалып көрген емес. Байыптап қараса ол да мына түз көкжалы қамшыгер Жапабайдың арқасы. Мұны дүйім ел біледі. Мойны алыс болса да жайлауы малдан қайысқан, егесерге елендеп отырған өзі сияқты Шу бойының ығай мен сығайлары да біледі мұны. Жапабай атынан ығысып жүретіні де содан ғой олардың. Олай болса ырысын шайқалтпай, жайлауын тарылтпай отырған Жапабаймен жауласқаны неткені. Ашуы тарқар, сонда өзім-ақ барып алдынан өтермін. Пенде емес пе, илігеді. Сақалды басыммен өзім барып отырғанда неғып илікпесін. Тек сабыр керек, әліптің артын бағалық деп түйген Байқара. Оның үстіне анадағы мерт болғанның артынан даушы келмес деймісін. Соны ойласа, өзі де Байқарадан басқа кімнің қанаты астына тығылар дейсін. Ақымақ емес, оны да бір бүйірінде сақтап жүрген шығар.

Бірде дастарқан жиналысымен Жапабай:

— Әй, қатын, ана кебежеңнен қамшымды әперші, бері,— деді.

— Оны қайтпек едің?

— Мына Жамантомардағы Сәпи келін түсіргелі қаттыр екен. Көңілдес адам еді, қайырлы болсын айтып келсейін,— деді. Сөйтті де түйе жүн шекпенін киіп, күміс тақтаған кісесін тағынды да тысқа шықты. Сарала сапты қамшыны әкеліп берген әйелі, Жапабай Тасқакпанның қалталы аузынан шыққанша ұзатып салып ұзақ тұрып қалды.

Мына келе жатқан Жамантомардағы Сәпиден қалап алған сарыала қамшы талайдың көз құртын қоздырып еді. Қолқалап сұраушыларға қырын бермеген Жапабай талайдың меселін қайтарған-ды. Өзі де ыждаһатты қолдан шыққан бұйым болатын. Арасына қызыл сымнан өзек жүгірте өрген тобылғы сапты қамшымен Байқараның ел жайлауға көшкенде құтырған кара бурасын мерт еткені бар-ды. Содан бері шолтаңдатып сойыл ұстағаннан да оңтайлырақ осы қамшыны қолынан тастамауды көңілі қалап тұратын. Аңадағы бейбақтың да мерт болуы осы қамшыдан еді ғой...

Жамантомар үсті келін келеді деп шала бүлініп жатыр екен. Жапабай кермеге ат басып тіреспі ду-ду еткен тойшыларға беттеді. Дабырласқан тойшылар қарасы да мол екен. Бір өңкей жастар келін келеді деген жол бойын торуылдап жүр. Ос сәтте: «Әнс, шаң да көрінді»,— деген ат үстіндегі біреулердің дауыстары жарыса шықты. Көппен бірге ілгері ұмтылған Жапабайды осы сәтте біреу жауырын тұсынан сарт еткізді. Жалт қараса ту сыртында құндыз бөркін көзіне түсіріңкірей киген Байқараның сотқары Сапа тұр. Қолындағы қамшысымен саптамасының қонышын сабалап, айылын да жияр емес. Біржиып күле береді.



— Немене, бақшиясың, танымай тұрмысың.

Жапабайдың жүзі суынып, қатулана қалтырап кетті.

— Жұртқа бермей жүрген ана қамшыңды маған беремісің әй, хи-хи-хи... Құшына қотыр тоқты берейін, хи-хи-хи... Бедеу катының ұл тапқанда шілдеханасына жаратарсың... Хи-хи-хи..

— Мә, саған керекті қамшы болса!

Құлаштай сілтеген қамшы Сапаның оң нығына барып тиді.

Оттай қарыған ащы сокқыдан баж ете қалған Сапа өзін қаумалаған жігіттердің ортасына ыршып түсті.

— Ұстандар, мына қақбас қарақшыны!— деп айғайлаған Сапа жігіттердің тасасына барып тығылды. Жапабай күйініп кетті. Санға тап берген оны қарулы қолдар кейін серніп жіберді. Ұмар-жұмар алыс-жұлыс басталып кетті. Тойды таманалаймыз деп келгендердің қуанышты жүздері тез суынып, бірталай жігіттердің ортасында оңды-солды қамшы ұрып жүрген Жапабайға үрейлене үрке қарасып қалыпты.

— Әй, тойымның шырқын бұзған ит неме, керекті қамшы болса ана өріп қойған жаңа қамшыны алып тыншы,— деп ортаға түсіп жүрген Сәпиді де Байқараның есірігі өңменінен нұқып жіберді. Ала көзденіп алған жігіттер де, тап-тап береді. «Кұрт, сок, құрт, сок»,— деп Сапа жүр танауынан қан дірдектеп.

Түйе жүн шекпенінің екі бірдей жеңі мен сары ала қамшысынан айрылып ноқай топтан сытылып шыққан Жапабай кермедегі атына мініп үлгерді. Қолына іліккен бақанды ала салып топқа қарсы шапты. Қатын-қалашты бажылдата тым-тырақай қашқан Сапаның жігіттері келін күтіп отырған ақбоз үйге сып берісті.

Жапабай Тасқақпанға ат басын бұрды. Жүрегіне кек байлап кетті. Қуаныштың құтын қашырғысы келмеді. Әйтпесе талай үйдің түндігінен азалы үн күңірене шығатын еді бүгінгі күні.

Жамантомардағы Сапа салған сойқанды елден бұр-

рын Байқараның құлағы шалды. Ұлының тентектігіне қатты күйінді. Шекесі жарылып үсті-басы өрім-өрім болып келген Сапаны сілкілеп алды. Осы уақытқа дейінгі көкейіндегі Жапабайды иіліктірем-ау деген ой ұшқыны сөніп, іштей құрған айла-шарғысының қиюы қашты. «Әумесер неме, ұрынбасқа ұрынып!»— деп қанша кіжінгенімен өз қолын өзі кессін бе? «Жапабайға соқтыға көрме, ол көрінсе сырт айналып алшақ жүр»,— деп, қанша қақсаса да мына ақпа құлақ миғұла неме істі бүлдіріп тынды.

Бұл оқиғадан кейін өзім барып алдынан өтсем деген ойда мүлдем тыылған-ды. Содан тоқайласқан сан-сапалақ ойларды салмақтай келіп, «Жалғыздың үні шықпас» дегендей, дүйім елді билеп отырған маған жалғыз атты қарақшыдан жасқанып не көрініпті деген тұжырымға тірелді. Осыны іштей мақұлдаған сайын өз салмағының таразы табақшасының қай жағына салса да басым жатқандығына шүбә келтірмеді. Дегенмен «Сақтықта қорлық жоқ» деген емес пе, мал маңындағы Айтоқсан бастаған бір топ жігітке сергек жүруді тапсырды.

Жамантомардағы шудан кейін Жапабай күрт өзгерді. Өзегін өртеген ызадан жарылар болған соң Тасқақпанға сыймай құла түзге босып кетуді шығарып алған.

Маржантаудың қолтығындағы ауылды төңіректеп жүруі де жиілеп кетті. Сыпсың торыны қызыл май ғып неге салпақтатып жүретінін өзі де білмейді. Әйтеуір елегізіп жанына байыз таптырмаған кекті көңілі әлдеқандай бір іске нтермелеп жүргені анық.

Міне, бүгін де таңнан түз кешіп кеткен ол ала көлеңке ұялаған күңгірт шақта Маржантауға қарай ойысып келеді.

Байқараның мен мұңдалаған ақшаңқан үйі мендеп бара жатқан қара көлеңкеде күңгірт қана шырай таныта қарауытады. Ауыл үстіне бей-жай тыныштық орнай қалыпты. Желіден құлын ағытылып, отарлы қой ауыл

қотанына келгелі қашан. Қотан қорыған сақау Шәріптің «Ай-ей»,— деген қарлығыңқы үнінен басқа елендетер дыбыс білінбейді.

Сай табанына сыпсың торыны қаңтарып тастаған Жапабай ауыл іргесіне бұқпантайлаған күйі жетті де, аз-кем тыныстап, құлақ түріп жатты. Сықыр етіп есік ашылып-жабылды. Бұл өмірі жер майы тиіп көрмеген ағаш арбадай бажылдай жөпелер сақау Шәріп үйі есігінің әні. Қазір дәуде болса күзетші шал сары кемпірімен дастарқан басына отырып жатқан болуы керек. Сары кемпірдің құрты керемет дәмді болады. Шөлдеп келгенде майлы құртты шекіп отырып шай ішкен қандай рақат десейші!

Жапабай жұтынып қойды. Күн ұзаққа дым сызбаған екен-ау өзі. Қотан ортасына таман тағы бір есіктің сықырлай ашылған үні құлаққа келді. Бұл Байқара отауы есігінің үні. Жапабай тобылғы тасасынан басын көтерді. Агарандаған әлдекім отау үйді айналып барады.

— Уа, тәңірім, бере көр.

Жапабай бұл шыққан байдың тоқалы Айтоты екенін бірден аңғарды.

Әйел затының сиқыры. Ту байталдай тумаған тоқал, мес қарын байынан не рақат тауып жүр дейсін. Иә, сәт бере көр.

Орнынан сып етіп атып тұрған Жапабай бұқпантайлап басып қараша үйдің іргесін айнала беріп сәл кідірді. Құлақ түрді.

Бырт-бырт күйіс қайырған малдың марғау ыңыранған үнінен басқа әлдекімнің жеңіл басып ұзап бара жатқан аяқ дыбысы естіледі. Етегі жер сызған көйлектің қаудан басын сыра судырлаған дыбысын да танып тұр. Жапабай шыдамады.

— Көтек, бұл кім еді, тәңірім?— Айтотының үні қатты шықты.

— Мен Жапабаймын. Дыбыстама, Айтоты.

— Көктен түстің бе, жер астынан шықтың ба, жүр-

ісін неткен суық еді, Жәкесі?— Үнінде назды леп бар. «Сайқалсып тұрғанын»,— деді ішінен түнгі жортуылшы тіксініп.

Жапабайдың әлеуетті қолы ерке тоқалдың аш беліне орала берді. Суы ақтарыла қолдан түсіп кеткен жез құманның мөлдір сынғыры қалың қауға оралып барып түшшығып тына қалды.

\* \* \*

Жанын жегідей жеп жүрген ойға алған бір ісін тындырғанымен барымташы көңілі көншір емес. Сол бір елегізу бүгін оны әдеттегіден ерте тұрғызып атқа қондырды. Қарашаның қара суығы есіп тұр. Тасқақпанның қойны-қоншын қуалай жөнелген сылсың жел жалтыр шынның шыңылтыр жүзін әлсін-әлсін жалай соғып, тыным табар емес.

Жапабай аспанға қарады. Түнере қалған екен. «Иә, сәт»,— деп іштей күбірлеген ол Тасқақпанның қолтығынан шыға қатты желіп кетті. Маржаптаудың терістігіне ат басын шұғыл бұрып жынғылды сайға келіп түсті. Сай табанында жылап аққан бұлақ бастауының суы қайнап шығып жатқан дәл ортасы болмаса ернеу жиегі тарылып, тобарсып қата бастапты. Кісі көтерер қуаты жоқ, жарғақ мұз қабаты, күтір-күтір жарылып жатыр. Сайды қуалай жүрген қалпы ол жалтыр көлдің биік қабағынан бір-ақ шықты. Атынан топ етіп жерге түсті де көл бетін қуалай ескен желге жүзін тосып сәл тұрды. Сөйтті де жарды жағалап кетті. Жыл өткен сайын омырылып құлай беретін қиялай біткен жар қабағы тіктеніп, қолдан қалағандай қаттала түсіпті. Жар табағына жалғанған қос құрық бойлап жетер емес. Біраз жүріп барып түйетайлы оңтайлы жер тауып көл ернеуіне сырғып түсті. Қара суық сокқан көл жиегі тобарси бастағанымен жас баланың еңбегіндей солқылдақ екен. Жапабай бір кездегі базарлы көл бетінің бүгінгі сұсты

да, жұтаң жүзіне көп қарады. Бойы тоңазың деді. Жарқабаққа тырмысып шығып атына келіп мінді.

Манадан бері түнеріп тұрған тұнжыр аспан тез құбылып, жылбыскы қар жапалақтай жауып жүре берді. Жел де іш тартып сәл тиылды да, бұл Тасқақпанға ене бере қайта құтырынды.

Жапабай тірсек торсықтан қос аяқ құрт көжені сіміріп алып, киіне бастады.

— Ал, Бибіш...— Жапабайдың үні қатқылдау шыққанымен қобалжу барлығын әйелі аңғарып тұр. Ерінің көптен бері жойқын іске іштей бекініп жүргенін сезетінді. Бүгін не де болса сол ойын орындауға тас түйін бекінген-ау шамасы деген Бибіш тұла бойы қалтырап кетті. Иегіне не бола алмай кемседеп, жанарына мөлтілдей қалған ашы жасты жасырғысы келгендей тұқырына берді. Бірақ ештеңе деген жоқ. Қиюы қашқан қара кебежеге арқасын тіреп отырған қалпынан тапжылмады. Осы уақытқа дейін ерінің қаталдығынан ығып келген ол сол жасқаншақтығынан тап осы сәтте де жазған жоқ. Тұнжыраған күйі отыра берді. Жапабайдың сұсты қара сұр жүзіне тіктеп қарауға батылы жетпегендей бүггендеп бұға берді. Ақыры, шыдамады, басын көтерді. Жадау жүзін жас айғыздап тастапты.

— Қой, Бибіш, жылама, бекем бол,— деп босансып барып, қайтадан бойын тез жиып:

— Тәйт әрі, көз жасыңды көлдетпей,— деп ширьға қалды. Жаулығының ұшын тістеп тұрған әйел селк етті. Жапабай жедел басып керегеде ілулі тұрған селебені алды. Сөйтті де енді аялдаса кешігіп қалатындай шұғыл бұрылып тысқа шықты. Қарлы құйын алаңқайдың әлем-тапырығын шығарып жатыр. Жалп-жалп жауған қар ұлпасын ұли соққан долы жел жерге түсірмей үйіріп барады.

Ат құлағын зорға көріп келе жатқан Жапабай мына дүлей боранның басталғанына қуанбаса қайғырған жоқ-ты. Қайта осы дүлеймен қарбалас үстінде ойға кел-

теп ісіп тындыруға асығып келеді. Бұл өңірдің бүтө ші  
төсіне дейін жетік білетін ол Байқараның жылқымен  
жатқан қойнауға діттеп-ақ келіп қалған еді. Осы бір  
түста жалғыз қайың болушы еді деп ат басын тежеген  
ол қарсы алдында ырсиған жалаңаш бұтақтарып жел  
өтіне жайып салып, шайқала ырғалып тұрған қайыңды  
төзі шалып қалды. Сыпсың торыны қайыңға қаңтара  
байылай салып сүріне-қабына ілгері ұмтылды.

Қателеспепті, сәл жүргеннен соң-ақ ұйлығып тұрған  
калың жылқының үстінен түсті. Жылқыны қоғамдап  
жүрген кара көзге шалынбайды. Жылқышылар құрт  
көжені сіміріп, қос ішінде отырған болар деді ішінен.  
Бұрқасын арасынан қараңдап көрінген қос түбіне таяла  
бергенде қаңтарулы аттарды көрді. Қонышындағы  
кездігін суырып алып бусанып тұрған жылқышы аттары-  
ның қасына жетіп келді. Әп-сәтте ақ төс айылдары  
шарт-шарт кесілді.

Сыпсың торыға ентелей басып жеткен Жапабай  
жылқының жел жағынан зырылдауық тартып, тиіп бер-  
ді. Ұйлығып тұрған қалың жылқы қасқыр тигеннен  
бөтер жөңкіле жөнелді. Жылқы бетін көлге қарай бұра  
берген Жапабай құрық үстіне құрық сілтеп қиқулап  
келеді.

Арқыраған жылқы селі жұп жазбастан алға ағылдан  
барады. Шынғырыса кісінескен ащы үн ызындай соққан  
долы желмен түшшығып калып жатыр. Алапат аспан  
асты мына жойқын дүбірмен сілкініп кеткендей. Тоң тоң  
тиген сан мың тұяқ жердің тоң қабатын қақыратып  
барады. Қақ маңдайдан қарсы ескен қар аралас өкпек  
жел көзді аштырар емес. Бытырай жөңкілген қалың  
жылқының алды-артын тегіс орай шауып қоғамдай ай-  
даған Жапабай қарлы бұрқасын арасында ным калар-  
лы еді. Осынау жасына келгенше өмірдің ащысын мол  
татып өскен ол үшін мына дүйім малдың алдында жүр-  
ген тек қарасыны болмаса көңіл тояттарлық қызыл  
шамалы-ды. Жайлау толы малын мақтап босқа күнге-

нетін байлардың бір-ақ күнде-ақ жұтап қалар қауқарсыздығын осы келе жатқанда ұғынған Жапабай өз ғұмырының осылардың босағасында сандалмамен өткендігін, жан дегенде жалғыз бауыры Жаубасардың да бай босағасындағы баянсыз тірлігі, ерте үзілген ғұмыры есіне оралған сайын ішін ұдай ашытып, көңілінің астанкестенін шығарып келеді. Өкінішті сезім итше ұлып өзегін тырналап барады. Ол сыпсың торыға камшы басты. Байқарапың бар байлығын уысынан шығармай жөңкілте айдап келе жатқанына масаттанғандай да өзі. Әйтеуір екіленген сезім камшылап келеді мұны. «Бай бір жұттық». Бір кезде құты болып қонса, енді жұты болар күн туған шығар. Жалғыз атты қабас қарақшының әуселесі иттің есінде жүрсін өлгенше.

Топырлай шапқан қалың жылқының алды сай табанына іліккен еді. Есіре соққан ескек жел де мына алапатты көріністі тірі пендеге көрсеткісі келмегендей үдей түсіпті. Қарсы маңайдан ұрғылап-ақ тұр. Сай табанын қуалай жөңкілген жылқы селінің қайда барып тұмсық тірерін бұрқасын астынан енді-енді аңғарған барымташы бастапқыдан бетер екілене түсті. Манағы өзі болжап кеткен жерге діттеп түскеніне іштей қуанып келеді. Енді бытырамайды. Нақ құлама жарға иек артаын сайдың қос қабағы онша биік болмағанымен жылқы тұяғын қақпалап өз табанынан аудармас деп түйгенді. мана. Сонысы рас болып шықты. Жөңкілген жылқы жұп жазбай алға ағып барады. Құрық үстіне құрық сілтеп ентелей ұмтылған Жапабайдың құлағына жылқылардың шыңғырған ашы үні айқын естіле бастады. Төбе күйкасы шымырлап, өне бойы ду ете түсті. «Жарға ілікті»,— деді ішінен. Ат басын кері бұрғанша болған жоқ қарбалас үстінде алға сұғынып, қалың жылқының арасына сыналай кіріп кеткен сыпсын торы үдере кешкен дауылды селдің нақ ортасынан бір-ақ шықты.

Басқа-көзге төпелеген қиыршық қар ат жалын жүлкі желпіп бетке соғады. Суылдаған күйрық-жал. кісі-

нескен, жанталаса шыңғырысқан жылқы үні жан жаппай бірдей естіледі. Арқыраған азалы үн, қым киген қақтығыс тұяқ астында опырылып көл тұңғиығына батып бара жатқан құлама жар жаңғырығы үдей түсіпті. Үсті-үстіне топырлаған салмақтан жаншылған мүс кесектерінің морт-морт сынған дыбысы, зілдей тамшыларын жарға соға теңселіп кеткен қара қошқыл көл беті... Жапабай осы көріністердің бәрін көзбен емес, көңілмен сезіп келеді. Өне бойы қалтырап, жаны түршікті. Қолындағы сойылы тұяқ астына түсіп шарт ете қалды. Көз алды қарауытып жер дүние шыр көбелек айналып барады. Тұңғиыққа зымырай құлап бара жатқандай. Басы айналып кетті. Ат жалына жабысты. Өне бойын мұздай суық ызғырық леп қарып өтті. Жастығымды ала жығылдым ба деп көкірегінде бұрқ ете қалған кекті сезім тез сөніп бара жатты. Ол жанталасып ілгері ұмтыла берді. Екі қолы ербендеп ауаны босқа қарманып қалды. Анадағы жас боздақтың ту сыртынан бақшия қадалып қалмай қойған қос жанары сенімен есебім түгел дегендей сөніп барады. Ағасы Жаубасардың әлсіз үні осы арада қабаттаса келіп: «Тиылдың, тындың, бейбақ»,— деп барып үзіліп кетті. Тылсым тұңғиықта аласұрған сезім ақтық рет лып етті де шалғысы қиғыр ұстараның жүзіне кезіккен шірей тартқан домбыраның қос шегіндей дың еткен өксік үн шығарып барып шарт үзілгендей болды.





## ОРТАҚ ӘКЕ

Телефон шыр ете қалды.

— Әй,— деді Заманбек амандық-саулықтан бұрын.— Аманбысың? Әкім шақырып отыр ғой, барасың ба?

— Өткен жетіде ғана газетке шыққан суретін жудық емес пе.

— Анада желіккен қатыны мына Әкімге аяқ астынан нағашы табылып жатыр, келген күні бірге боласындар деп шегелемеді ме?

— Ойбай-ау, сөйдеген екен ғой, онысы естен де шығып кетіпті.

— Иә, иә, есіме жана түсіп отыр. Дымым жоқ ку тақырмын деуші едің, нағашың бар боп шықты ғой деп мен де бірдеңе деген сияқты едім. Шорт знает, осы уақытқа дейін біз білмеген неткен нағашысы екендігін.

— Жарайды, бара көрерміз.

Әкімнің өзі қарсы алды. Баяғы қалбақтаған қалпы. Ас үйден Зейнеп шыға келді.

— Ал, бауырым, нағашы тауып қуанып жатыр деп естідік. Құтты болып ұзағынан сүйіндірсін,— дедім Әкімнің қолын қысып тұрып.

— Солай, аяқ астынан нағашылы...

— Жарқыным-ау, осы уақытқа дейін тырс етіп тірлік білдірмеген бұл неткен нағашың?— деді Заманбек.

— Жә, даурыққаның не сонша, естіп қалса ұят қой,— деді жұбайы төргі үй жаққа ұрлана мойнын созып:— Ойбай, айттым ғой, әне диванда отыр,— деді бетін баса сыбырлай.

— Е, естісе естісін. Өтірік айтып тұр деймісің, шындығы сол емес пе, әй,— деген Заманбек мені куәлікке тарта сөйлеп төрге оза бердік.

Диванда отырған шоқша сақалды, шүңірік көзді қара шал біздерге тесіле қараған қалпы міз бағар емес.  
— Ассалау...

Заманбек бейтаныс адамға қос қолын ұсына ұмтылды. Шал басын кегжең еткізіп көтеріп алды да, өзіне төніп келе жатқан еңгезердей жігіттің жымыған жүзінен жылылық танығандай Заманбектің күректей қолын қалт-құлт етіп ұстай берді.

— Аманбысың, шырақ?— деп күбір етті.

Заманбек шалдың сол жағына барып жайғасты да, мен қарсыдағы орындыққа келіп отырдым.

— Иә, нағашы, мына біздер жиеніңіз Әкімнің достарымыз. Орта мектепті бірге бітірдік. Ол аздай-ақ дәрігерлік институтты да бірге жүріп тауысқан жетімектерміз.

— Жөн ғой, шырағым. Құс екең құс та қанатымен ұшып құйрығымен қонса керек. Өмірде бір-біріңе серік болғандарың таптырмас тірлік қой.

— Соның жөн екендігін білгендіктен жиеніңізді жетімсіретпей мынау Токпан екеуміз екі қолтығынан сүйемелдеп келеміз.

Қара шалдың мұрты жыбыр етті де, қабағына қырау қондырып кіртіе қалды. Шүңірек көздері ызбарлы ұшқын шашқандай жалт етіп барып тез суынды. Тарамыс қолдары қалтылдап мәсі қонышын уқалай береді.

— Әй, Әкім мына нағашыңа біз жоқта айтпасан қазір айт. Біздің кім екенімізді. Менің Қарасудағы, иманды болғыр, нағашымнан да талай дәм татып едің ғой. Бейшараның біз десе шыбын жаны бөлек еді-ау. Есінде ме, алғаш келгенде мақтайын деп тұрған ақ шыбышын сойып тастағаны. Әне, нағашы болса сондай болсын. Соның бәрін өтірік деші кәне,— деп Заманбек одан әрі қызына түсті.

— Өй, қойшы әрі, бәрі өтті ғой... Сен де қырық жылғыны қозғап көңірсіте береді екенсің. Бүгінді кім аштан өліп, көштен қалып жатыр дейсің.

— Әне, әне, бұл жетімектерге кезінде шекесінен шертіп бермесең бүйірі шыққан соң ұмытып кетеді бәрің,— деді Заманбек.

— Оу, Заманбек, қойсаңшы енді,— десем де қояр емес. Манадан бергі айнала орағытқапы аздай-ақ ендігі әңгімені қара шалдың өзіне төтелей сөйледі.

— Ақсақал, әңгіме айтыңыз. Осы арада әңгіме тосып сәл тоқтаса да болар еді. Бірақ Заманбек одан әрі есе жөнелді.

— Ақсақал, әңгіме айта отырғаныңыз жөн болар еді. Мына үшеуіміздің бір-бірімізден жасырарымыз жоқ.

Қара шалдың шүңірек көздері жер шұқыған күйден жазар емес.

— Жөн Заманбек шырақ... Шал қылғынғандай зордың күшімен сөйледі.

— Сонау бір аумалы-төкпелі заманда кім кімнен адасып қалмады. Е... е... дүние-ай... Сөйдеуге шамасы келді де міз бақпай тұрған қоңырқай жүзіне мазасыз діріл толқыны шыға келді.

Заманбек:

— Оу, оу, ақсақал, ата, нағашы, не... не боп қалды,— деп шегіншектей берді.

— Балам... Әкім...— Шалдың үні ышқына шықты. Ас бөлмесінен үш келіншекті қаға-маға Әкім жүгіріп

келді. Өре тұра келген бәріміз жүрек тұсып басып қылжиып бара жатқан қара шалды сүйемелден бердік.

— Ойбай-ай, бекер болды-ау, маскара-ай, өлгіріп алмасақ жарар еді,— деп зәресі ұшқан Заманбек тоқ пақтай қартты балаша көтеріп алып келесі бөлмеден ағаш кереуеттің үстіне апарып жатқызды.

Біздер стол төңірегінде үрпиісіп отырмыз. Заманбек түнерген күйі:

— Осы шалың тегін емес. Манағы балам дегендегі бет құбылысын байқадың ба, әй — деп маған ежірейе қарады.

— Қайдам. Жаны алқымға тығылып тұрғанда адамның аузына кім түсіп, не айтпайды. Дегенмен жұмбақ. Өзі келгелі не айтып, не қойды,— дедім Әкімге бұрылып.

— Жарытып ештеңе деген жоқ. Мана түс әлетінде Әкімнің үйі осы ма?— деді де,— мен анада хат жазған нағашың боламын,— деп апыл-ғұпыл төр үйге ене берді. Сонда да жүзі құбылып негі кемсеңдеп кетіп еді. Ептеп нервный болар дегенмін де қойғанмын. Бірінші көрген адамнан өзі айтпаса нені сұрайсың. Содан бір шайды үнсіз отырып ішті де, жүрегім деп қисайған. Одан кейінгі жағдайға өздерің ортақсындар ғой. Әкім төмен қарады.

— Какой-то странный старик,— деген Зейнеп те аң-таң.

Сәлден соң төргі бөлмеден шалдың күрсінген дыбысы шықты да, Әкім тұра жүгірді. Біздер есіктен мінбелей сығаласып тұрмыз. Қара шал қалталақтап орнынан тұрып жатты. Шалдан шатақ шығып кетпесе екен деп күдіктенгендей:

— Әй, Зейнеп асыңды әкел, ішейік те кетейік,— деп Заманбек тыпыршып стол басына отыра берді. Ендігі сәтте бәріміз столға келген тағамға бас қойып жат-

тық. Заманбек рюмканы қолына алды да орнынан тұрды.

— Нағашы, менен білместік болды-ау деймін, кеші-рерсіз. Әкімнің тумасы болғандықтан еркінсіп кетсем керек.

— Шырақтарым, қала дәстүрі дейсіндер ғой, әйтпесе ішіп көрмеген затым,— деген шал шарапты ысырып қойды.

— Ішпегеніңіз жөн ғой, бірақ ептеп... ерін тигізіп тілек айтып дегендей... Шал қозғалақтап қойып, қал-тылдаған саусақтарымен шоқша сакалын саумалап сәл бөгелді.

— Біздің аулымыз Үлкен Түктінің етегінде отырар еді. Бұл Көкшетаудың түскейіндегі Зерлі таудан 40—50 шақырым жерде. Е, шырақтарым-ай... Бір кезде түтіні шалқыған отыз шақты үйі бар ел еді. Біз соғысқа кеттік. Қатын-бала күн көріс қамымен жер кәсібін жетік білетін орыс селосына көшіп барып паналағанда екі-үш жылда ауыл түтіні өшіп тынған ғой. Ел еңсесін көтерер ер-азаматынан айрылған соң сөйтпегенде қайтеді. Оның өзі бір хикая, шырақтарым. Жұрынбай деген жиен екеуіміз ауылдан бірге аттандық. Өзі менімен түйдей құрдас, нағашым дегенде ішкен асын жерге қоятын жаны жоқ аңқылдақ жігіт еді. Соғыстан оралмады ғой, жатқан жері торқа болғыр!

— Бірді айтып бірге кетесін. Қайсыбірі көңілде сайрап тұр дейсің. Ұмытпасам соғысқа жүрерден екі күн бұрын әлгі біздің әйелдің босанғаны ғой. Жұрынбайда ес жоқ. Өзінің қатыны ұл тапқаннан әрі байғұстың. Шілдеханада отырып жылады дейсің. Ер жігіттің жылағанын есту қандай қиын. Бейбақ әйелінің бала көтермейтінін айтып өкси-өкси жылады-ау сонда. Қолда шақырту қағазы. Ертеңіне соғысқа жүргелі отырмыз ғой. Соғысқа алғаш кеткендердің алдынан қара қағаз келе бастаған шағы. Біз де солай болып кетсек жиенің тұяқсыз қалады

гой деп тұрып жылайды: Содан не керек әйелмен ақылдасып, әлгі шикі өкпені жиеннің бауырына салдық. Ұлы жолға қуанып аттансын, әйелі де алданыш етер дегендік қой баяғы. Өскен, Өсер деген екі ұл бар. Тұяқсыз емеспіз, шүкірлік дедік қой деймін сонда. Әй, шырақтарым-ай, несін созып бастарыңды ауырттайын.

Шалдың жүзі өрт сөндіргендей түтіге түсті.

— Өсерді орыс селосына көшіп келген Ленинградтық бір орыс өздерімен алып кетіпті. Оның да ізіне біраз түскенмен таптырар болмады. Бірақ үміт шіркін үзілмейді екен.

— Осынау бейнеттің бәрін қалай көтергенсіз, ә,— деп Заманбек те қара шалға сүзіле қарап қалыпты.

— Өз үй-ішімнен осылайша адасқаннан кейін Жұрынбай жиеннің үйін іздейін. Селодағылар Жұрынбайдың әйелі нашар болып шықты десіп шуласады. Жел болмаса шөп басы неге қимылдасын. Бала көтермеген әйелде аналық мейір болушы ма еді, тәйірі. Жиснің көңілін қимағандықтан бауырына басып деген сандалыс қой біздікі. Сонымен баланы приодқа тапсырған Жұрынбайдың әйелін көп іздеп, ақыры жоғалдыға жорып күдерімді үзіп қойғанмын. Сөйтіп жүргенде әлгі аты қалай еді... Дәрігерлер жайып жазатын газеттің аты деймін.

— «Медицинская газета» деңіз.

— Иә, иә. Сол газетті автобус ішінде әлдекімнің қолынан көрейін. Үстінде ақ халаты бар жігіттің суретін көзім шалып қалды. Құданың күдіреті, жүрек сездіреді ғой деймін... Тұла бойымды бір ыстық ден қарып өткендей болды. Газетке шүкшып тұрып мынауың кім деймін. Бұл Жұрынбаев Әкім дейді газетті оқып отырған бала. Ойбай-ау, Жұрынбай жисім де, Әкім сол шілдеханада есімін қойған мына... мына...

Манадан бері қыстыға қинала сөйлеп отырған қарт шыдамы осы тұсқа келгенде шорт үзілгендей болды. Өңі

сахарға салғандай қуарып, негі кемседеп, көзі аларып шалқая берді.

— Ойпырмай, ақсақал-ай, шын ба, шын деңізші.— Заманбек орнынан атып тұрып талықсып жатқан қара шалды қапсыра құшақтап жас жуған жүзін сүйіп жатыр. Әкім тосын соққыдан есенгіреп ақыл-естен айрылып мәңгіріп қалғандай орнынан тапжылар емес. Екі иіні дірілдеп шоқша сақалы шошаңдай қалтырап, өне бойын безгек бұғандай селкілдеп жатқан қара шалға антарыла қарап қалыпты.

— Ой, Әкім, бауырым, әке... әке... әкең табылды...

— Шын ба, Тоқпан, рас па...— Әкім де мені қапсыра құшқан қалпы қыстыға жылады.

Бұл әке мейірін көрмей өскен үш жігіттің ортақ әке тапқанға шексіз шаттанған қуаныш жасы еді.

## ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР

### I. Бір уыс топырақ

Жігіттер қан майданнан оралмаған,  
Оралып аман-есен қол алмаған,  
Жерленбей елестейді кей-кейде бір  
Кеткендей тырна болып солар маған.

*Расул Гамзатов.*

**Ш**ілде. Аңқа кептірер Арқа төсінің айтулы аптабы. Жер дүниенің ындыны кеуіп, қурап барады.

Сортаңды сайдың мыж-мыж қабағын қуалай өскен қызыл қураймен аралас ұйыса біткен қалың жусан құп қақтаған бөздей оңып кеткен. Осынау қойнаууда малмада ұзақ жатып ашып кеткен жас терінің қолқа шабар ашулы иісіне мензер бір өткір леп бар. Жыралы сайдан кейін серпілер жалпақ жазыққа біткен қырбық қау сарбалақтанып қалған. Кезеңді кептірген Кербаланың шөліндей демінен жалын шыққан аңызак тірлік біткенді тұншықтырып-ақ тұр.

Осынау аптапта шаңырақ мүйіздерін тынымсыз жай қап қойып, ыңырана қозғалған қос тарғыл өгіздің сырты сырт еткен аша тұяқтары ғана төңіректегі болмашы тірлікке белгі беретіндей.

Әукесі салбыраған жатаған тарғылдың қыр арқасына қонып алған, балтыры тілім-тілім, сідан сырқатын қара бала самайынан соғалаған ашы терді оңи тамған сиса көйлегінің жеңімен сүртініп әуре. Көздерінен ерпін жалап, әлсін-әлсін тамсанып қояды.

Сырманың алқымына тығылған шон қарасын байқаған бала сол жағында қалып бара жатқан шөмеленің



тұсына жете беріп тоқтады. Жерге қарғып түсті де мұқыл өгіздің күстенген беріш мойынын жармадан босатып, шөмеlege беттеді.

Қеспектегі су жылымшы татып кетіпті. Ожауды басына бірақ көтергісі келіп бір тұрды да, Аккенженің: «Жылымшы суды ішкенінмен сусының қанбайды, қайта ішінді бұзып әлек қылады»,— деген ақылы есіне түсіп, кеберсіген таңдайын жібітерліктей аузын шайды. «Шіркін апамның суық айраны болар ма еді. Іргені қазып қойып, ортан беліне дейін көміп тастаған піспектен айран үзілмейді. Айран болғанда қандай. Қасықты шапшып қойсаң тік тұрады ғой, шіркін».

Қеспектен ожау батырып тағы да су ала бергенде кәдімгі томар бақасы тырбан етіп ыршып кетті. Тура ожаудың ішінен ыршыды. «Ә, сайтандар-ай, ауылдағы тас құдықтан су әкелуге ерініп, іргедегі сасық томардың суын қотарған екен ғой. Анада сорпадан бақа шықты деп қостың басын азан-қазан қылған Шәріптің сөзі шын болғаны ғой. Биіш кемпір қосты айнала қуып бишараға күн көрсетпеп еді»...

Шөмеле түбіне отыра берген бала ақ тақырды тесіп жіберердей тасырлата шапқан ат тұяғының дүбірінен елендеп атып тұрды. Өзін бетке алып әлдекім құйғытып келеді. Кім де болса шұғыл шаруамен жүрген біреу. Әйтпесе мына аптапта ақ сабын етіп ат айдап не көрініпті. Жүкен болмағай. Ол болса тап-тал түсте өгізді қаңтарып қойып шөлжнуін қара, мына иттің деп бір сыбап алары анық.

Аттылыдан көз алмай тұрған Токанның жүзі жылып жүре берді.

— Мынау өзіміздің сақау ғой (Сәлім шалдың ұлы Ләмбекті ауыл біткен осылай атайтын). Жас кезінде байлаулы тұрған байталдың шабын түртіп ойнаймын деп жүріп қара құстан тиген тұяқтан мны аузына түсе жаздапты. Содан кеміс болып қалыпты деседі. Тілі байла-

нып ұзақ жатып әйтеуірі қалқып қатарға қосылғанда бертін көрінеді.

Тоқанның білетіні Сәлім шалдың шым үйінің маңына бала біткеннің аяқ аттап баспайтыны. Есік алдында әкесінің түлкі тымағын бастыра киіп алып, қысы-жазы қалқып отыратын осы Ләмбектен бала біткен қатты қорқатын. Өзін жыңды дейді. Әсіресе бала көрсе тарпа бас салып, құтырған бураша таптап, шайнап тастайды деседі. Ендеше байлаусыз жыңдының маңына жолап не көрініпті. Пәлесінен аулақ. Жоламайды, аулақтап жүреді.

Сол Ләмбек бертін келе жөн-жосықсыз, сандалып көше кезетінді шығарды.

Бірде топ бала қотан ортасындағы тас құдықтын түбінде асық атып естері шығып жатқан. Үсті-басы алым-салым, аузынан көбігі аққан Ләмбек тапырақтап жетіп келді. Балалардың көбі бытырай қашқанда табаны жерге жабысқандай есі кетіп, орнында сілейіп тұрып қалған. Қашып үлгермеген бірер бала үрейлері ұшып, жер тепкілеп бақыра жөнелген. Бірақ Ләмбек ешкімге де тиген жоқ. Бет алдына ыржалақтап бірдеңе деп былдырлай берген. Сөйтсе Ләмбек балаға тимейді екен. Үлкендердің үрейге үйірсек алып қашты дақпырты болып шықты. Келе-келе қара көрінсе қалмайтын жетім қозыдай балалардың соңдарынан салпақтап еріп жүруді шығарды.

Ер-азаматы сиреп қалған шағын ауылда басы артық адам болсын ба бұл күнде. Екі қолды төрт ете алмай жатқан қарбалас шақта көшеде серсеңдеп сенделеніп қойсын деген Жүкеннің ескертпесінен соң Ләмбек әкесіне ілесіп қой соңында жүр. Әйтпесе баласының жұмыс істеп қарық қылары шамалы. Әйтеуір жарымжан әкесі сонынан ерген қара дейді де.

Енді міне, сол Ләмбек еліре қиқулап төнеп келеді. Жай сөзі жаяу төбелеске бергісіз неменің мына дүрмегіне қонақ қоймаған Тоқап өгіздерге беттей берген.

— Әй, шүй, шүй,— деп омыраулатып келіп қалды. Күрең азбан бұлауға түскендей жылт-жылт етеді. Езуінен көбік шашып, ыржақтаған Ләмбектің дүлей тақымына түскен соң ол да ақиланып еліріп алыпты. Танауы желп-желп етіп, сабынданған сауырынан тер білінеді.

— Өй, мына сақау баса ма? Еліріп қайтеді-сй.

— Ай-ай-айдар ке... Айдар ке... Әне... әне...

— Айдары несі мынаның. Қай Айдарды айтып тұрсың?

Қысы-жазы үстінен түспейтін өңірі сауыс-сауыс шапанының етегі желп-желп етеді. Шиқандай екі беті қызара бөртіп, милықтата киген бөркінің елтірі жиегін жымқыра қысқан самайынан тер сорғалап барады. Жайшылықта көптек еріндерінің етегін жиып ұстауды білмейтін талыс ауызды, көне сандық қақпағындай киюы қабыспай тұратын езуі ыржақтаған сайын далнып, сілекейін шылбырдай шұбалтып жіберіпті. Бір-бірін бағып, атысып тұратын шапыраш көздері ұясынан шығып кетердей шатынай түскен. Жанарынан жан жұбатар жылылық белгісін танымаған Тоқан шошып қалды. Басын бозға соза сілейіп жатқан тарғылдың тасасына барып тығылды.

— Ө-ө-өй, Ай-айда келе...

Қықылдай булығып барып басылған Ләмбек енді кідірістесе маңызды бір жұмысынан қалып қоярдай ат басын кері бұрып алды да тасырлатып шаба жөнелді. Тоқан, мына шіркіннің кеткені шын ба, дегендей өгіз тасасынан бұқпантайлай басын көтеріп Ләмбектің шаңдатқан ізіне үнілді.

— Мына есуас атты зорықтырады екен ғой... Зәремді алғанын қарашы. Таптап кете жаздады-ау өзі... Айдаладағы мені табуын сақаудың...

Жармадан босағандарын пайдаланып жата қалған өгіздерді орындарынан асығыс тұрғызған ол тарғылдың үстіне тырмысып шықты да мойнын созып Құсмұрын

бнигіне қарады. Шынында да тарантас мінген біреулер ауданап келетін қара жолдың қылтадан өтер тұсына құлап қалған екен.

Тоқан пошташы Ахметтің ала өгіз жеккен тарантасын бір қиырдан таныды. Соғыс басталғалы бүтін ел жаңалығын жеткізіп тұрған ала өгізді тарантас арбаның ауыл үшін орны бөлек; көшеден салдырлатып өте шықса үйдегілер тысқа шығады, қиырдан көріпсе бала біткен жазбай танып, қарсы жүгіріседі. Тарантас доңғалақтарының шиқылы құлаққа сіңісті, қарасыны жылы ұшырайды. Ахметтің арбасын Тоқан да танып тұр.

Арба үстінде екеу отыр ма қалай. Біреуі әскери киімді сияқты. Тесірсе қараған Тоқанның бұлдырап кеткен жанарына өңірі толы орден, медаль болып, олары күн нұрына шағылысып, жарқ-жұрқ етіп келе жатқандай да болып кетті.

— Әлгі қай Айдарды айтып кетті? Көкеммен бірге кеткен Смағұлдың Айдары болмағай. Одан басқа Қайрақтыда Айдар атты кім бар еді? Жоқ, ешкім де жоқ... Сол... сол... Айдар болды... Смағұл шалдың баласы... Жоқ, әлде басқа біреу ме екен. Әлгі жыңыдап дұрыстап сұрамағанымды қарашы... Бәлкім менің көкем шығар. Есалаңның сөзіне сенім жоқ. Көкеммен шатастырып алған шығар... «Соқыр тауыққа бәрі бидай»... Менің көкемнің де үстінде солдат киімі, омырауы толы орден мен медаль емес деймісің. Ападағы бір хатында екінші Даңқ орденімен наградталдым деген жоқ па еді. Сонда үйге сыймай қуанып, Шәріпке шапқылап барып айтқаным қайда. Сонда ол сенің көкең нағыз батыр екен деп арқамнан қақты емес пе. Ендеше көкем... Осы жолғы келе жатқан көкемнің өзі. Жаңағы әумесер шатастырып алған ғой. Көкем, көкем шығар... Отырысы да соған ұқсайды. Айдар олай отырмайтын. Мынау, оллә-беллә менің көкем... Жүгіріп алдарынан шықсам ба екен. Әлде... Жоқ, алдымен Аққенже тәтемді қуантайын. Әлгі Ләмбекті айтам-ау, көкең Жақып келе жатыр деп турасынан

айтса аузым қисайып кетеді деді ме екен. Өй, сақау не-  
ме. Осынша еліріп...

Аз-кем абдырап қалған Тоқан өгіз үстінен домалай түсті де сайдағы шөпшілерге қарай ұшты.

Титтей жүрегі кеудесіне сыймай тулап келеді. Алға ұшқан сайын екі өкпесі күйіп, дем алысы жиілеп, маңдайдан, самайдан, қалқыған қос құлақтың түбінен тер сорғалайды. Қатқыл қау балтырын тырнайды. Табанына қадала қауып қалып жатқан шөгірді де елер емес. Қылтадан құлап келе жатқан тарантаста Ләмбек кешенің айтқан Айдары емес, өз көңіліне ұялаған жан көкесі Жақып келеді. Иә, нә, Жақып, жан көкесі келеді.

«Айдар ма, әлде көкем бе екен»,— деген екі ұдай таласқа түскісі жоқ бала көңіл, көкем болғай, тап сол, осының өзі деген бір ғана тәтті тілекті іштей шегелеп қайталаған сайын, жан көкесімен жолығарына шүбәсіз сенгендей. Сәл аялдаса осынау сенімнің Тоқанға мәлім сиқырлы нәзік жібі шорт үзіліп, жаңағы бір тәтті тілек — үміті астан-кестен болып кететіндей. Аяғы жер баспай ұшып келеді. «Көкем, көкем келеді». Қазір шөпшілерге осылай деп айғайлайды. Содан кейін әдемі жүзіне қан теуіп шыға келген Ақкенже тәтесінің кеудесіне басын сүйеп сәл тұрып тыныстайды. Одан кейін Ахметтің шиқ-шиқ еткен тарантасы жетеді. Шөпші біткен көкемді көтеріп әкетеді. Ол мені елден бұрын құшағына алып, құшырлана піскейді де жерден қанбақ құсатып көтеріп алады да: «Өй, Тоқанжан, өзің жігіт болып, сыр-ма тартып жүрмісің. Азамат болды деген осы»,— деп, жұртқа қарап жымияды. Мен де көкемнің тер сіңген көкірегіне басымды қойып күлген боламын. Сонда өзімді-өзім ұстай алмай солқылдап жылап жүрмейін. «Жа-на ғана өзінді жігіт деп мақтағаным қайда. Жылауы-ыңызға жол болсын» демей ме көкем. Жоқ жыламаймын.

Шымнан қаланған жер барақтың көлеңкесінде отырған шөпшілерге жете бере қалт тоқтаған Тоқан

алқымына тығылған сөзді айта алмай тұншыға кемсеңдеп тұрды да, жылап қоя берді.

— Көке, көкем келе жатыр,— деген сөзді айтуға ғана шамасы жетті. Жан ұшырып қасына жеткен жеңгесі Ақкенженің құшағына құлап бара жатты.

— Не дейді, мына бейбақ?

— Кім келе жатыр дейді?

— Кім дейді келе жатқан?

— Жақып деді ме?

— Иә, тәңірім бере көр. Өзі шын айтып тұр ма?

Орындарынан өре тұрысқан шөпшілер Құсмұрын биігіне қарай дүкіресе жөнелді. Белден көмілген ағаш кеспектен алып, су ішкізген Ақкенже қайнысының кекілін сипап:

— Тентегім, жаңағы хабарды кімнен естідің?— деді.

— Ләмбектен... Жоқ, өзім көрдім. Көкеме қатты ұқсайды. Көкем шығар... Көкем болар... Анау сақау Айдар деді ме, әйтеуір айтқанын ұқпай қалдым.

— Мына шұнақ Айдар дейме, өл де маған. Жөнін айтпай жын соққандай неғып сандырақтап тұр өзі,— деген Бибіш кемпір етегі желпендеп, кебісін тырпылдатып Тоқанның қасына жетіп келді.

— Ту, шешей-ай, баланың өзі де не сөйлеп, не қойғанын білмей дал болып тұр емес пе, не де болса бара көрелік,— деген Ақкенже жүзіне толқып шыға келген ұяң сезімді жасырып қалғысы келгендей төмен қарады.

— Е, жазған-ай, одан да есенгіреп қалдым десейші. Сен түгілі өзіміз де сең соққаннан арман мәңгіріп қалдық емес пе. Е, жазған... Кімнің болса да аман келгені қуаныш. Әйтеуір, елім деп еңіреп келе жатқан біреу болды ғой. Қарақтарым-ай десейші. Зобалаң күнді көрсеткенше шыққыр көзім шықсаң етті. Өл де маған.

Бибіш ілгері озып кеткен топқа қарай ақ жаулығын желпендете жүгіріп барады.

Тарантас көрінді. Жұрт асықты екен деп шаңырақ

мүйізді ала өгізі түскірі асыққан ба. Ахметтің таяғынан жон терісі тулақ болып кеткен хайуан шыбыртқы шып еткен сайын құйымшақ тұсын кикаң еткізіп қойып аяндап келеді.

— Ойпырмай, мына иіс алмастың саспауын қарашы.

— Аспан төңкеріліп түссе де айылын жияр емес.

— Бізді діңкелетіп жүргені де осы малма аяқтығы ғой жазғанның.

— Әй Ахмет, айдасаңшы бар болғырыңды.

— Тіпті сасар емес. Ойбай-ау, анауы кім. Тарантас-ты тапап кетердей омыраулатын қайтеді-ей.

— Өзіміздің Ләмбек-тағы.

— Ол қайдан сая болған. Өй кеше неме, өл де маған. Әкесі соғыстан келе жатқандай, о несі-ей екіленіп.

Тарантасқа азбанды омыраулата төндіріп-төндіріп қойып, Ләмбек те қатарласа жағаласып келеді. Жалаң бас отырған жауынгер жігітке әлденені айтып есі шығып келе жатқан түрі бар.

— Тентегім, Ләмбек дұрыс айтыпты ғой.— Ақкенженің дірілдей шыққан үнінен селк ете қалған Тоқан төбеге ұрғандай бір орында сілейіп тұрып қалды.

— Кім, Айдар ма? Көкемші?...

— Көкең де келер, тентегім. Ер-азаматтың қайсысы келсе де бөтендігі жоқ. Бұл да ағаң емес пе. Көкеңнің қанды көйлек досы ғой.

Тоқанның өн бойынан әлдеқандай отты, өксік сезім жүгіріп өтті. Жүрегі елжіреп елпілдей ұшып келе жатқан қуанышты үміті пышақ кесті үзіліп кетті. Бала әлгіндегі көкірек тұсында дүбір салған қуаныштың әдейілеп тұрып тасқа соққан шыны ыдыстай күл-күл болып кетерін ойламаған сияқты. Солқылдап қоя берді.

— Қой, тентегім, жігіт адам жылай ма екен. Айдар да өз ағаң. Қайта қуанбаймысың. Тірі болса көкең де бір күнгідей болмай келіп қалар.

Ақкенженің үнінде толқу бар еді. Ол да алқымына лықсып келіп тығылған өксік жасты естілігіне бағып

зорға тиып тұрған. Жаңағы бір сәттегі Тоқанның көкем келеді деген қуанышты хабары Ақкенжеге жайлы тиісін. Жүрегі шапшып алқымына тығылғандай болған. Қатты толқығандағы әдетіне бағып екі алақаны тершіген. Екі беті алаулап қаны басына шапқан. Сарыла күткен сағынышты бейне жарқ етіп алдынан шыға келеді деген көзсіз ынтықтық бойына бұрын-соңды болмаған ерекше бір құштар қуаныш толқынын қотарып кеткен-ді. Бірақ... Тоқанның көкесі емес, Айдар ғой мынау келе жатқан. Ақкенже тарантастағы Жақып емес, Айдар екенін әйелге тән сергек көңілмен жолаушылар төбесі сонадайдан көрінгенде-ақ сезінген. Ол Жақыбының әр қимыл-отырысын, сонадайдан-ақ байқалар пошым-келбетін осы тұрған шөпшілердің қайсысынан болсын жүйрік көңілмен жетік білетін.

Ол қателеспепті. Тарантастан қос балдақты Айдар түсіп жатты.

— Ақсарыбас, ақсарыбас. Құдай бар болсаң жолыңа мен құрмалдық. Қазір алсаң да ризамын. Уа, тәңірім, тілегім оңғарылғаны ма. Әй, қоңыр қозым, әй, боздағым менің...

Далбалақтай жүгірген Смағұл шал балдақты жігіттің құшағына барып құлады.

— Айдар ма, ой айналайын, өл де маған. Мынау тұрған өзіміздің Айдаржан ба, жаным-ау,— деген Бибиш шалмен таласа, сүріне-қабына ілгері ұмтылып, Айдарды бас салып бауырына қысып жатыр.

Дөңес қабақты, дөңгелек жүзді, кара сұр жігіт те жанарына мөлтілдеп келіп қалған жасты жұрттан жасыра алмай босаңсый берген.

Жапыр-жұпыр қаумалаған ауылдастарының құшағынан босаған Айдар:

— Апам аман ба,— деді.

— Е, о бейбақ бұ күнде кімге керек дейсің. Ауылда үй күзетіп қалды. Мына мен құсан мыналарға тамақ пісіріп, тамызық тұтатуға да жарамай қалды ғой сорлы.



Қайта мына жаман экен ерлеп тұр. Ауылда бас көтерер еркек кіндік өзі болған соң кемпір-семпірдің ішінде қаны жерге тимей кетті, өл де маған,— деген Бибіш көз жасын көлегейлеген қалпы жаулығының ұшымен сүртіп жатып.

— Алла, алла осыныңды көпсінбе. Құлдық, құлдық...— деген Смағұл солқ-солқ етіп басылар емес.

— Әй ша, әй ша, шүй, шүй... Айдар ке... хи-хи-хи...

Ләмбек ат үстінен Смағұлдың жауырын тұсынан қамшының сабымен нұқып қалды. Қолын жайып бірдеңе дөметті.

— Ал, бейбак, ал. Сүйіншің дайын. Тілеуің бергір жиған-тергенімнің бәрі сенікі.

— Пішту деген. Әй Ләмбек, шалдың жанын қоймай қазір алып алмасаң ертең Жұмағұл ағасы құсап алдым құдай, алдадым деп тайып тұрады. Жанын қойма. Ойбай-ау, Айдар келгенде шашпаған дүние дүние болмай-ақ кетсін, өл де маған.— деді саңқылдаған Бибіш еліріп тұрған Ләмбектің қолтығына дым бүркіп.

— Ә, кемпір, се не, се не. Ша өз... өз... белед.

— Әдірем қал, өл де маған. Мұның сөзін сөйлесең бетімен лаққаны несі. Шүй, шүй десең мана неге шауып келмедің. Саған сымбылбай да жоқ ендеше. Сүйіншінді берсең ана тұрған Тоқанға бер. Жол соныкі. Ал шын төрелік керек болса. Өл де маған.

Бибіш анадай состып тұрған қара баланы нұсқады. Ақкенжемен сыпайы ғана қол алысудан әріге бармаған Айдар Тоқанға іштей тебіренген сезіммен елжірей қарады.

— Ә, Тоқан да осында ма еді. Кел, кел, бермен кел.

Балдағына артылып сылти қозғалған Айдар өзіне бақшия қарап тұрған баланың бетінен еңкейіп сүйді де, кекілінен сипады.

Жұрттың дүрмегінде ісі жоқ Ләмбек атын омыраулатып келді де:

— Айда, әй, Айда, ша шүй бемейд... Маған оден бе,

ана оденді бе. Жәмә — деген ол Айдардың омырауындағы жарқ-жүрқ еткен наградаларды ұсқап қикылдап күлген болды. Қолын жайып қиыла қалды.

— Ойбай, мынау кеше тағы не қыл деп қалқнып тұр-ей. Талақша жабысып қайтеді өзі, өл де маған. О несі-ей. Тамам пәшесті бір өзі оқсатып келгендей медәл сұрағаны немді алғаны. Кет әрі, жыңыңды шашпай.

Бибіш азбанның шылбырына жармасты.

— Мә, мә қалқам Ләмбек. Қалағаның осы болса ала ғой,— деген Айдар өңірінен бір медальді ағытып алып ат үстінен ыржалақтай еңкейе берген Ләмбектің сауыс-сауыс өңіріне қадады.

— И-и-и, Айдар-ай, көңілшектігің әлі қалмаған-ау. Со бар болғырдың сөзін тындап. Әдірам қал, жетісе қалдың. Әй, әйбәт болды-ау мына неме. Саған орден таққан немді алған. Одан да ана малыңды бақсаншы. Әкең екі көзі төрт болып отырған шығар,— деген Бибіш ат шаужайынан қолын босатып жіберді. Үнінде зіл жоқ, қашан көрсең аузын ашса көмекейі көрінеді дейтіндей, самбырлап жүретін сары кемпірдің мына сөзіне шөпшілер ду күлісіп желпінісіп қалды.

— Мына күні құрғыр айналып жерге түсіп тұр ғой. Шөлдеген шығарсың. Қосқа кіріп таңдай жібіт. Әкең мен шешеннің кебеже түбін кешке қағармыз,— деген Бибіш Айдардың қолтығынан алып сүйей берді.

Өңіріне қадалған медальді аса бір ықыласты ыжда-наттылықпен сипай қарап аз-кем кідірістеген Ләмбек ендігі бір сәтте азбанды борбайлап шөпшілердің тұсынан тасырлатып өте берген. Ұрандатып барады.

— Пух, пух. Өді. Өді неміс, өді... Ме гелой, ме гелой... Пух, пух...

— Көтек, мына ссалаң жұртты баса ма. Керой болмай жерге кір. О несі-ей, еліріп. Әй Айдар-ай, кеше неме-ні осынша еліртермісің. Ана азбанды өлтіреді десейші бүгін. Ақсақ неме мұның астына атты неге берді екен десейші.

Осы сәтте Айдар Ләмбектің қиқылдай булығып шыққан есер де болса есті ұранынан суыртпақтай тартқан бір сырдың жайын ұғынған. Ол ауылдастары арасында кеше, есуас санатындағы Ләмбек екеш Ләмбектің де ата жауға деген өшпенділігі, ақыл-естен сәбиінде қалған жанның ет жүрегі жаншып, көңіл күйін лайлап кеткен соғыс тақсиреті еді.

Ішінен дымқыл лсп ескен жер кепенің төріне барып жайғасқанда ғана барып Айдар есін жигандай болды. Төңірегінс көз тоқтатып байыппен жаңа ғана қараған. Көңілі бір түрлі тұнжырап сала берді. Бес көтерер дегені оң жағында шөкесінен отырған өз әкесі Смағұл Қауқарлысы да сол. Басқалары бұрын-соңды колхоз жұмысының қарасынын көрмеген бала-шаға, қыз-келіншектер. Босағаға тізелей келіп тізіле қалған Тоқан тақилеттес балалар өзі кеткенде шаңға аунап, шапқылап жүрген қара сирақтар еді-ау. Бұларды үлкендер қатарына қосылып бір әжетке жарар деп кім ойлаған. Шіркін, соғыс-ай десейші. Балалық базарын тарқатып үлгермеген осыларға шейін соқаға әкеліп салған соң, саған дауа болмас. Қаталдығында шек жоқ-ау, сенің. Иә, қаталсың, қаралысың, азалысың, сен сұм соғыс.

Айдардың тұнжырай қалған қабағын андап қалған Бибіш:

— Е, шырағым, әйтеуір өздеріңнің орындарыңды жоқтатпайық деп тырбанып жатырмыз да. Әйтпесе қайсымыздың шекеміз шылқыған соң осында жүр дейсін. Маған салсаң көрпені төрт бүктеп қана жататын жай бар. «Көппен көрген ұлы той» деп жүрген жүріс те. Бәрінен де мына боқмұрындарды айтсайшы. Таңнан өгіз басына мініп жатқандарын көріп ет жүрегі түскірі елжіреп аяғымның басына түседі. И-и-и, қарағым-ай, көп бейнеттің бір зейнеті болсын десейші,— деп күрсінді.

— Жүкені түскір қақылдап қоймаған соң шөпшілерге тамақ пісіруге келіп отырмын. Әйтпесе шалымның

қасында отырмас па едім, өл де маған,— деп әзілге шаптырды.

— Мына зобалаң бітті деген күні-ақ осы бейнетін ұмыт болады, Бибіш,— деді босағаға отырып жатқан қайрақшы Қапыш.

— Балам, пәшес иттің беті қайтар түрі бар ма?— деді Смағұл айран қатқан шалап толы аяқты қолына алып жатып. Жұрт самбыры пышақ кесті тыыла қалды.

— Ол иттер қайда барар дейсіз, әке, өлімтігін жинап алуға шамалары келмей қашып жатыр ғой. Енді біздің күш бел ала береді.

— Ә, бәсе солай болса керек еді, Анада Мәскеуге ентелеп келіп қалды дегенде бұл не болды деп қапаланып-ақ қалып едік.

— Ойбай, Сәкесі-ау, тыш жатқан елге тиіскен қай есірік майып болмап еді. О заманда, бұ заман солай болған. Бұлар да әлі, айтпадың демс, тоскен тау асып кетеді. Мойындары астарына түседі,— деп желпіндіріп қойды Қапыш өз сөзіне өзі масаттанған кейіннен.

— Айдаржан, абыр-сабырмен жүріп өзінмен кеткен құлындарымның амандық-саулығын да сурамаппын-ау, өзі. Мына Ахметі түскір ауданға жетісіне бір қатынаудың өзіне қиналып, діңкелетіп жүр. Әттен, аяғы ақсақ, әйтпесе пәшестердің ортасына қоя беретініңің нақ өзі өл де маған. Хат-хабардан зарықтырады да қояды. Бар бітіретіні осы төңіректегі құрдастарының соғыстағы қылығын жіпке тізіп әңгімелейді де отырады. Мына Ақкенженің ағасының күні кеше ғана бір әңгімесін айтып кеп... Ол бозөкпе де Гермәнді қиратып медәл алды дегеннен-ақ пәшестерден береке мықтап кеткен екен деп түйіп едім. Соным рас болды...

— Менің ағайым-ақ осы кісілерге мазақ болып бітті-ау. Қолдарыңыздан сондай ерлік келмеген соң күндейсіздер-ау,— деген Ақкенже зілсіз әзілге зілсіз жауап беріп бір күлдіріп алды.

— Ақкенже, қалқам-ау, бұл апанды білмеуші ме едің.

Осы жалғанда бұл кемпірге тірі пенде жағып көрген жоқ. Ана біздің сорлы шалдың өзі де күнде иманын үйіріп жататын шығар,— деген Ахмет аяқтан шалды.

— Пішту, бетім, әдірем қал. Жалына қоң бітсе мал түгелдердің осылай оқырандайтын әдеті. Жаман шалыңды ел қатарына қосқан мына біз шығармыз. Әйтпесе ол шалдарыңның барар жері белгілі еді ғой, ел де маған. О несі-ай мына неменің... Әне, кеше де белім деп бүк түсіп пештің жанында қалып қойды. Қуарған шалдан қауқар кеткелі қашан.

— Тәйт әрі, мына неме алжиын деген екен. Бала отыр, шаға отыр демей төпеп барасын ғой әрі,— деген Смағұл екі нінінен селкілдей күліп іргеге қарай қисая берген.

— Е қайдам, түгі, мал түгелдер жиылып іреп бара жатырсындар тіпті.

Ұл тап дедің, ұл таптым,  
Қыз тап дедің, қыз таптым.  
Қутындаған қу тапал  
Қай жерімнен мін таптын,—

деп біздің бір апамыз жылап отырушы еді. Сол сорлы айтқандай Бибіштің қай жерінен мін тапқандарың бар, осы. О несі-ей, тіпті. Е дейім-ау, сонша... Енді келіп көң тулақтай қаудырлап, алпыс алты тамыры қырық жыл бұрын кеуіп қалған жаман шалдарын даулап отырғандарын айтам да,— деп барып басылған Бибіш самай терін сүртті.

— Ойбай, қойдык, жеңілдік,— деп сылқ-сылқ күлген Ахмет он жамбасынан қара сөмкені суырып алып ақтара бастады.

— Не бар екен?

— Маған осы жолы бір хат келген-ақ шығар.

— Анықтап қараңызшы.

Почташы қос бума газет-журналды алды да, қапшығының түбін көрсетті. Жаңа ғана ынтық үмітпен

жапырласа қалған көпшілік кейін серпіліп, орындарына жайғасты. Ендігі хабарды орталарына келген жаралы жауынгерден естігілері келгендей Айдар жаққа аңтарыла қарасқан жанарлар жаудыраса қалыпты.

— Бұл бар болғырдың қара қапшығы өстіп көз майымызды тауысады да қояды. Өйі, бар бол, бар болғыр — Бибіш аузын сылп еткізді.

— Ауылдан бірге аттанған азаматтардың көбі басқа бөлімдерге, басқа майдандарға бытырап кетті ғой. Көбінен көз жазып қалдым. Басында хат жазысын тұрайық-ақ деп едік...

— Е, осындай бір зобалаң заманға қалдық қой.

— Мұндағы біздің де хат жазып жарылқап жатқанымыз шамалы.

— Мылтық атылып, бомба түспеді демесең тылың да титықтатып тұр, шырағым.

Ауылдастары осылайша тағы бір дулыға кірген Айдар көкейінде қорғасын болып, еріп шыдатпай бара жатқан бір хабарды қалай жеткізсем деп іштей арпалысқа түсіп, қатты киналыста отырған еді. Токанның кекілін әлсін-әлсін сипап, өзіне ұрлана көз қиығын тастап отырған Ақкенженің мазасыз күйін сезінген сайын Айдарда береке қалмай барады. Не де болса бірақ ақтара салса ма екен. Әлде бір-екі шалды былай алып шығып барып жең ұшынан сөз жалғап жібергені жөн бе. Әлде тура өзі айтса ма екен. Не десе де өзі басы-қасында болды емес пе. Соңғы тұжырымы әділ болар.

Киналып отырып галифесінің қалтасынан газет киындысына оралған бір затты алып шықты да, еппен алдына қойды. Көпке жұмбақ сыр бүккен түйіншекті ашып көрсетуге көңіл түскір дауаламай-ақ отыр. Өзара күңкіл-дескен жұрт сыбыры да сейіліп, назар біткен Айдарға, оның алдында жатқан газет орандысына ауып қалған.

— Жақып екеуміз бірге болдық.

Тоқан елен етті.

— Е, солай де.

— Не дейді-ау. Мынау бір жақсы хабар болды ғой.  
— Ей, жаным-ай, аман болғай да.  
— Ол да біреудің боздағы ғой, шіркін.  
— Жә, сөз тындайық,— деген Қапыш тағы да дуылдай бас көтеріп келе жатқан жамырасқандар үнін басып тастады.

— Содан біздің автоматшылар ротасы Ключевой деревнясын азат етудегі ұрыста негізгі күштен бөлініп, қоршауда қалдық.

— Әттеген-ай, не дейді-ау.

Айдар мүдіріп қалды.

Сәлден соң алдында жатқан қағаз орандысына қолын созды. Ақкенже жауынгер жігіттің саусақтары мазасыз дірілдеп кеткенін байқады. Өне бойы дуылдап, алақаны тершілі. Газет орамы көз алдында еппен жазылып жатыр. Әлден уақытта кара, сары, қызыл, жасыл ленталы қақтаған ақ күміс, сары алтын түсті орден, медальдар сыңғыр етіп шыға келді. Айдар бәрін еппен алып алақанына салды.

Ынтыға, құлшына күткен ақ армандай үмітінің нәзік жібі шорт үзілгендей Ақкенженің жан дүниесі астан-кестен болып жүре берді. Тереннен лықси булығып келіп қалған өксік жастың жанар шарасына мөлдіреп шыға келгенін де сезбеді.

Айдар ақ жібек орамалға түйілген затты үнсіз солқылдап отырған Ақкенженің алдына әкеліп қойды. Токан женгесінің аяқ астынан солқылдап қоя бергеніне түсінбеген кейіпте аз-кем антарылып отырып қалды.

— Мынау Жакыптың топырағы...

Айдар тұншыға өксіп, баллағына асылған күйі басын салбыратып тұрып қалды. Қос балдаққа көкірегімен жаншыла асылған қалпынан жазылмай солқылдады.

— Уа сабазым-ай, арысым-ай,— деген Бибіш жұрттан бұрын дауыс қойып күңірсене жөнелді. Қыз-келіншектер Ақкенже маңына ұйысып, сыңсып жатыр. Смағұл шал да Айдарының құрдасы Жакыптың қазасына кабырғасы

қайысып, отырған орнында бүк түсіп жатып қалыпты. Босағада отырған Қапыш, Ахмет қисайған қалыптары қимылсыз жатыр. Тоқан ақ жібек орамал түйіншегіне тесірейген қалпы әлі отыр. Төңірегінде болып жатқан жылап-сықтауы мол көңілсіз күйден шеттеп қалғандай. Бір кезде ойына тосын бірдеңе түскендей орнынан атып тұрды. Айдардың қасына жетіп барды. Бет-аузы қисаңдап кемсендеп аз-көп тұрды да омырауына жармаса кетті.

— Көкем, көкем, көкешім қайда?— Айдарды жұлқып-жұлқып жіберді де, далаға қарай ұмтылды. Айдардың ұмсына берген қолын қағып жіберді.

— Сорлы бала, жазған неме.

— Есі шығып кетті-ау, бейшараның.

— Жүрегі қозғалды-ау деймін. Шалық боп қалмасын әлі...

Майданға аттанып бара жатқан Жақыпқа көзімдей көргейсің деп жақсы жарға деген қимастық көңілмен берген ақ жібек орамалды, оған оралған қиыр жердің бір уыс топырағын бауырына қысқан Аққенже егіле жылады, ұзақ жылады. Ешкім ұзақ жыладың деген жоқ. Қайта жыла, Жақыптай жары үшін ұзақ жылау, егіле жылау, өксі жылау дұрыс десті. Әбестік емес, қаралы жанның мұң шалған басына лайық жылас. Ерін жоқтар жар осылай жыласа керек десті.

Бақытты қызығы мол болғанымен ғұмыры келте қайырылған Жақыппен бірге өткізген өмір сағаттарының тым құрыса қас қағым сәтінің қайтып келмесін сезген жесір, жан дүниесін меңдеп бара жатқан құлазушылықтың құрсауына мойын ұсынғандай дәрменсіз халде отыр. Қаралы хабардан жан дүниесі шатынай шайқалып, астан-кестені шығып, қарғыс атқан соғыс тақсіретіне ортақтасқан азалы жанның жетімсіреген қам көңілі, жаңағы бір қас қағым сәттегі қуаныш үмітіне талпынысынан тез тиылып, шерменде күйде қалып еді.



У-шу болып жылап-сықтасқан қыз-келіншектердің ортасында отырған Ақкенже ендігі бір сәтте кара жамылған жесірлік табалдырығын аттағанын, одан әрі азапты шақтарының соқтықпасы мол соқпағы ұбақ-шұбақ азалы көштей болып шеру тартып берерін түсінді. Түсінді де, іштей егіліп күрсінді.

Жылап-сықтасып біразға дейін шер тарқаса алмай отырған шөпшілер күн ескейе тысқа шықты. Ауыл жақтан шоқытып салт атты келеді. Ат алдында аяғы жерге тимей зырлаган бала бар. Ат үстіндегі әлсін-әлсін омыраулатып қамшы үйіріп қояды.

— Мынау кім болды екен. Ана бейшараны таптап кете ме, қайтеді өзі.

— Бұл дәу де болса Жүкен болар,— дескен шөпшілер ошарыла берді.

— Қайдам, ауылда жұмысқа жарар бала қалып па еді. Бәрі осында емес пе еді,— деген Смағұл жүзін көлегейлеген қолын қабағына апара берген.

Атын ентелетіп Жүкен де келіп қалды. Алдына салып айдап келгені шегір көз сап-сары біреу, бұл төңіректің баласы емес. Желп-желп еткен сары шашты баланың шегір көздері шақырайып шарасынан шығып кетіпті. Анадай келіп ат тізгінін тежеген Жүкен:

— Пәшестің бөлтірігін әкелдім. Салындар жұмысқа,— деді зіркілдеп. Айдар сылтн басып аттылы адамға қарай жүрді.

— Ойбай-ау, мынау өзіміздің Айдаржан ба. Аман келдің бе?— Аттан секіріп түскен Жүкен жайрандап келіп Айдардың қолын алды.

— Міне, көрдің бе, біз де пәшестермен соғысып жатырмыз. Ағанның да жарғақ құлағы жастыққа тиер емес. Қу тақым болып біттік. Шал бақытың бар екен. Балаң аман келді. Жәрәдің, жәрәдің,— деді қарқылдай күліп қамшысымен етігінің қонышын сарт-сарт сабай береді.

— Е, «Көп қайғының бір жұбанышы бар» деген.

Айдар аман келді деп ес қалмай жатса, Жакып қаза болды деген қаралы хабар естіп, қабырғамыз қайысып тұр,— деді Смағұл жүдей сөйлеп.

— Не дейді, Жакып па, алла ғана мұндарай, опат болды де.— Жүкеннің еріндері жыбырлап кетті.

— Иә, жазмыш солай болды.

— Қнын болды-ау.

— Несін айтасың,— деген Жүкен қамшысымен етік қонышын сарт-сарт осып жіберді.

— Қайным-ау, қамшымен сабалана бермей үйге кір. Сусын іш,— деді Бибіш.

— Жүкен-ау, мына бейбағың кім?

— Ауылға ауданнан немістің жесір қатынын әкелдім. Мынау соның баласы. Айдап отырып осында жеткізіп тұрмын. Желкелеп отырып шөпке салыңдар. Көзіне көк шыбын үймелету керек бұлардың... Өлсе сұрауы жоқ. Тфу, зәузатыңа тартпай кеткір. Менің сөзімді ұқпаса да ұнатпай қарасын көрдің бе. Ытырынып тұр. Қолына мылтық берер ме еді. Осы арада кәлимаға келтірмей қырып салар еді бәрімізді. Бұл ма, бұл сөйтеді...

— Алла, не дейді. Тек, бетін аулақ қылсын. Жап-жас балаға өйдемес болар. Сәби емес пе?

— Бейшара баланың өкпесі күйіп кетті ғой. Алдыңа ала салсаң етті. Бұл да қай бір жетісіп жүр дейсін.

— Әй Сәкесі-ай, жаның ашымайтын жерде өзеурей қалатынын-ай осы. Иттің баласын алдыма мінгізіп сонша не көрініпті. Өзінің жаны берік екен. Көк төбелмен лекітіп отырсам да зырлауынан жазбады.

— Жүке, бұл да адам ғой. Және бізбен соғысып жатқандардың бәрі бірдей жауыз емес қой.— Айдарға ақшыя қалған Жүкен:

— Неміс салған қан қырғынның ортасынан келіп тұрып сенікі не, Айдар. Бұл иттердің қолға түскен күшігіне дейін жерге қазық етіп қағып жіберу керек. Білдің бе?

Жүкен етігін сабалап қалшылдап кетті.

— Жүкен-ай, сол балада не күнә бар дейсін. Қағынса әкесі қағынып жатқан шығар. Заты неміс демесен бұл да ет пен сүйектен жаралған пенде емес пе.

— Бибіш женешем де килікпес жерге килігеді. Саясаттан соқыр сіз сияқтылар мұндайда үндемес болар,— деген бригадир басып тастады.— Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды. Айтқаным келмеді демесдер. Бар пәлені әлі осы сарыдан көресіңдер әлі. Бредитіл болып іштен шалады.

— Көтек, түнде ұйықтап жатқанда бәрімізді қырып кетіп жүрмесін әлі. Заты нәшес неменен ол да шығарды,— деген Бибіш секем алып сары балаға шошына қарады.

Жұрт ду күлді. Анадай состып тұрған неміс баласының қасына барған Шәріп:

— Әй сен немісдің бе?— деді жеңінен тартып. Секпіл бет сары басын изеді.

— Мынауың қазақша біледі ғой, әй.— Тоқан сары балаға алая қарады. Жетіп барып іштен «ыңқ» дегізіп теуіп жіберер ме еді деп кіжінді. Ақкенже иығына қолын салып тежеп тұр. «Бұл да өзің сияқты бала ғой, тентек болма»,— деп сыбыр етті.

— Өзінің сап-сарысын қара.

— Бетін қара, ала айран ғой, жаным-ау.

— Қарғаның ұясын бұзып, жұмыртқасын шағып жеген бұзық болды.

— Затына тартат та... пәтшағардың ежірейуін...

— Көзі тұздай скен. Ілбиіп тұр. Тамақ ішпеген ғой.

Дуылдасқан балалар немістің баласын қаумалай қоршап жеңінен тартып қалып, аш бүйірінен нұқып, тәлкек етіп тұр.

— Әй, жүгірмектер, қойындар былай. Өзінің де сіркесі су көтерер күйде көрінбейді,— деген Смағұл баланың қасына барып басын сипап жылы шырай танытты.

— Ертең шешесін айдап әкелемін. Бибіштің жанында тамақ пісіреді. Кент халқы тамаққа шебер болады.

Қамшысымен етігін сабалаған Жүкен атыша бұрып мінді.

— Тоқан-жан, баланы қасына ал. Бірге сырматартарсындар.

— Кетсін әрі. Маңыма жолатпаймын пәшесті,— деген Тоқан тыжырынып теріс айналды.

— Қой, қалқам, тентек болма.

Ақкенже Тоқанды жұлқынғанына қарамай неміс баласының қасына алып келді. Бетіне күлімсірей қарап:

— Қарның ашты ма,— деді.

— Да,— деген бала басын изеп жұтынып қойды.

Бибіш бір аяқ шалап пен бір үзім нан әкеліп берді.

— Мұның аты кім болды екен. Біреуің сұрасандаршы.

Әй, как збант,— деді Шәріп жеңінен жұлқып қалып.

— Ганс.

— Ганс дейді. Е, Ганспын де.

— О құдірет ондай да ат болады екен.

— Енді Ганс дейтін болдық де. Е, жаратқан, мұндай атты да естірттім десейші.

— Аты ауызға орамды, оңтайлы екен өзінің.

— Әй, бар болсын. Ендігі атамағанымыз осының аты еді. Әй Ахмет қайным-ай, сенің де көзің тұздай. Осылармен жұғыстығың жоқ па, өл де маған, деген Бибіш кебісін сартылдатып баракқа кіре берді.

— Тек, әрі, өзгең өзге, пәшеспен қосақтағаны несі,— деген Ахмет шойнаң етіп ыршып кетті.

— Бұлардың көршісі ертеде бақалшы Гибатолла деген татар болған. Одан басқа шікі сары, көзі көк пендені бүтін Қайрақтыдан таппайсың. Соның шапағаты демесен...— деген Қаныш әзілге шаптырды. Ахмет күйінісіп қалды. Шойнандай басын тарантасына беттей берді.

Айдар ауылдастарының жаңа ғана мұң шалған жүздерінің әп-сәтте жадырап, қуақылық ойнап шыға келгеніне таңданады.

Қайғысы мен қуанышы бірдей бөлісер ел іші, ажал астында жүрсе де әзіл-оспағы ауыздан түспейтін қазекем-ай десейші, шіркін...

## II. Қақтығыс

Бармақтай боп сол кезде  
Жатпаушы едік дем алып,  
Әр маяның түбінде  
Қалды біздің балалық.

*Қадыр Мырзалиев.*

**Т** еріскейі Құсмұрын биігіне иек артып, түстігі Ашылы сайдың татыры мол тақырлы табанына дейін көсіліп жатқан жалпақ өңір Қайрақты артелінің қоныс тепкен мекен жайы. Бұл өңір жалтырап жатқан көлі, сылдырап аққан өзені болмағанымен тұңғық иірімді қара сулы, томары мен сан тарапқа жамыраса жол тартқан бұлақтардан кенде емес. Ойдым-ойдым ойлары мен қадау-қадау қырларында тал-терегі аралас өскен қайыңды шоқтары мұңдалап көзге ұрып тұрады. Жел тұрса құйын болып үйіріле бұрқырап, жанбыр жауса толарсақтан сазға айналар мынау жатқан топырағы борпылдақ жол ирелеңдеген қалпы сонау Құсмұрын биігін өкпе тұстан қаққа бөліп ауданға қарай асады. Жолдың оң қапталымен қатарласа жарысқан жарықшақтарға толы соқыр жыралардың арасымен сылдырай ағып жататын мөлдір бұлақ бастауы бар. Ашылы сай көктем мен күзде батпағы толарсақтан келер өткел бермес өзекке айналады. Ондайда артель адамдары сайдың қырбық қабағын жағалап кететін жалғыз аяқ соқпақты қатынас жолына айналдырып алады. Бұрыс болғанымен дұрысы осы деседі.

Жаз бойы тамшы тамбай тандыры кеуіп қалған жал-

пақ өңір сүмбілеге енгелі өнін жасартып алған. Етек жеңін жия алмай сорғалаған ақ жауын кеше ғана басылып, егіншілер қос басына қараң-құраң қайта жинала бастаған.

Қайыңды қыстаулардың жасыл желегі әлі де желбіреп тұр. Бұл күздің ұзаққа созылар нышаны деседі қариялар жағы.

Жаз бойғы аптаппен алысып малға шөп қырып алсақ деп жарғақ құлағы жастыққа тимей көп шапқынмен жүрген Байқара бірақ түнде мұрттай ұшты. Жасы ұлғайып қалған шағында ел басқару оңай дейсің бе. Оның үстіне арқа сүйер азаматтардан қол үзіп қалғаннан бері зар жақ Жүкенді тірек тұтып жарылқанғаны шамалы. Аңада аудан хатшысы әдейілеп шақыртып алып: «Бәке, қартайғанда кәрі боз жорға шықты деп, өзіңізге председателдікті жүктегелі отырмыз»,— дегенде бұл: «Ойбай, шырағым-ай, жас болса жер ортасына келіп қалды, баяғы жүріспен хош айтысқалы қашан»,— деп ат-тонын ала қашқан. Алайда хатшы елде өзінен басқа бас көтерер, шаруашылық жайын жетік білер адамның қалмағанын алға тартып, ақыры бұл аяғына отырғызар болмағанда, ел басына ауыртпалық күн туғанда белсенділік танытпағаныңыз жөн емес деп келіп, сөз аяғын коммунистсіз дегенге тіреген-ді. Содан атқа мінген Байқара күні бүгінге дейін шаруашылықты басқарып келген-ді.

Байқараның байбаламы көп, жүгенсіз Жүкенмен жағаласудан жалыққан жайым бар. Бас көтерер ер азаматтарынан ада болған ауыл үстіне әңгір-таяқ ойнатып, дәуірлеп барады. Байқараның өңіне де бел берер емес. Жүз шайысып, шақ-шақ өтіп шайқасып қалады. Ісінен сөзі көп Жүкеннің былайғы адамға қиянаты мол екендігін жақсы білетін Байқара оны жұмсаудың орнына көбіне өзі жүретін. Енді міне, сол жүріс өтіп кеткендей, төсек тартып жатып алғаны мынау.

Жақ еттері суалып, әжім бедері терендей түсіпті.

Шарасы үлкен шегір көздері шүңірейіп, тереңнен жылтырайды.

Қызыл шырайлы өңі тез суалып сақарға салған сүйектей сұрланып қуара түскендіктен бе, әйтеуір сұстылық реңі айқындалып, айбатты қалыпқа түскен. Аяқ-қолын байлап-матап тастаған кесірлі кеселмен келіспес кейіппен жүзінен ызбар шашып жатыр.

Мызғып кеткен екен. Үйге күңірене кірген Айкүміс кемпірдің ащы зары науқастың жүрегіне ине сұғып алғандай селк ете түсті. Жакыптың қазасын естігеннен бері шөміп, шөгіп қалыпты бейбақ. «Қу соғыс әлі талайды еңіретерсің»,— деп ойлады Байқара қатулы қабақ астымен өзіне қарай кемседеп келе жатқан кемпірге мүсіркей қадалып.

Айкүміс науқастың аяқ жағын ала отыра берді.

— Мына атың өртеңгір Жүкені түскір діңкілдеп өлтіріп барады.

— Тағы не бүлдіріпті ол неме?

Байқараның үні тарғылданып зілді шықты. Салбыранқы қабағы жиырылып, қатулана қалды.

— Ана қолтоқпақтай Тоқанды ұрыпты. Ара түскен келінге тілі тиіпті. Өксігін баса алмай еңіреп келгенде шыдап отыра алмадым. Жақыбым тірі тұрса бүйтіп басымызға секірет ме еді. Бұ да болса шұнақ құдайдың көрсетейін дегені шығар. Ит жоқта шошқа үрген заманға қалдық қой, түгі.— Айкүміс таусыла сөйледі, егіле сөйледі.

— Сабыр етіңіз, жеңеше. Ол итке жаны жаралы, басы қаралы жандарға өкірендей берме деп сан қақсасам да бір тілімді алдыра алмай-ақ қойдым. Түсінер емес. Әне көрдің бе, менің жатқанымды пайдаланып елді шулатып жүргенін.

Байқара жастықтан басын зорлана көтерді. Орнынан қалтақтай тұрып киіне бастады.

— Шырағым-ай, жатсаң етті. Әлгі Айша қайда кеткен. Е, айтқандайың, жұмыста шығар-ау. Мен сорлы өзіңнен

басқа мұн шағар адам болмаған соң келіп қалып едім. Бекершілік болды-ау, қап, енді қайттім. Әттеген-ай, жата тұрсаң етті. Біз сорлы бірдеңе қылып жүре тұратын едік қой. Ана келін баланың көз жасын көріп тұрып үйге сыймағаным да рас еді...— Айкүмістің бәйск болып қалба-лақтағанына қарамастан Байқара тысқа беттеді.

— Кеңсеге барып келейін. Бір шарасын қарастырма-сақ мына неме елді оңдырмас,— деген Байқара сырт айнала берді.

\* \* \*

Байқараны ой мазалап отыр. Егін соғу басталып кеткені мынау. Өзінің қайтадан атқа мініп, басшылық жасар шамасы жоқ. Жүкеннің істеп жүргені анау. Ырқынан шықпағанды ықтырып, дегеніне көнбегенді желкелеп алудан тайынған емес.

Жаңбыр болса жауып тұр,  
Үйге көңіл ауып тұр.  
Жүкен деген жұт шығып,  
Жайымызды тауып тұр,—

деп әндететін бала-шағаның әнін Байқара сан естіген. Естісе де құрбы-құрдастарының қалжыңға жыққан ермегі болар деп мән бермейтін.

Ортақ өгізден онаша бұзауды артық санар, ішіне қара пышақ бойламас тарын адамның қолына билік тисе тасырандап кететін әдеті емес пе. Басың қаралы, жаның жаралы деп те мүсіркемейді. Бала-шаға деп аяушылыққа да бармайды. Қайта солардың әлсіздігін пайдаланады. Ал алдын орап біреу шықса соққыға жығудан тартынбайды. Жүкен-ау, оның не десең: «еліміз үшін еңбек етуге ерінгендерді осылай жұмсау керек. Көнбегендерінің көзіне көк шыбын үймелетемін. Бұ күнде бредител деген қара пәле қаптап тұрған жоқ па. Көмөнес бола тұрып ондайға жол бермеймін. Өйтіп бредителдер-



мен ауыз жаласпай-ақ қойдым».— деп кеудесін соғып шыға келеді.

Әттен, қолына басқармалық билік тимей тұр. Ал тиді бар ғой, Қайрақтыны шіл қиындай тоздырып жіберер еді. Мансапқорлығына найза бойламайды.

Байқара ой желісін үзген жоқ. Орнынан ауырсына тұрып терезе түбіне келді. Тысқа көз салды. Қәдімгі қоныр күздің сұрықсыз, салпы етек күндерінің бірі. Бос арбаның даңғыр-дұңғыр дыбысы естіледі. «Өй жаман-датқыр, көткеншектеп қайтсіді-сй»,— деп бажылдаған әйелдің ащы даусы қотан жаңғырықтырады. Бұ қайсысы болды екен. Ауданнан қайтқан кірешілердің бірі-ау, сірә. Байқара орнына барып отырды.

— Айпырмай ә, ел басқаратын жібі түзу бір адамның қалмағаны ма. Қайрақты қотанында кара ормандай қаптап жүрген жігіт-желеңнен айналасы екі-үш жылда осылайша ада боламыз деп кім ойлапты. Обадан да жаман болды-ау, мына атың өшкір соғыс деген. Айдар... Айтпақшы Айдар бар екен-ау. Аяқ жарасы қалай болды екен. Сол жігіттің жобасы дұрыс болар. Соғыста болды, қиындықты бастан өткеріп келді дегендей... Біз сияқты ауыл қотанында құтырған бураша зіркілдегенге мәз болатын жігітін ол емес. Соғысқа дейін есепші, бригадир болды емес пе. Оның үстіне Жакыптың жанынан бір елі қалмайтын еді ғой. Адамды жолдасына қарап танитындай шамаға жеттік емес пе? Осы балаң жаман болмас. Мына қысылшаң жағдайда жұртты зекіп, тұншықтыра бермей, қайта қолтығынан демеп желпіндіріп жіберер адамның болғаны жөн. Айдардың өзі де қарсы болмас. Еріккендіктен емес, елге кісі керектіктен, қысылғандықтан өз орнын ұсынып отырғанын айтып жеткізер. Есті жігіт қой, түсінер.

Ол Айдарды шақыртты.

— Айдар шырақ, неге шақырғанымды сезіп отырған шығарсың. «Жыласаң қабақ жаман, ашықсаң тамақ жаман» демекші, егін де керек, егінді шашпай-төкпей

жинап алу үшін елді бытыратпай жұмысқа бастайтын адам да керек.

Айдар үндеген жоқ. Сөзіңіз орынды деген сыңаймен басын ізеді.

— Былайғы жұрт Қайрақтының басы кетіп мойыны қалған екен демесін. Өзің бас болып атқа мін. Жағдайыңның ауыр екенін де сеземін. Әйтсе де ер жігіт елі үшін сткен еңбегін сатпаса керек. Ер басына күн туса етікпенен қан кешер, етегімен су ішер заман туып тұр ғой. Оның ащы дәмін өзің де татып келдің. «Аз күнгі көрген бейнетің — алдыңнан шығар зейнетің» деген бұрынғылар. Өзіңнен басқа таяныш болар азаматты таппағаным да рас, шырағым. Егін болса жиналмай жатыр. Мен болсам атқа міне алар күнмен қош айтысып отырмын. Жанағы Айкүміс бейшара да еңірегенде етегі толып келген соң төсегімде жата алмадым.

Айдар балдағына сүйенген күйі елең етіп, ұмтылыққырап отырды.

— Жүкені түскір әлгі кенжесін жәбірлеген бе неменс. Әй, ит-ай...

Байқара қабақ шытып үнсіз қалды.

— Айтқаныңыз жөн ғой, Бәке. Буынсыз жерге пышақ ұрдыңыз деп тәжікелесетіндей уақыт па бұл. Сіздің қалағаныңыз мен болсам қарсылық жоқ.— Айдар жымыды.

— Бәрекелді, карағым. Елге қызметінді сатпайтыныңды білемін ғой. Аудан рұқсат берсе ертеңнен бастап жұмысыңа кіріс.

Айдар кеңседен шыққанда Байқара қара телефонның құлағына жармасып аудандық партия комитетінің бірінші хатшысын сұрап жатты.

Ертенгісін мұқыл құланы ерттеп мінген Айдар аяғының ауырсынғанына қарамастан Сулытеректегі егіншілер қосына жүріп кетті.

Күзгі таңның салқын ауасы жігіт жүзін шарпыған сайын ширығып сергіте түскендей.

Майданнап келгелі Айдардың ең далаға шыққаны осы еді. Аяғының жарасы қозғалып үйде ұзағырақ жатып қалды. Келген бетте ауыл үйді аралап, тіпті Жамантомардағы нағашысынікіне де барып қайтқан. Сол жүріс батып кеткендей екен. Содан кешегісін Байқара шақырды деген соң ғана кешеге амалсыз келген еді. Енді міне, ат үстінде ауылдастарының еңбек етіп жатқан ортасына — қан базарлы қызыл қырданды бетке алып келеді.

Ол төңірегіне тойымсыз бір іңкәр сезіммен елжірей қарайды. Шіркін, туған жер-ай, десейші. Қадірің артық-ау сенің.

Туған жерге деген ыстық сезім сол бір жылдарда осы өңірде асыр салып жүргенде неге тап бүгінгідей лапылдап тұрмады екен. Әлде әр күннің мазасыз тәтті тірлігі сол бір отты сезімнің парқын білдіре қоймаған болар-ау. Солай да шығар. Кім де болса өз ғұмырының қызығы мол тәтті шақтарында тағдырдың жан жылатар қайғы-зарын ойлаудан бойын аулаққа салады емес пе. Сол бір қызықты күндерде Айдар осынау туған өңірден қол үзіп кетемін, сөйтіп оның сортаңы шыққан жалғыз сүйем пұшпағына шейін үздіге сағынармын деп ойлады деймісін.

Қайрақтыдан ұзап шығып көрмеген Айдардың Тайынша станциясынан бір қиырға алып бара жатқан состав терезесінен телміре қарағандағы көңіл күйі күні бүгінге есінде. Сонда алғаш рет ет жүрегі елжіреп, егілгенді. Ел шетінен ұзап шықпай жатып сағыныш деген бір сиқыр жүрегіне от сезім болып құйылған-ды. Сол сағынышты сезім майдан даласында өткен әр күнде күшейіп, көкжиегін кеңейтпесе, бәсеңсіп суынбаған. Соғыс даласында жүргенде осы Қайрақтының сәби шағынан шиырылып өскен әр сүйем жерін жүрек тереңінен сабақтай суырып отырып есіне алатын. Мына оң жағында қалып бара жатқан Қауданшоқ аталатын тоғайды есіне жиі алатын. Бұл ара Айдар үшін, Айдар ғана емес, тамам

ауыл балалары үшін ерекше бір ыстық өңір ғой. Жидегі мен бүлдіргені қандай. Бала біткен жаз бойы осы ағашты сауырлап, қойын-қонышын тінтіп сүзеді де жүреді. Тап осы қызылдың қойнында жаңбырдан жасырынып талай бүрсеңдеп отырмап па еді. Бірақ бала қорқынышы ұзамайтын, қызылдың бүлдіргенді құшағына қойып кететін. Әрине Айдар туған жердің қилы хикаяға толы тылсым тарихынан сыр тартудан гөрі көз алдында көлбеңдей ұшқан көбелегі мен иісі жұпар шашқан жидек, бүлдіргендерін қатты қызықтайтын. Енді міне, сол қымбат өңір, ыстық мекен көз алдында көлбеп жатыр. Бұл осынау қасиетті мекен құшағына аман-сау оралғанына шүкіршілік етеді.

Төңірегіне сағынышы мол тәтті бір сезім әсерін тарқатпаған қалпы сүйсіне қарап келе жатқан оның есіне майданға аттанған сәті оралды.

Осы Қайрақтының жүруге жарар адамы андыздап Құсмұрынға қарай ағылған. Боздақтарына ақ жол тілесіп айрылыспақ ниетте.

Иә, ол қол алып қоштасуға қиналған, қиналса да қоштаспауға болмайтын ауыр шақ еді. Сонда тарантасқа сүйеніп, үнсіз егіліп тұрған Ақкенжеге, алқалай тұрып күңіреніскен ауыл адамдарына қарап айтқан Жақыптың сөзі, саңқылдай шыққан жігерге толы үні күні бүгін құлақ тұсында шыңылдап тұр. Ол басқарма болатын. Сондықтан да ақтық сөзді ел болып Жақыптан күткен.

— Неге жылайсыңдар, жыламандар. Ел шетіне жау келгенде ер жігітін атқа қондырар, ақ жол тілер өздерің емеспісіңдер. Көз жасыңды көлдетіп жаң жасытар күн емес. Аялдарға уақыт тар. Туған жұртым, аттанып бара жатқан ұлдарыңды жігерін жанып, қайратқа шақырғандарың мақұл. Күңіреніп, егіле бергенше күндей күлімдеп оралыңдар демеймісің. Өзіз ана, ардақты ата, ақ батанды бер ұлдарыңа. Қайрат қосып қайыспас күніңді ойла, Қайрақтым. Бұл соғыс не жанымызды, не сәнімізді алар. Бірақ ата мекен, туған елдің сүйем жерін жауға

бере алмаспыз. Қайрақтының елдігін, қайыспас қайратын көрсетер шақ туды. «Ер туса елден тұмақ елді тіле, елсізден ер тұмақ па, білмейісің» деген қайда. Қалып бара жатқан жұртым, сендер аман болыңдар. Ұлдарың дақ салмас атақ, арына. Біздің серт, біздің сөз осы.

Құсмұрын төбесіне жиналған ауылдастарына айтқан Жақыптың сөзі талайды ширықтырып жібергендей еді. Шіркін, Жақып от едін. Сен де бір жұмыр бас пенденің бодауына кете бардың-ау. Бір жылдың төлі едін, баршаның басы, ауылдың ұйытқы қазығы едін. Жігіттің сойы деген сендей-ақ болар.

Айдар жанарына лықсып келген ащы жасын әлде біреу көріп қалмады ма екен дегендей өз-өзінен қуыстанып, тез құрғатып, тез ширықты.

Қоңыр күздің кер қабақ таңы атып келеді. Тыныштық қаймағы бұзылмаған.

Жаңағы бір үзіліп қалған ой сабағын жалғап жіберуге желі тапты. Ол ендігі бір сәтте Жақыппен бірге өткізген қызықты шақтарының қым-қуыт қойпауына ойша сүнгі берді.

Ақкенже ауылына алғаш барған сәт естен кетер ме.

Қыз ауылы Қайрақтыдан қол созым дейтіндей жерде. Той болады дегенді желеу еткен екеуі атқа қонған. Бұлар келсе шынында да ауыл үсті той дүрмегінде екен. Мәре-сәре жұрт жыртылып айрылады. Ол кезде той десе үйде адам қалмайтын еді ғой. Және ешкім шақырту іздеп, сызылып отырмайды. Аяқ жетер жердегілердің бәрі той төңірегіне тоғысады.

Қымыз ішіп қызынып алған жұрт ауыл қотанына сыймай дөң басына дүркірей шығысып кетіпті. Балуан күресі... Тойшылар алқа-қотан отырысып алып балуандар белдесуін қызықтап ду-ду етеді. Тендік ауылынан келген жыртқық ерін Жұманның Қалқаманы шыдатар емес. Қарсы келгеніне шап қаптырып ордаң-ордаң етеді. Жұрт алдында мерсiі тасып-ақ тұр екен.

— Әй, Айдар, мына неменің осы ауылды сағалап келісінде бір мәп бар ма деймін. Осы неменің Ақкепкеде көңілі бар деп естуші едім. Енді көрдің бе, жұлығына шаң жұқпай желігіп тұрғанын,— деді Жақып қызынып.

— Иә, «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» деген ғой. Осы жолы бір қимыл көрсетпесең Ақкепкең аузыңды айға қаратып кетеді. Белдескен жігіттің бәріне жер қаптырып жатқан Қалқаманның етегін ұстап кетпегенде, ат тасасында бұғынып тұрған сені қайтпек,— деп Айдар да құрдасының намысына тие сөйледі.

Жақып шыдамады:

— Мә, тізгінді ұстай бер,— деп ортаға беттей берді. Сол кездегі Жақыптың тұлғасы сұқсыр ілер қаршығадай онтайлы да, отты еді. Мұның лып етіп ортаға шығуы мұнскен — анау да қалшылдап ұмтыла берген. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарамай тұрған ба. Қалқаман да Жақыптың тойды жағалатып келісінен күдік илегендігі кәдік еді. Тістері сақылдап, бір-бірін түтіп жіберердей болып ұстаса кеткен. Шіркін, жігіттік намысты қойсайшы.

— Уа, Қайрақты, уа, Теңдік,— дескен айғай сүрең дөң басын дөңгелетіп жіберді.

Бір қызығы жұрт дүрліккендей белдесу ұзаққа бармады. Ұмар-жұмар ұстаса кеткен скеуінің жалаң аяқтары астындағы жасыл майса қоғадай жапырылып ойран-асыры шықты. Жақып қан көбелек үйіріп алып қырқа шалғанда Қалқаманның екі аяғы жерден таяныш таппай серең ете қалды. От шашқан өткір көздері қуанышты ұшқын атып, топырақ қауып қалған Қалқаманды қолынан тартып тұрғызып жатқан Жақыптың сол сәттегі тұр-тұлғасы Айдардың күні бүгін көз алдында.

— Қап, мынаның аруағы басып кетті-ау.

— Бәрекелді, тусаң ту. Қалқаманның да жамбасын жер иіскетер бар екен-ау,— дескен гу-гу сөз дүңкілдеп жатты.

Намыстан өртеніп, жүзі түтігіп, топтан жырыла берген Қалқаманның қолын қысқан Жақып атына беттей берген. Осы сәтте оның алдын Ақкенже кес-кестеген.

— «Орамал тоңға жарамаса да жолға жарайды» деген, Жақып. Мынау той иесінің бас балуанға тіккен бәйгесі,— деп қуаныштан жарылардай болып шаттанып тұрған Жақыптың нығына шапанды еппен жапты. Жігіт жүзіне тіктеп қарауға жүзі шыдамаған Ақкенже ұяң қылықпен көз қиығын тастап тұрып зерлі шапанды жөндеп қойған.

Иә, ол да бір дәурен еді-ау.

Айдар да ат басын егіншілер қосына тіреді, жаңағы бір қимас ой желісі де үзілді.

— Еңбек өнімді болсын.

— Е, айналайын, Айдармысың. Жақыптың мұқыл құласына мініп келе жатқан кім болды екен десем... Жөн-жөн... Иә, дүние десейші... Сапарың құтты болсын,— деді Қапыш сақалына қонған бидай қауызын қағып тұрып.

— Бидай жөнелтулеріңізде кідіріс жоқ па, әке,— деді Айдар таразы тасын санап тұрған Смағұлға.

— Е, балам, бұйырғанын жөнелтіп жатырмыз да. Төрт пар өгіз аздық етіп тұр. Мана Жүкен тағы да бірер пар қостырамын деп еді, өзі әлі көрінбейді. Молотилқаңның қимылы қатты. Сондықтан қаңтарылып қалмас үшін көлік күшін көбейткен жөн.

— Оны қазір бригадирмен ақылдасайық. Ә, әне Жүкеннің өзі де кеп қалды ғой, Ассалаумалейкум, ағасы.

— Ә, Айдармысың, әлікәлем. Тұғырға қондың ба? Жөн, жөн. Майданда болдың ғой, енді тылдың да бір әуселесін байқаймын дегенің жөн болыпты,— деген бригадир қамшысымен етік қонышын сипай қамшылап өте берді.

— Мына араға тағы да екі-үш пар көлік керек болып тұр екен. Тазаланған бидайды алақандай қырманға үйе бергеннен гөрі мемлекетке жеделдетіп жөнелту керек. Кім біледі, ертең-ақ ауа райы...

— Қазір бере қоятын көлік жоқ. Қырмандағы бидай смес пе, тәйірі. Қайда қашар дейсің. Осылар-ақ көлік-көлік деп ауыздарын ашады да отырады. Маған жарма ки демесеңдер көлік жоқ.

— Ағасы-ау, жұмыс жағдайын таусылмай-ақ шешуге болмай ма. Жаңа келген соң мән-жайды білмей жатқан болармыз,— деп Айдар қызарақтап қалды.

— Жаңа келгенің көрініп тұр. Сондықтан мәселенің алдын орамай артын бағып сөйлеген дұрыс болады.

Жүкен қия тартып қисық сөйлеп тұр. Смағұл қипақтап қалды. Онысы келмей жатып ашу шақырып орақ ауызды Жүкеннен сөз естіп меселі қайтып қала ма деген қобалжу еді. Бірақ Айдар тіс жарып ештеңе деген жоқ.

Бұларды еркінсіте берсең анау астындағы мұқылды өгізбен парлап жек деуден де қашпайды бұлар,— деген Жүкен қыңыр әңгімені өршітпесе өшірер сыңай аңдатпады.

— Е мұқылдың басы алтын, арты күміс деп пе едің. Қаласақ онымен де астық тасимыз,— деген Қапыш тіксіне қалды.— Ат түгіл арыстай Жақып та...

— Сен шалдың жөн сөйлегеніңді естісем керек болайын. Нағыз бредитілсің-ау, бредитілсің...— Жүкен қонышын осып-осып жіберіп атына мінді.

Айдар молотилкамен бау соғып жатқандарға беттеді.

— О, ағай келді. Жақсы болды ғой,— деген Мәжшат мәз болып қалды.

— Жаңа ғана Жүкені түскірдің қиқуынан құлағымыз тыншып еді. Тырнадан карауыл қойсаң төбеннен қиқу кетпес деп... Жұмыс, жұмыс деп дінкілдеуге келген шығар тағы. Солай ма, қайным,— деп қаркылдай күлді Бибіш.

— Сөйдейміз шешей, сөйдейміз. Бұдан басқа бізде не әңгіме болсын,— деп Айдар да әзілге орай жауап берді.

— Бәсе, бәсе... Оның жөн ғой. Өзіміз де жанды сала қимылдап ана кірешілерді кеңірдектен келтіріп жатыр-



мыз. Анау әкен де біз ұшырған бидайдың есебінен жаңылып есі шығып жатыр.

Қырман ортасында малашылар да бау соғып жатыр.

Сан қырлы мала тасын сүйреткен, қабырғасы арса-арса қара мәстек аяғын зорға алады. Қыр арқасына қон-жиып алған Шәріп те сол сылбырлықтан жаны рақат тапқандай жаны мең-зең қалыпта мүлгіп отыр. Мәстектің аяғына оралған тізгінді де Айдардың даусын естіп барып жиыстырды.

— Шәріп-жан-ау, мынау атың астық соғып біткенше көтерем болмаса неғылсын.

— Не істейін жолдас басқарма, тойст, аға. Ат түгілі өзім де көтеремнің аз-ақ алдындамын. Нанбасаңыз міне, көріңіз,— деген Шәріп көйлегінің етегін басына қарай жиыра көтеріп, ашқұрсақ қарнын алақанымен сипап қойды. Менің де күйім күй емес дегендей қабырғалары ыржың-ыржың етеді.

— Өй зәнтәлак, атыңды бір мезгіл оттатып, тынықтырып ал десе боламысың. Маладан босаса-ақ болды, әкең бас асып күтініп отырғаннан әрі Талапқа салып ұрып жетіп барасың. Көкейіңді қыз тесіп жүр ғой сен мұндардың,— деп анадайдан Қапыш айғай салады.

— Әй, молдексе, жалған сөйлеп күпірлікке барма. Ертен тамұқ отына бір ауыз жалған сөйледім деп текке өртеніп жүре берсең ғой. Одан да тонқаң-тонқаң намаз оқып, жұмысқа бредитілдік жасап жүрегеніңді айтпаймысың,— деген Шәріп шырылдап қоя берді.

— Өй, әкеңе тартпай кеткір қу аяқ. Қап, мына итті-ай, қырды-ау.

— Әкесі құрдастың баласы құрдас деген-ау. Ана неменің шалды шаужайлап жатқанын қарашы.— Смағұл мырс-мырс күліп, басын шайқады.

— Жолдас аға, ол шалдың сөзіне сенбеніз. Мынау түрімізбен қара мәстек екеумізге қыз андыған не теңіміз десейші. Әй, шал-ай, имансызсың-ау... Ат мәселесіне келсек ең бидайдың ішінде жүріп іші шықпайтын бір пәлесі

бар. Мен сияқты жегені жұқ болмайтын ішкүрт-ау деймін. Аанада бидай бердің деп бргәдірден де таяқ жедім. Сонда да жеті қазынаның бірі ғой деп жанағы шал айтқан соң, аузынан ақ бидайды үзбеймін,— деген Шәріп шар-шар етті.

— Жарайды, Шәріп, мәселеге түсіндік. Шалдарды бажылдата бермей дұрыс жүр. Ал мына мәстекті бос сабылтуды бұдан былай доғар. Келін мәселесін мына астықты жнып болған соң жақсылап тұрып сөйлесемін,— деген Айдар атына беттей берді.

— Бәсе, манадан бергі әңгіме түйіні де осылай болуы керек еді ғой,— деген Шәріп шиқылдай күліп мәстегін тебіне түсті.

— Әне, кірешілер де келіп қалды. Бидай ұшыруды тездетіп жіберейік,— деген Камшаттың даусына жалт қараған Айдар қырманның арғы тұмсығына ілінген Ақкенженің арбасын байқап еді. Арбада Ақкенже мен Тоқан қатар отыр да, арттарында Ганстың сары үрпек басы қылтияды.

Арба екпіндей келіп тау бидайға жанасалап тоқтады.

— Сәлемет пе, Ақкенже?

— Ә, Айдармысың. Сәлемет болдың ба. Орның құтты болсын,— деп ұяң жымыды келіншек. Бір-бірін түрткілей ойнасып отырған Ганс пен Тоқан арбадан секіріп-секіріп түсті де қапқа бидай толтыра бастады.

Ақкенженің көзіне сонадай тұрған мұқыл құла жылы ұшырап еді. Келіншек бір түрлі толқып кетті. Жақыптың топ жылқыдан таңдап мінген аты еді. Үстіндегі күміс қасты ер-тұрманы да сонікі. Мұқыл құла мұны танығандай оқыранып қалды. Таныс үн, ет жүрегін шым-шым еткізер сағыныш үні. Көп болды-ау осы бір мақпал оқыранысты естімегеніне. Ақкенже жүгіріп барып мұқыл құланың жалын тарап, қырып алар қызылы жоқ басына маңдайын сүйеп тұрғысы келді. Онаша жолығысып жүргенде сөйтер әдеті еді. «Ақкенже менімен емес, мұқыл құламен қиыспай қоштасады»,— дер еді ондайда

Жақып жымнып. Ат үстіндегі Айдарға аз-кем көз тоқтатып қараған күйі арба бөгеліп қалды. Әттен, ат үстіндегі Жақып емес Айдар, бар айырмасы осы ғана. Жақыбы тірі болса осылай жайрандап келіп тұрмас па еді шіркін, дүние-ау. Мына Бибіш, анау Қәмшаттармен қатты ойнайтын. Жас-кәріге бірдей өтімді еді ғой, асылым. Ол келгенде қырман басы қан базар болып кетуші еді.

Босансып бара жатқан көңіл тізгінін тез жинап, тез ширыққан Ақкенже арба үстінен жеңіл секіріп түсті де, қызыл шыт орамалын жөндеп қайыра байлады. Бір кезде тірсек соғатын қос бұрымын тас төбесіне түйіп тастапты. Жинақы киім, ширақ қимыл жұмысқа онтайланып алған келіншек тұлғасын таразылай түскен.

Ол қолына күрек алып астық тиеуге кірісіп кетті.

Аттан түскен Айдар да тау бидайға шаншып қойған қаңылтақ ағаш күректі алып, ұшырылған таза бидайды бір шеттен тұра қалып қорапты арбаға тиесе бастады. Ақкенже екеуі қатар қимылдап көк арбаны лезде толтырды.

Белін жазып күрекке сүйенген Айдар маңдайынан шып-шып шыққан терін алақанымен сыпырып жатып:

— Қалай, Ақкенже, шаршап жүрген жоқсың ба?— деді жымнып.

— Күнде келіп осылай көмектесіп тұрсаң несіне шаршайын,— деп келіншек жеңіл әзілдеп, күрек тістерін ақсита күлді.— Бізді қойшы. Көндіктік қой. Мына балаларға қиын болып тұр. Тапмен талас тұрарда ептеп тартыншақтайды. Оның үстіне оқудан қалғандары да жанға батып тұр.

— Енді бірер жетіден соң астықты жиыстыру да бітеді. Содан соң мектептеріне барады ғой. Мұғалімдерімен де келіскенбіз. Бірер жетіге шыдап берсе бұл жігіттерге рақмет айтамыз ғой...

Председатель сылти басып атына барып мінді. Ақкенже Айдардын сыртынан қимастық бір сезіммен қиыла қарап, ұзатып салып, ұзақ тұрып қалғандай еді.

— Ганс, өгіз басын бұр,— деп Тоқанның шар еткен даусынан селк етті. Мына қылығымды жымысқы көздер байқап қалмағай деп өз-өзінен қуыстанған Ақкенже сықырлай қозғалған көк арбаның соңынан ілесе берді.



Аудан орталығы Қайрақтыдан мойны алыс болмағанымен ирелеңі мол жол жуыр маңда жеткізбейді. Анау Құсмұрын төбесіне шықсаң ауыл табаныңның астында жатқапдай болады. Осы тұстан қарғып кетсең ауыл төбесіне дік ете қалардайсың. Бірақ Ақбура сайын қуалап кетер жол сорабы алысқа жетелей жөнеледі де, табан астындағы ауыл қашқақтай береді.

Почташы Ахмет болса әлімсақтан бері келе жатқан бұл жол сорабынан шығып кеткелі қашан. Ол төтелеп тартады. Кейін бұл жол Ахмет салған «поштабай жол» атанып кеткен. Тарантас жеккен өгізін бидай тасушыларға бергеннен бері сары бауыр азбанды мінген. Содан бері көзі ашылған. Ауданға күнде болмаса да күн ара қатынастап тұрады.

Былайғы жұрт қашан көрсең тоң-торыс жүретін Ахметті сөзуар демей, аузын баққан сабыр несі санайды. Өз күйбеңін қанағат тұтар, қақ-соқта жұмысы жоқ жан деп біледі. Құрбыларының Ахмет демей, «сары сопақ» деуінде де мән бар. Онысы сопиып томаға тұйық отыра берісін тұспалдап айтқаны ма дейсін. Оның үстіне жігітшілік құрып жүргенде осы күнгі әйелі Айшаға құрбылары желкелеп, жетелеп дегендей алып барысыпты. Киіз үйдегі қызбен табыстырып, ендігісін өзің біл деп тысқа шығып, жапсарға жабысып андысып тұрыпты қулар. Сағатқа жуық отырып қызға бір ауыз айтар сөз таппапты ғой жарықтығың. Сондағы айтқаны сырттан мөңіреген сиырдың даусын естіп «мынау біздің үйдегі сары баспақ құсап мөңірейді екен»,— болыпты. Содан қыз: «Мені мазақ етіп отыр»,— десе керек, далаға атып

шығыпты. Алдын орағытқан Ахметтің жолдастарына жыламсырап тұрып «Мына сарыларын сопиғаннан сопиып дым бітірмеді»,— деп мұңын шағыпты деседі.

Міне, сол Ахметтің хат тасығалы әңгіменің неше атасын балалататынды шығарған. Жұрт мылжың сары деген атақты да жапсырып жіберуді жиілетіп жүр.

Кеше ғана Тендіктегі Нұрымның баласы, бір кезде өзі басын жарған Байдәулетті аудан басынан көрдім, соғыстан келген беті екен деп келді. Өңірінде орденнен сау жер жоқ екен деп соқты. Мынаның бәрін қайда жүріп алдын десе ана қу жақ пәшестердің бір қорасын танаудан тізіп, айдап әкелгенім үшін алдым депті.

«Орман ішіндегі он шақты ғана үйі бар ауыл ортасындағы моншаға кіріп дырдай болып шомылып жатқан пәшестердің үстінен түсіпті. Неміс көрсең «кенде кох» деп жетіп бар деген кәмәндірінің нұсқауын жанталасып жүріп тарс есінен шығарып алған жазған неме, жобаң осы шығар деп «көки көк» деп кіріп барғанда, дырдай болған пәлекеттер екі қолдарын төбеге қойып, қойдай тізіліп шыға беріпті ғой. Содан үстеріне де лыпы ілдірмеген күйі біздің Бәкең сүркілдетіп отырып штабқа айдап келіпті ғой. Ойбай-ау, ондай ерлік көрсеткен-соң кәмәндірлер ордінің неше атасын бермегенде, шойнандап хат тасып жүрген маған бере ме...»

Тағы бірде Аққенженің Айдарлыдағы ауылдас ағасы Айбас келіпті. Оны да аудан басынан көрдім деп, тағы бір тарау кепті шерткен.

Соқырақтаған сорлы шешесі соғыстан келдің ғой деп, баласының алдына кебеже түбінде сақтаған құрт-май, ірімшік, бауырсағын тоспай ма. Ұлының қара шайды сораптай тартып отырғанын көріп: «Балам, ел дәмін сағынған боларсың, мына бауырсақты да аузыңа сала отыр»,— дейтін көрінеді өбектеп. Сонда ана антұрған неме: «апа, што такой бауырсақ»,— деп кергиді дейді.

— Е, қайтсін-ай, соғыс кімнің есін алмай жатыр дейсің. Есеңгіреп қалғаннан не сұрайсың. Сол бейбақтың

шақшадай басында сол кезде бауырсақтың не екені тұрды деймісің. Айтса айтқан-ақ шығар,— деп мүсіркей сөйлеген Бибішке:

— Ту, апа-ай, қойыңызшы тегі. Айбас Ахмет ағамның түйдей құрдасы емес пе. Сосын әзілге бұрып айта береді де. Әйтпесе менің ағама елдің бауырсағын ұмытып не көрініпті,— деп Ақкенже күйіп-пісіп қалған-ды...

Соңғы кезде Ахметтің жүрісі ширап алған. Ешқайда мойын бұрмайды. Әйелінің ауданға барғанда шай-май ала келсеңші деген өтінішіне де мойын бұрмай қойған. Әкелген хат-хабарда көңіл алаңдатар ештеңе болмаса ғана ат басын үйге бұрып, оттан түспейтін қара шайнек түбіне тізе бүгеді. Содан соң рақаттана отырып әңгіме шертеді. Ахмет үйіне ат басын бұрды де, басы бостар осылай қарай шұбайды. Қызықты бір кептің шертілерін біледі.

Бүгін де ауданнан суыт келе жатқан жайы бар. Межелі қылтаға жете бере оңға бұрылды. Арасынан арбалы адам зорға өтетін қос керге тастың қасына жете бере тізгін тежеп, аттан домалаңдай түсіп, қанжығадан қапшықты алды. Азбанды қаңтарып тастап, маңына мойын созып ұрлана қарап қойды. Күдікті ештеңе байқалмаған соң қапшықты қолтықтап тас қуысына шойнаңдай басып кіре берген...

\* \* \*

Бұл кезде қалың қойды Құсмұрын қолтығындағы қара суға тоғытып алған Ләмбек отар басын сортанды тақыршаққа бұрып тастаған-ды.

Самайынан тер саулап болмаған соң бөркін жерге атып ұрды да, сауыс-сауыс шапанын шешіп тастады. Өңіріндегі анадә Айдар таққан «За отвагу» медаліне тесірейіп сәл отырды да, орнынан тұрды. Керіле есінеп, танауы астынан бірдеңе деп күнк етті де, томарға беттеді. Қара суды қос қолдап көсіп алып бетіне шашты.

«Ық-ай»,— деп барқ етті де салқын судап жанына рақат тапқандай қиқылдап ыржақтай күлді. Бетінде майда толқын ойнап дірілдеп жатқан қара суға тесіле қарап ұзақ отырды. Ойына әлдекім түскендей көптек ернін жия алмай сілекейін шұбыртып, бет-аузы жыбырлап тағы да ыржақтай күлді.

— Қә-кәм-ш-ш-шат мекі бо-болады,— деді. Сөйтті де тағы да ұсқынсыз жымнып күлген болды. Бұл сәтте Ләмбек ерекше бір жан рақатына батып, ауылдағы Сейтеннің жұмыр балтырлы, секпіл бет жесірін көз алдына келтіріп, балаша мәз болып, өзімен-өзі болымсыз әлжуаз әрекет үстінде отырған еді. Қәмшатті бұл алса несі бар, алады да қояды. Келіншектің Ләмбекті көрсе қылмындап қалатыны бар. Оң қабақ танытып мүсіркеп жүреді. Оңашада білегінен, қара санынан қан қақсата шымшылап ит әуреге салады. Өткен қыста қой қорада ұйықтап жатқан Ләмбекті ернің көптек деген жоқ, бас салып тұншықтыра сүйген. Бұл тұмысында әйел затының аймалап бауырына басқанын сонда көрген. Аяқ-қолы балғадай кеспелтек келіншек бұны құшырлана қысып, жалынмен өртеп жіберердей болған. Бұл аңырып, есінен танғандай мәңгіріп, шөп үстінде қимылсыз ұзақ отырған. «Се жы-жы-нды-ей, жы...»,— деп ыржақтай берген. Сонда Қәмшат өксіп-өксіп жылаған. Тұншыға өксіп тұрып: «шұнақ құдай, сені де миғұла етіп берді ғой»,— деген. Әрине онысына бұл түсіпбеген. «Сен жындысың»,— деп әуейіне басқан.

Содан бұл әр үйдің түндігі астынан ерлі-зайыпты адамдардың неге бірге шығатынын, олардың содынан қара домалақ, салтақ бет балалардың неге жүгіретінін, үйлі-баранды болу табиғаттың бұлжымас заңы екенін, әр жанды зат еркек-ұрғашы болып бөлінетініне, олардың бір-біріне тірлігі жоқтығын, өзі де Қәмшат сияқты біреумен бірге болу керектігін қоңырқай көңіліне түскен бозамық сәуледей қабылдаған. Сондағы ат айналғысыз Қайрақтыдан ұнатқаны осы Қәмшат болған. Ал, Қәмшат

болса кеше Ләмбектің сәбиліктің босағасын аттап үлгермеген кеміс қылығына қатты күйінулі еді...

Орнынан атып тұрған Ләмбек қос кереге тастың тұсынан түсер биікке тырбаңдай жөнеледі. Төменге қарап еді шылбырын сүйреткен аты томар суып белден кешіп үйездеп тұр екен. Ләмбек бір тастан бір тасқа қарғып жоғары өрлей берді. Басына осынша бейнет сатып, күн шыжыған мына ыстықта тастан-тасқа неге өрлеп бара жатқанын өзі де білмейді. Әйтеуір жоғары өрлеген сайын көніліне желік кіріп, көңілдене түскендей болады.

Биікке шыққан ол Қос кереге тастың тасасында тұрған ерттеулі атты байқап қалды. Сілейіп аз-кем тұрған оның бет-аузы мазасыз жыбырлап құбылып кетті. Сөйтті де, кереге тасқа қарай тасырлатып жүгіре жөнелді. Жолындағы малта тастардың аяқ астынан ыршып өзімен бірге жарыса домалағанына да қарамай ұшып келеді. Екі көзі ұясынан шыға аларып, өңі тобылғы түстеніп күренітіп алған. Екі нiнінен ентiге дем алып, ыр-ырс етеді. Самайдап тер саулап бора-борасы шыққан.

Ләмбек әлдекімнің ерттеулі атқа қарай шойнаңдай басып жүгіріп бара жатқанын көріп келеді. Бішқына шыңғырып жіберді. Анау жалт қарады. Бұған тісін ақситып, айбат шеккендей болып көріпті. Жұдырығын түйіп қиқылдай булығып қалған Ләмбек жерден қолына іліккен кесекті басынан асыра зырқыратты.

Үзетігіе аяқ ілектіріп үлгерген адамның желпілдеген шапан етегіне Ләмбектің жармаса түсуі де көзді ашып-жұмғанша болды.

— Өй әкеннің, сақау неме.

Жан ұшыра ер қасына жармаса берген анау ыр-ырс етіп шапан етегіне келіп жармасқан Ләмбекті көкіректен теуіп жіберді. Ләмбек ың етіп, шалқалақтап барып жалп етті. Қолы желпілдеген етектен шығып кетті.

— Әк... әке-әкен... Аузынан жынып шашып, булыға жығылған Ләмбектің орнынан өкіре атылысы қаншалықты шапшаң болса жалт бермек болған азбанының



құйрығына шап етіп жармаса түсуі де соншалықты қасқағым сәтте болды. Көздері акиып, түтігіп кеткен сақау жігіттің білеуленген саусақтары азбанның қыл құйрығына шеңгелдей жабысып қатып қалғандай айрылар емес. Ат мықшындап бір орнында тапырақтады да қалды. Анау қанша тепкіленсе де ат жұлқынып жігіт уысынан шығып кете алмады. Табанын тасқа тіреп тағандай сіресіп қалған Ләмбектің осы сәттегі келбеті жан шошырлық еді. Салған бетте жұла тартқанымен әлуетті, әулекі күш азбанды көткеншектетіп шөктіріп тастады.

— Түс, түс... Әкен...

— Өй, мынау Ләмбек пе. Өй, ағаңның жүрегін жара жаздадың ғой. О, несі-ей еліріп. Қазір, қалқам, қазір,— деп қалтыраған Ахмет ат басын тежеп жерге сүйретіліп зорға түсті. «Мына кешенің қолына қайдан түстім»,— деген күйініштен іші қыз-қыз қайнап кетті.

— Қо-қо, қайда?

— Қосы несі-ей, мынаның айтып тұрған,— деп алайды Ахмет.

— Мә-ә-ә, қо демін қо...қо қада?

— Ойбай, кеше неме, қойың не айтып тұрған.

— Жү... жү көсет жү... Се ұладың...— Ләмбек булығып зорлана сөйлесі. Ойын зорға жеткізді. Ахмет тағы бірдене деп келе жатыр еді, ананың көзі одан бетер ақиланып кетті. Лып сткізіп жерден малта тасты көтеріп алды да: «Енді тәжікелессең өз обалың өзіңе»,— дегендей салмақтап тұрып танау тұсына төндіріп қойды. Ызғарлана қалған Ләмбектің ұсқынынан ақсақ почташышын шошынайын деді. Алдына түсіп шойнандай жөнелді.

Манағы өзі шыққан тас қуысының алдына келді. Еңкейіп қуысты нұсқады.

— Бар, қара. О несі ей, мына неменін. Мені шынымен қой ұрлады деп тұр ма өзі...

Ләмбек тас қуысына кіріп кетіп, қара қапшықты сүйретіп алып шықты.

— Ше-ше...

— Мә-ә-мә, көр. Ой кеше неме. Ахмет тізерлеп отыра қалып қапшықтың аузын шешті. Анау нығынан ежірейе қарап тұр. Қапшықты сілкіп қалғанда ішінен үш бұрышты, төрт бұрышты хаттар сау ете түсті. Ахмет сақау жігітке алая қарады.

— Қой ма екен. Өй, ит неме.

Ләмбек конверттерді қайтадан қап түбіне апыл-құшыл сала бастады.

— Қо жоқ...

Орнынан тұрған ол жаңа ғана ызадан буынып өлердей болған күйін мүлдем ұмытқандай ыржақтап, Қос кереге тасты айналып жүгіре берді.

— Ту әкеңнің.

Ахмет түкірініп жерде жатқан қапшықты алып қуысқа қарай атып жіберді. Ләмбек болса ыр-ыр етіп биікке өрлеп бара жатты.

\* \* \*

Айдардың қабағы бүгін жадыраққы еді. Таңертеңгі-сін Совет информбюросының хабарын тыңдаған. Онда Совет Армиясының кезекті ірі жеңісі хабарланған-ды. Жауынгер жігіт соғысты таяуда, әрі кеткенде төрт-бес айдың ар жақ, бер жағында бітер деп топшылаған.

Бастырылған астықты алқапты аралай жүріп, Сулы-терекке шоғырланған егіншілердің жұмысын байқамақ болып шыққан беті осы.

Бұдан екі жеті бұрын ғана лебінен шуақ есіп, жаныңа тәтті сағыныш сарынын құярдай мизамы қалқыған күздің қабағы бұл кезде ысқаяқ ызғар танытып қалған. Қайың-терегі жарыса біткен тоғайлар бар жапырағын төгіп сідан тартыпты. Жадау көңілдің жұтаң өңір құшағындағы бар алданышы қаймағы бұзылмаған бейқам тыныштық болғандықтан ба, әйтеуір, Айдар ақтандақ тартқан ажарсыз өңірге өзіндік бір ыстық ықыласпен қарайды.

Түнгі түскен бозқырау онсыз да бозаң тартқан дала берекесін қашырып жіберіпті. Кеше ғана шаңы аспанға көтеріліп жатқан мына жолдың жоны да қатайып, тонға айналып қалыпты. Мұқыл құланың құйма тұяғы барабан қағып келе жатыр ма дерсің, дүңк-дүңк етеді.

Оң қапталдықта бидай сабанының қаздай тізілген шөмелелері мен мұндалайды. Сол қапталда колхоз қойы жатыр. Төң жердің топырағын тырнап, қаудап түбін қырнай қырқып бас алар емес. «Қой отарын ауыл маңына аударту керек. Мына жазықты жаз бойы еміп келеді. Өзінің оты да мүлдем қашыпты-ау. Кеше бір күннің ар жақ, бер жағында жұмыс қалғандай еді. Тегі бар күшті астық тасымалдауға аударған жөн болар. Жүкенге айтып жегін малдың бәрін қосалқы жұмыстан босатып кірешілер қатарына қосу керек. Құз қабағы осы түйілгеннен енді қара жауынға тірелмей жадырамас. Арқа күзі қырық құбылады. Жаңбыр соңы қарға ұрынуы да кәдік. Әйтеуір көрші колхоздардан ширақ қимылдап аңызда тік масақ қалдырғанымыз жоқ. Бүгін ақырғы гектардың астығы қырманға құйылған болар».

Оның ойын текіректтей шоқытқан ат тұяғының дүбірі бөліп жіберді. Айдар жалғыз қайыңнан әріректен бұрылар соқпақпен салып ұрып келе жатқан Жүкенді бірден таныды. Ат алдында зырыл қаққан бір қара оқшау келеді. Бала болды. Ойдым-ойдымда төбесі қылт-қылт етіп бір батып, бір көрініп қалады. Бригадир ат үстінен қамшы үйіріп зекіп қоятындай. Өктем үн еміс-еміс құлаққа шалынады.

Айдар мұқыл құлаға қамшы басты.

Жүкеннің тарғыл өңі от қақтаған қара мыстай ала-бөтен қошқылданып, тырс-тырс етіп, долыра ісініп кетіпті. Ақ шел басқан сол көзі ұясынан шығып, ақнып алыпты. Алдына салып безектетіп келе жатқан Тоқан екен.

— Мына күшіктің істеп жүргенін көрдің бе,— деді Жүкен амандық-саулықтан бұрын.

— Иә, ол не істепті?

— Бидай ұрлапты.

— Ұрлағам жоқ. Сұрап алдым...

— Кар-рап қой кээзәпті. Тағы өзі мойындамайды. Бадырайтып тұрып ұстап алсаң да мойындамайды, ит пеме. Мына қамшымен тағы да бір-екі рет жон терінді сыпырғандай етіп білеп-білеп алса мойындар едің. Тоқан атын омыраулатқан Жүкеннің ызғарлы жүзінен қаймығып бұғына берді.

— Сонда не істемексіз?

— Е, не істеуші еді мұндайда. Әкті жасатып соттатып жіберу керек. Сонда біледі мәмләкәт бидайын ұрлаудың не екенін,— деген Жүкен қанжығасына байлап алған дорба бидайды нұсқап екпіндей түсті. Ширығып алыпты.

— Жә, Жүкен, колхоз бидайын қорғағаныңызды орынды-ақ дейік. Күздің кара суығында баланы жалаң аяқ, жалаң бас дірдектетуге батылыңыз қалай барды.— Айдардың үнінде кейістіктен гөрі ашудың лебі бар еді. Жүкен акшия қалды.

— Сен шырақ, не сөйлеп тұрсың. Мені мәмләкәт мүлкін тонаушыны әшкерелегенім үшін кінәлап тұрғаннан саумысың өзі. Ұрыға председателдің өзі жақ болғанда басқа жұрт қалай жер басып жүрмек. Айдар шырақ, мынауың көріне көзге бредитілдік қой.

— Токтат, аузына келгенді тантымай.— Айдар атын тебініп ентелей берді.

— Жоқ, председәтіл. Мені бұл жолы шошыта алмайсың. Ұрыға жақтастығың үшін жауап бересің әлі. Әр түйір бидай жауға атылған оқ деп жатқанда көрінгенге дорбалатып бидай ұрлата алмаспыз, шырақ. Қоғам мүлкіне жаны ашитындар Қайрақтыда да барлығын ұмытпа. Кәмунис бола тұрып жол бермеспіз.

— Жетеді, Жүкен. Бір уақ каталдықтың да шегі болады. Бір дорба бидай түгілі арыстай ағасы Жақыпты да сен айттып тұрған жау жолына құрбандыққа беріп отыр емес пе. Ұрлығы емес, балалығы болар. Баланы қоя бер.

— Ә, сен ұрыны ашықтан-ашық қорғамақ екенсің ғой. Онына жол бере қоймаспыз, жолдас председәтіл, шырақ. Тірі тұрсам бұл тәлкегіңе көнбеспін,— деп нығарлай сөйлеген Жүкен де атын ойқастатып үзеңгіге шірене түсті.

— Жүкен, жағаласпа. Баланы шырқыратқаннан саған түсер пайда жоқ. Соншалықты зәр шашқандай жұдырықтай балада не алғаның бар.

— Ол тәтемді де... Тәтемді де боқтады...

— Тәйт әкеңнің... Ұры сенсің, сенің көзіңді жоямын,— деген Жүкен атын ыршытып жіберді.

— Не дейді? Жақыптың аруағын қорлап... Мынау кімге ауыз салады...— Айдар атын оқыс тебініп Жүкеннің қасына жетіп барды. Қалшылдап кетті. Қамшысын білеп, қолын көтере берді.

— Әй, әй мына неме шынымен... мені сабамақ па... Қәнтәжін неме... Қап, әкеғанаңның... Аруақ-саруағыңды алдыма тартпай, басыңа жақ... Қап мынаның қорлығың-ай, ә. Білемін сенің де көкейіңді!

— Қап, мына қу ақсақты-ай. Ақкенже ашынаңнан жақсы атақ алғалы жүрсің ғой, зәнтәлақ.

Орнынан тапырақтап ата жөнелген азбанның оқыс қимылымен бірге жарыса шаңқ ете қалған Жүкеннің үні Айдардың шкесінен салып жіберген солақай соққыдай тиді.

Ашудан қалшылдап кеткен Айдар қайта қайрылып бұрылғанша болған жоқ, Жүкен атын борбайлап Қайрақтыға қарай шаба жөнелді.

Айдар күйініп кетті. Ішмерез иттің қапқан жерін қара. Жақыптың жары Ақкенжені бұған таңуға қалай ғана ары барды екен. Осы уақытқа дейін мұндай арамза арамызда қалай ғана жүрген. Әй, ел іші-ай, құшағыңа осындай арамзалар да снып жүре береді-ау. «Бас жарылса бөрік ішінде» деп жүре бергеніміз ғой. Талайды қан қақсатқан қара жүрек неме енді маған қанды ауызын

салмақ. Жок, Айдар тірі тұрса бұл қылығынды кешірместе, ұмытпас.

Жан дүниесінің астан-кестенін шығарып кеткен жаңағы зәрлі сөз жүрек басына қара қан ұйытқандай еді.

— Апырмай, бұл Жақыппен неге жауласқан. Тым құрыса қазақ рәсімін сақтап өлі аруағына соқтықпаса етті. Бірақ... Жаңа аруақ-саруағынды көлденеңдетпе деді-ау. Бұл итке дауа жоқ шығар.

Оның есіне Жақып пен Жүкен арасындағы бір оқиға түсіп еді. Ол кезде Жүкен есепші-тін. Ауданнан келген уәкілге жалған ақпар беріп тұрған жерінде Жақып үстінен шыққан. Содан колхоз жиналысында бұған қатты шүйліккен. Жүкен де шақылдап қарсы шапқан. Тырнақ астынан кір іздеп, бір тойда байшыл ақынның өлеңін айтқансың, бредитілсің деп шаптыққан. Осы елде көмуниске менен бұрын өткендерің жоқ. Мен ғана өкіметтің жан ашырымын деп көкіген.

— «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген. Сен-ақ Қайрақтыны іштен ірітіп болдың. Елден қуу керек,— деген Жақып.

— Мені елден қуатын бредитіл деп отырмысың. Қатын екеш қатынды да ерден кетсе елден кетірген. Менің қатын құрлы құным қалмағаны ма деп,— сөз аяғын ауыл адамдарына сүйей тастап кемсендеген. Сонда ел болып Жақыпқа басу айтқан, ит те болса ағаң ғой, бір білмегендігін кеш дескен.

Бірақ Жүкен бас көтерер ер-азамат майданға кеткеннен бері ерін бауырына алған байлаусыз бәсіредей тағы да тулауды шығарды. Әсіресе Жақыптың семьясына күн көрсетер емес. «Жаман адам кекшіл» деген осы да. Анау сорлы неміс баласын жүнден өлтіретін болды. Кеше Берта келіп өлердегі сөзін айтып ол кетті.

Тоқанды алдына мінгізіп алған председателің егіншілерге көңілсіз күйде келіп еді. Баланы аттап түсіріп жатып:

— Тоқан-жан-ау, мұның жарамады ғой,— деді. Сөйтті

де қанжығасындағы дорбаны шешіп алып үюлі бидайдың үстіне атып жіберді.

Егіншілердің бәрі де қырманда екен. Соғылып біткен соңғы баудың бидайын қаптарға толтырысып жатқандардың қимылы ширақ. Жұмыстың мәреге жеткеніне қуанышты сияқты. Жүкеннің жаңа ғана салып кеткен әлегі бұлардың да жандарына батқандай. Үнсіз қимыл үрдіс іске қуаныш, ажар бермей тұр. Жабырқау жүздер төмен қарап тұқырына береді.

Таразы басында тұрып қапталған бидайды арбаға тиесіп жатқан әкесінің қасына Айдар:

— Бүгін тасып бітіреміз бе, әке?— деді.

Е балам, құдай қуат берсе жұмыстың көбі бітіп, азы қалды ғой. Тік көтеріп әкетуге үш-төрт пар көлік қоссаңдар жөн болар еді.

— Танертеңгісін әлгі бригадирге қосымша күш қос деп едім ғой.

— Ойбай-ау, ол айтқаныңды орындайын деп тұр ма? Осында қырғын қып...

— Жә, жетеді,— деп Айдар Қапыш шалдың сөзін бөліп тастады.

— Қазір барыңыз да төрт пар өгізді арбасымен осында әкеліңіз. Бидайды бүгіннен қалдырмайтын болайық. Жүкен тілді алмаса онымен әңгіме басқаша болады. Мәселесі Жүкенде емес мына сіздерде болып тұр. Ана балаларға бас-көз болсын деп сіздерді шөптен әдейі қырманға алдырттым. Сондағы істеп жүргендерің осы ма?

— Оның орынды ғой, Айдар. Бір дорба бидайдың осынша шу боларын біліңіз бе. Үйдегі тауығы түскірге деп... Әйтпесе...— Ақкенженің үні дірілдеп, әдемі жүзі құбылып кемсендеп кетті.

— Оларыңды Жүкен сияқтылар ұрлық емес деп түсініп тұр ма?

Қатулы қабағы түнерген үстіне түнере Айдар әкесіне жалт бұрылып:

— Осы қырманға сізді бастық етіп қойғанда мынау малтүгелдер әулетінің астығы, дорбалап бидай тарат деп пе едім,— деді. Үні жарықшақтана зілді шықты.

— Қайдам қарағым, ұрлық дегенмен әуестігіміз жоқ ел едік. Біреудің ала жібін аттап қорасына түспек түгілі астындағы атын алты ай іздейтін момын малтүгел ендігі жерде ұры атансақ ол да тәңірімің көрсетер хикіметі шығар,— деп Смағұл кейістік танытты.

— Соны айтам-ау! Малтүгел арғы атамыз тұз салатын, томаға алмай түлкіге құс салатын,— деп әндететін ел емес пе едік...

Айдар Қапыштың мына сөзіне еріксіз езу тартып, басын шайқады.

— Осында зікір салған бақсыдай Жүкені бар болғыр алды-артымызға қаратпай ана Тоқанды алдына салып айдады да кетті емес пе. Тегінді ұрайын, жынданған шығар түгі,— деген Қапыш еркінсі сөйлеп шыртыртып түкірінді.— Апырмай, тентек тегіңе қарамайды екен-ау...

— Ана сорлы немістің баласын да соққыға жығып кетті. Тоқанға ара түсем деді ме, сорлы неме. Өзіміз де аңдамай қалдық. Бақ еткен дауысы бір-ақ шықты. Жүкеннің шаужайына жармасқан өзі де өлермен.

Ертеңіне қырман басы шу ете қалды.

— Ойбай, Тоқан мен Ганс жоқ. Қашып кетіпті.

— Жүкеннің таяғынан жауыр болған соң қашпай қайтеді.

— Жазған немелер жаяулап қайда кетті екен?

— Әне айттым ғой, пәшес неме ана сорлыны бір жерге апарып майып қылмасын де. Айкүмістің соры сонда қайнайды.

— Жоқ ә, екеуі дос емес пе?

— Әй, қайдам. Пәшестігі есіне түссе... Кім білет, «Адам аласы ішінде» деген.

— Өй, қойшы әрі. Шешесі осында емес пе. Қашқанмен қайда барады.



Гу-гу әңгіме енді басыла бергенде ауылдан Кәмшат келді.

— Оларды дәу де болса тентек Шәріп алып кетті. Кеше пзудан келдім деп ауылда жүргенін көргем. Көзіме көк шыбын үймелетемін деп пзуға жіберген Жүкенді іздеп келдім дейді. Өзі мас па қайдам қылжақ-қылжақ етеді. Әй Кәмшат, кетсек қайтеді деп мықынымнан шымшылағаны, қағынды келгірдің. Мына қараш, көгеріп кеткенін,— деп сылқ-сылқ күлген келіншек көйлегінің етегін тізесіне апара беріп:— Көтек, мында шалдар да жүр ме еді,— деп жаба салды.

— Әй, қара басқыр, өл де маған. Мынауың мауыққан мысық құсап не деп пырылдап тұр өзі. Етегін көтере ме, қайтет әрі,— деген Бибіш ернін шылып еткізіп өекіп тастады.— Сен келіншектің көзің қарайған екен. Одан да ана жазғандардың жайын айтсаңшы. Өз мұныңды көдиткенше.

— Ойбай, апасы-ау, айтып тұрмын ғой. Оллахи, сол Шәріп ертіп кетті. Көресің ертең-ақ ауданнан хабар келеді... Ана Шәріп жүгірмекті айтам-ау, осында жүргенде... Өзі зінгіттей әп-әдемі жігіт болып қалыпты. Иттің қолының қарулысын айтам да... Бозбаланың шымшығаны сыйпағаны емес пе, беу шіркін.

— Мынау албастыға бірдененің салқыны тиген шығар. Ақкенже шырағым, оңашалап сұрашы өзінен.

— Осы кемпір-ақ ойынға бұра береді екен. Мен шын айтып...

— Шыным, шылым деп шырылдап түлен түртпесе не қылсын сен албастыны... О несі-ей,— деген Бибіш сырт айналды.

— Үсті-басы мұнтаздай. Өзі сырықтай боп кетіпті. Шіркін, үкіметтің тәрбиесіне не жетсін. Пзу деген пәле деп осында қара қанды жаудырып едіңдер. Шәріптің ештеңесі кеткен жоқ. Қайта...

— Ойбай, шұнақ құдай, Шәрібіңмен бірге өртенгір. Мына сорлыға не көрінген өзі қақылдап. Кетейік деп

тұрғанда етегінен ұстап жөнеп бермедің бе, шұнақ қар  
неме, өл де маған,— деген Бибіш байбалам салып тұр-  
ғанда Жүкен келді.

— Ата ғанаңның... Өңкей бредитілдер. Бар баққаны  
өск. Жұмысқа адам жетпей жатқанда пәшеске лесіп  
ана бокмұрынның қашып кеткені анау, тұра тұрсын. Ау-  
данды аяғынан тұрғыздым, звондадым. Ертең тап осы  
араға айдап әкелмесем Қайрақтының қотанында жүр-  
мей кетейін.

— Әй, Жүкен, оттама, әрі. Өл де маған. Тамам қа-  
панның ортасына келіп жынданған бураша жыныңды  
шашып не қыл деп тұрсын. Бар, қыратын болсаң анау  
тұрған председателге бар. О несі ей, сөйлесетін адам  
қалмағандай бізге келіп әкірендегені.

Қырманның арғы басында тұрған Айдарды енді ғана  
байқаған Жүкен атының басын шұғыл бұрып, тайқып  
шыға берді.

— Әй, апашым-ай, манадан бері сөйдемейсің бе. Бә-  
лем, Айдар ағайымды көріп табанын жалтыратты ғой,—  
деп Кәмшат сылқ-сылқ күліп келіп тау бидайдың етегі-  
не отыра кетті.

### III. Ақ түтек астында

Рақымды жүздерде,  
Жылылық бар.  
Адам көңілін жарқыратар.  
Жауыз көздерде,  
Зұлымдық бар  
Жан дүшпені қалтыратар.

*Сырбай Мәуленов.*

**А**уданға суыт жеткен Айдар ешқайда бұрылмастан  
бірінші хатшының өзіне кірді. Ат шаптырым каби-  
неттің төрінде отырған бурыл шашты, дембелше келген,  
мандайында қорасан дағы бар қара торы жігіт Қайрақ-

тының председателін жылы шырай беріп қарсы алды.

— Ә, Айдар Смағұлович, білем, білем. Төрлетіңіз, төрлетіңіз,— деп орнынан тұрып бұған қарсы жүрді,— фронтовиксіз ғой...

— Тап солай, Ақан Бекболович. Аздап дәрі нискеп қайтқан жайымыз бар,— деді Айдар өзіне ілтипатпен ұсынған хатшының қолын алып тұрып.

— Байқара ақсақалдың сіз жайлы лебізін естіп едім. Ал қарт коммунистің өз қадірін бізден де гөрі жақсы білетінін іс жүзінде дәлелдеп шықты. Ауданда бірінші болып мемлекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындап шыққан Қайрақты артелі. Бұл қуанарлық жай. Қайрақтылықтардың қажырлы ісі үшін алғыс айтуға әбден болады. Жарыс жеңімпазына тағайындалған ауыспалы туымыздың да ендігі несі өздеріңіз болғалы отырсыздар... Иә, тек мына бір...— Хатшы аз мүдірді. Жаңағы жайсаң қабағын болмашы кірбендік шалып өткендей болды. Айдар да әлденеден секем алғандай алаңдай қалды.

Бірақ хатшының қара сұр жүзі тез жұмсарып, жылылық ұшқыны белгі берді.

— Бәкеннің денсаулығы қалай, төсек тартып қалды деп естіп едім. Ақсақалдың халін біліп қайтуға да мүмкіндік болмай жатыр. Да, солай,— деген ол іле:— Майданның бет алысы түзелді емес пе? Таяуда жеңісті де тойлайтын болармыз,— деп қарсысындағы отырған жігітке жымия қарады.

— Әлбетте, Ақан Бекболович. Сол үшін де күресіп жатырмыз емес пе? Әлбетте тойлаймыз.

— Шылым шегіңіз,— деген хатшы Айдардың алдына попирос қорабын сырып қойды.

— Рақмет Ақа, шылыммен әуестігім жоқ еді.

Ақан Байболов шылым тұқылын күлсалғыш түбіне нығарлай жаныштап, быртық балуан саусақтарын қалтасынан алған орамалмен бипаздап сүртті де шалқайыңқырап отырды. Айдар негізгі әңгіменің енді басталарын

сезінгендей салмақты, сабырлы қалыңқа көшіп, оңтайланып отырған болды.

— Менің сізді не үшін шақырғанымды сезіп отырған боларсыз.— Хатшының жаңағы жадыранқы кескіні тез суынып, ресмилік кейіпке көшкен. Сіз деп сызылтып отыр. Айдар да бойын тез жиып, хатшының жүзіне түсінбедім дегендей тандана қарады.

— Онда мыналармен танысыңыз.

Хатшы стол суырмасынан қағаздар тізілген папканы алып Айдардың алдына жылжытты.

Папканы дегбірсіздене ашқан Айдар әріптері ордандаған, қиқы-шойқы жазуларды қай жерде ұшыратып едім деп сәл мүдірді. Тап басып танымағанымен бір жерде көргені бар. Бірақ қай жерде көріп еді. Оны ой елегінде екшеп, ежіктеп отыруға уақыт тар. Ол көз жүгірте жылдамдатып оқып шықты. Өз үстінен жазылған кәдімгі домалақ арыздардың жиынтығы болып шықты. Қолхоз председателінің өне бойы дуылдап, шекесінен шып-шып тер шықты. Өз көзіне өзі сенбегендей Айдар шағымдарда тағы да шұқшия оқи бастап еді хатшы:

— Қайта-қайта оқығанымен майы шықпайды, председатель,— деп зілдене қалды. Айдар папкадан басып көтерді. Екі беті дуылдап, қатты қысылғанда сыр беріп қоятын құлақтары қызарып шыға келді. Сөзді неден бастарын білмей күйзеліп отыр.

— Ал, Айдар Смагулович, бұған не дейсіз?— деген хатшы тұйыққа тірелген жігітті жетекке алып әңгімеге шақырды.

— Меніңше мұндай жалақорлыққа бару тек арсыз адамның ғана қолынан келеді, Ақан Байболович.

Айдардың үні қысылып, қарлығыңқы шықты.

— Дәлелдеңіз, дәлеліңіз қандай?

— Бұл арада не деп дәлелдей алмақпын. Бар айтарым амандық, азаматтық арыма сенсеңіз екен деймін. Басқа...

— Коммунистік арым деңіз. Азаматпын деп кеуде

қағуға бәріміздің де қолымыздан келеді. Мәселе онда емес, мәселе басқада.

— Адамдық, азаматтық ары таза болмағандар менінше коммунист те бола алмайды. Мен солай түсінемін. Ал мына арыз артындағы адам...

— Иә, иә, ол да коммунистпін, сөзімнің жалғандығы жоқ деп жазып отыр ғой. Бізде коммунистен коммунистің артықшылығы жоқ. Партия басшы бол, қосшы бол бәрі бірдей деп үйретеді. Біз сол принципті ұстаймыз.

— Ол дұрыс қой. Әйтсе де... Айдар тосылып қалды.

— Жарайды сіздің де сөзіңізге сенейік. Арыздың бидай ұрлағандарға көмектесті деген тұсы бар. Соның басын ашып айтыңызшы.

— Бидай ұрлау деген болған емес. Тек бір болмашы жағдай...

— Менің де білгім келіп отырғаны сол болмашы жағдай ғой. Сөз сыңайыңызға қарасам ұрлықты болмашы жай деп сырғыта салар түріңіз бар ғой деймін.— Хатшы қатулы қабақпен қарады.

— Ол бір жас баланың ісі еді. Ағасы Жақып Төлемісов өз көз алдымда опат болды. Бір ротада болған едік. Елде де жұбымыз жазылмаған жолдас едік. Соның туған інісі болған соң несін жасырайын, ептеп аяушылық жасағаным рас...

— Қай Жақыпты айтып отырсыз? Қайрақтының бұрынғы председателі емес пе?— деген хатшы орнынан атып тұрып ширақ басып терезе түбіне барып тұрды.

— Иә, сол Жақып. Бір дорба бидай үшін баланы шырылдатпайын, төрінен көрі жуық сорлы анасының жүрегін жараламайын деген аяушылық көңілдің болғаны шындық, Ақан Байболович.

— Иә, ол бір аяулы жігіт еді. Амал бар ма.

Хатшының қатулы жүзі жүдеп шыға келді. Үніндегі зілді леп те сабасына түскендей.

— Ойыңызды мен де ұғынып отырмын. Бәріміз де ет жүректі адамбыз ғой. Бірақ жау жағадан алып жатқан

қысылшаң шақта орынсыз жомарттыққа орын жоқ...  
Иә, ол бір сырттан жігіт еді. Қайрақтыны қатарға қосып  
кеткен де сол Жақып еді.

Ақан Байболов бөлме ішін тынымсыз кезіп жүр. Ойы-  
на әлдебір жайлар түсіп кетіп әңгіме тізгінінен айы-  
рылып қалғандай. Айдар жан жолдасы Жақыптың мез-  
гілсіз қазасы аудан басшысын да тебіренгіп кеткенін  
сезіп отыр. «Қайран Жақып-ай, сенің рухың, өлі де бол-  
саң естен кетпес жақсылығың қысылшаң сәтте шапағат-  
шымдай алдымнан шықты-ау»...

— Дегенмен абай бол. Қырағылықты он есе, жүз есе  
күшейтуді талап етеміз. Ел басқарудағы қабілетінді  
таныттың. Бірақ ағайыншылықтан аулақ бол. Міне, жөр-  
меймісің, ағайыншылықтың бітіспестей дауға ұрынды-  
рып отырғандығын. Сенің кісілігің бәз біреулерге қыл-  
мыс болып көрінеді. Әңгіменің әділіне көшсек Айдардың  
істегені жақсылық еді, сіздікі бос байбалам деп араша  
тұру ымырашылдық, либерализм болып шығар еді. Де-  
генмен арызды елпідетіп, бюроға алып бармай өзінмен  
жеке сөйлесуді жөн көрдім. Майданда болғаныңыз,  
Байқара ақсақалдың сіз жайлы пікірлері, қысылшаң  
кезде колхоз жұмысын жолға қойып жібергендігіңіз  
осындай шешімге келуге жетелегендігі шындық еді. Оның  
үстіне Жақып деген азаматтың семьясына деген  
ықыласыңыз маған басқаша ой салып кетті. Әзірше өзі-  
нізге жүктелген қызметті алаңсыз атқара беріңіз, бұл  
орында қалу-қалмауыңызды колхоз правленнесінде  
арнайы қарайтын боламыз. Қайрақтыға барып кеңінен  
әңгімелесуге тура келер.

Хатшы Айдардың алдында жатқан папканы алды да  
сейфке салды. Сөйтті де бойын түзен стол қасына келді.

— Ал Айдар шырақ. «әңгіменің басы қатты болса  
аяғы тәтті болады» деген. Басында кімді болса да қысып-  
қысып алатын осындай әдетім бар,— деп қарқылдай  
күліп қолын ұсынды.— Қош бол, таяуда барып қалар-  
мын.

Қайрақтының председателі хатшының кабинетінен түнеріп шықты.

Аяқтан шалып, тырнақ астынан кір іздеймін дегендерде ар деген болмайды екен ғой өзі. Жапқан жаласының түрін көрдің бе. Жұдырықтай Токанның бір дорба бидайы үшін бүтін Қайрақтының күз бойғы жарғақ құлағы жастық көрмей атқарған еңбегін жоққа шығара жаздады. Бүтін елді ұры атандырып, ауданды шулатқанда не абырой таппақ. Жок, бұл арыздың тамырында сүйекке сіңіп қалған қаскөйлік, арамзалық бар...

Онда бұл бала-тын. Ауданнан суыт келген әскери киімді үш адам Жақыптың әкесі Төлеміс пен әнші Есімді алып кеткен. Сонда елдегілер бұл Жүкеннің ісі деп шу ете қалған. Артель құруға қатысқан нақ белсенділерге көрсеткені осы болса біздің жер басып жүргеніміз бекершілік екен дескен, көпшілік. Содан кейін-ақ Жүкен келе жатыр десе сырғақтай жылыстап, ол отырған жерде сөзден тыйылып, өздерінше секем алып, шошынып жүретін болған. Сол кезден дәуірлеп алған бұл әлі де жағаласып, өзінің өкшесін баса шыққан Жақыптармен алысты. Реті келсе аяқтан шалып, жабарға жала, жағарға күйе таба алмай құтырынды. Мұның ендігі алысары біз болған екенбіз. Жо-жок, Жүкен, жер бетінде әділдік деген бар болса саған да бір зауал. Үйіне ел кезген молданы қондырды деп айдалып кеткен Төлеміс, ескіліктің әнін айтты деп жазықсыз жапа шеккен Есімге істеген жауыздығың бізге жүре қояр ма екен.

Аяқ астынан күйзеліске түскен Айдар жанын жегідей жеген жайсыз ойдан табан аузында ортайып қалғандай еді.

Арыздың ақ-қарасын анықтап алу үшін хатшының өзін әдейілеп шақыртқанын әділдікке баласа да арызқойдың жаласы жанын жаралап кетті. Хатшы жаңағы арыздардың Қайрақтының қай босағасынан шыққанын білмейтін де шығар-ау. Жаңағы жерде неге ашып айтпады екен. Жок, айтпағаны да жөн болған. Ертең елге

келсе ауыл адамдарының өздері-ақ арыз айдап шулыған жасап жүргендігін аққа таңба басқандай етіп айғақтап берер. Тексерер, анықталар. Хатшы алдында арызды сол жазған деп емексіткеннен гөрі тамам жұртың алдында әшкерелегені жөн.

Әлде арыз несін хатшы біле ме скен. Айдардың пікірін жоққа шығарып, қиғылық салса еркінде емес пе.

Хатшының сенім артқан соңғы сөзін көңілге медеу тұтып тұрса да жап дүниесінің астан-кестеңін шығарыл кеткен осынау сапарына риза емес-ті.

Ол сылти басып сыртқа беттеді.

Аспан асты алабұртып, күн реңі бұзыла бастаған скен. Терістіктен ысқаяқ жел бас көтеріпті. Таңертенгі бұлтсыз аспан жайдары қалпынан жаңылғандай ызғар шашып, сұстылық таңытады.

Айдардың бойы тоңазып кетті. Астықты жиып алғанымыз қандай абырой болған. Бұған да шүкіршілік. Түнеруі жаман екен, қарға апарып соғар. Мана қойды ашық аулада ұстай тұрындар дегенім ақыл болыпты. Үй арасының апшысын қуырып тұрған мына ызғырық далаңқы жерде тіпті желігіп алған шығар.

Айдар мұқыл құлаға асығыс мінді.

Бішқына соққан өкпек жел өрекип түскен. Тобылғы басын шалып, шу-шу етеді. Ашу буып бұрк-бұрк еткен дүлей күш бас көтеріп келеді. Жәңіл киінген Айдар тоназып деді. Сауырына дыз еткен ащы соққыдан ышқына ыршып кеткен мұқыл құла көсіле шапты.

Манағы жанын жаралап, азаматтық арын аяқ асты еткен арыздағы кикқы-шойқы, әлем-тапырық әріптер тізбегі көз алдына келген сайын өңе бойын билей алмай қалтырайды. Жазықсыз жаладан күйінгендіктен бе, ызғырық бойын жайлап алғандықтан ба, әйтеуір ер үстінде әдеттегідей нық орныға алмай қыл тізгінінен әлсін-әлсін айрылып қалып келеді. Бар ойы ауылға тез жету болған ол мұқыл құланы тақта жолдан бұрып «поштабай жолға» түзеді. Қос кереге тас түбінен тіктеп түссе ауыл де-



генін аяқ астында емес пе. Тек мына ызғырыққа ырық бермей, ширақ жүрген жөн. Ол атқа тағы қамшы басты. Иесінің мазасызданғанын сезген есті жануар бауырын қайыстай созып көсіліп-ақ келеді.

«Ауыл үйдің қыз-келіншектеріне қырғидай тиеді... Шаруашылық жұмысын ақсатып болды... Астық ұрлаушыларға жак... Пәшестің семьясына колхоздан бір сиыр алып берді... Правление мүшелерін тындамайды... Кәму-нестерді ойыншық құрлы көрмейді...»

Мұқыл құла ауыздығын сүзе жұлқып, еті қызған сайын аруағы артып, қолтығы сөгіліп аңқылдап барады. Қарсыдан екілене ескен желге омырауын төсеп көсіле түседі жануар.

Қарашаның қары аралас қара суығына ауысып алған ысқаяқ ызғырық бет қаратпай қарып-ақ келеді. Жан дүниесі алай-дүлей жігіттің құлақтары шыңылдап, көз алды шыр айналып мынау жалпақ әлем төңкеріліп бара жатқандай. Қыл тізгінді тарта-тарта қары талған Айдар мұқылды езулей беруді қойып еркіне жіберген. Аттың құйрық-жалы суырыла соққан долы желмен желп-желп етеді. Төңірек ысқырынып іш тарта ұлыған құбыжық үндерге толып барады. Қос өкпеге тепкі салған сайын қарыштай түскен мұқыл құланың екіленген екпініне елігіп ентелсей түседі.

Ышқына соққан түтекпен жарысып Қайрақтыға қарай ағындай шауып, ілгері озып бара жатқан-ол Құс-мұрын биігінен бері ақтарыла төгіліп келіп қалған ақ түтекке араласып бара жатқанын сезбеп еді.

Астындағы мұқыл ышқына кісінеп жібергенде барып есін жиғандай болды. Жүзін мазасыз сабалаған ат жалынан бетін бұрып тұқырына түскен ол басын тез көтерді. Енді андады, төңіректі ақ киіздей тұтастыра қымтап алған ақ түтекке кіріп барады екен.

Ат тұяғының тысыры еміс-еміс естіліп барып-барып ысқырынған үнмен тұншыға жұтылып білінбей кетті. Мұқыл тұяғы жер баспай ауада жеңіл қалқып келе

жатқандай. Аранын ашқан ақ түтек ортасы астан-кестені шыққан жын ойнақ, құтырылған отты иірім дерсін.

Айдар ат басын тежегенімен бағдарлы белгіден көз жазып қалғандығын кеш аңдады. Ендігі әрекеттің бос далбаса екендігін, өзінің түтек ішіндегі дәрменсіздігін ұғынған ол ат басын бос тастап өз еркіне жіберуді жөн көрді. Осы төңіректі мол шиырлаған мұқыл аттың тұяғы қате баспай ауыл қотанына жеткізер деп топшылады.

Жапалақтай жауған жылбысқы қар ызғырық қара суықтан канатын қатайтып, лезде шиыршық атып, ерсілі-қарсылы ескен сайын бас-көзге ұрғылап, жалғыз атты жолаушыны қусырып барады. Малмандай болған кнімі ақ кіреукеленіп қабыршықтана бастаған. Құйрық-жалыны оралып, кеудеден итерген мұқыл құланың да қайратын мұқалтып тастағандай. Манағы қарқын жоқ, ашулы ақ түтек ат омырауынан ұрғылап ілгері басқан аяғын кейін серпеді.

Ер үстінде ұзақ отыра алмасын сезген Айдар жерге түсті. Көк тайғақ. Былғары етік сіресіп қатып қалыпты. Қадам басқан сайын бәшәйлары ашып, дуылдатып барады. Көк сауыс болып сіресіп қалған денесін дамылсыз қозғап суық дарытпаудың амалын істеген болады. Тізгін ұстаған жаланаş қолдары ісініп, көгеріп кетіпті. Қарысып қалған саусақ бастары қимылдатқан сайын удай ашиды. Ызғар бойын меңдеген сайын сол аяғының жарасы сырқырап сыр білдіре бастады.

Оның ойына таңертеңгілік Сәлім шалға қойды ауылдан шығармандар, қарашаның қабағына сенім жоқ деп шегелей тапсырғаны оралды. Әлгі Ләмбегі бар болғыр далаға алып кетіп мына пәлеге ұрыпбаса жарар еді деген де күдік көкейінде тұр. Мына түтекте ыққан малды жалғыз адам түгілі бүтін Қайрақты жабылып қайырып ала алмас... Бел астында бұғынып жатқан қорқаудай тосыннан тап берген жоқ па. Мұндайын білгенде ауданда қоналқалай да салатын еді. Жолға шығып қалған соң амал бар ма? Мұқылдың қолқасы аман болса жеткізер...

Тізгінді шыжымдай ұстаған Айдар маңдайдан қарсы ұрылған ызғырықтан бетін бұрып алып, сылти басып келеді.

Бұл маңда соқыр жыралар көп. Әр тұстан жамыраса ағатын бұлақтар көктемде осы арада тоғыса келіп адуынды арна құрайды. Сөйтіп жаз ортасына дейін өзек-өзекті қуалап кететін әлім-берім арнасы бар өзенге айналады. Ағынды су әлі келсе жана арналар жасап, ащылы алқапты тілімдеп жатады. Тамызға іліккен соң-ақ тандыры кеуіп тез тартылатын. Сырттан қарағанда жаздың таңдай қақтар талмау тұсында бұл өңірдің ажары арса-арсасы шыққан тулақ малдың тақырда қалған қаңқасын еске түсірер еді.

Ертеректе Тәшім байдың Ақтоты деген тоқалының жасауымен бірге келген ақ бура сортаңға шығамын деп жүріп соқыр жыралардың біріне құлап мертігіп өлген деседі. Мал десе ішкен асын жерге қоятын сараң мұндар Смағұлдың ағасы түйеші Тайлақты соққыға жық-қызыпты. Ақыры сол соққыдан өліпті ғой бейбақ. Кейін түйе мертігіп өлген жыра Ақбура сайы атанып кеткен. Айдар осынау кепті әкесі Смағұлдан сан естіген.

Ақтүтек жолында қалған Айдар тап сол Ақбура сайының тұсына төніп келіп қалған еді.

Оңды-солды сабалай соққан қиыршық қарды тынымсыз күреген соқыр боран көз аштырып, ес жигызар емес. Кәдімгі Арқаның ақ түтегі ақыртып тұр. Үстем-лей үсті-үстіне үдей соғып тұншықтырып барады.

Айдар долы боранның іш тартар қас-қағым бәсең сәтінде соқыр жыралардың үңірейе қалған апанды аузын аңдап қалды. Енді болмаса қанды қақпан үстінен басқалы қалған екен.

«Поштабай жолынан» қиыс кеткенін кеш аңдаса да соқыр жыралар құшағынан құтылып кетер мүмкіндік іздегендей шұғыл жалт бұрылды.

Ендігі бір қас қағым сәтте ту сырттан тиген ауыр соққы Айдарды орнынан жұлып әкетті. Оның құлағына ыш-

дына кісінеген жылқының төбе күйканды шымырлатар  
анды үні естілді. Табан астындағы жер тайып, түпсіз  
шыңырауға омаката құлап бара жатты...

\* \* \*

Жүзінде жалғыз түйір кіршігі жоқ белуардан келген  
омбы қарды қымтанған Құсмұрын биігі кешегі ақ түтек-  
тен бейхабар кейіпте сұлық жатыр. Төбе төсін қаққа  
бөліп өтетін қара жол иірімі де көзге көрінбейді. Ол да  
жымысыз ізін жасырып, қар астына сүңгіп кетінгі. Қай-  
рақтыдан шыққан жол сарабы суыртпақталып барып  
бағытынан адасқан. Кешегі түстен бастап қарашаның  
ұзақ түні бойы тынымсыз соққан ақ түтек тек таң ата  
сабасына түскендей бәсеңсі келіп, күн тұсау бойы кө-  
терілгенде барып басылған беті осы. Тырбық тобыл-  
ғының бастары әр тұстан қылтып қана көрінеді. Тал-  
терегі араласа өскен ойдым-ойдым шоқтар жапан далада  
адасып қалған үйірлі малдай сонадайдан қарауытады.  
Қайынды тоғайлар шоғыры омбы қарды белуардан ке-  
шіп келіп бір сәтке ғана аялдап, күш жнып, тыныстап  
тұрған беймезгіл жолаушылардай. Аппақ әлемде одан  
бөтен көз тоқтатар оқшау қара жоқ. Ту биіктен сорғалай  
келіп құйылған күн нұры ақша қарлы алқапқа сан мың  
жаһұтты тозаң басып шошынып кеткен бе дерсің — жа-  
нар қарықтырар ерекше құбылыс бар.

Аяқ басқан жерің күтір-күтір үгіліп, толарсақтап  
барып енген табаның жылбысқы жерге барып жабысады.  
Сортаңды қойнаудың қақаған аязында да тобарсуды  
білмей тұзды сораңы бетіне шығып жататын әдеті.

Алагеуімнен атқа қонған бір тон салт аттының суыт  
жүріп отырып соқпақ сорасына келіп түскен беті осы, пі-  
кір қосып. Аз-жем аялдаған аттылар екі топқа бөлініп  
бірі Тақыр қияға, екіншісі Құсмұрын биігіне беттеген.  
Соңғы топты Байқараның өзі бастап келеді. Отар ғыып  
кетті дегеннен атқа қонған. Жүзі жүдеу, жанығыштай

жұқарған кескіні төсекте ұзақ жатқан жанның кейіп-күйін танытады. Екі жағы суалып қусырыла түскендіктен бе орақ мұрны одан бетер дөңестейіп окшау көрінеді. Тіктеп қадалса өнменінді тесер шегір көздері қызарып сұсты келбетін одан әрі ызғарландырып, ыскайк ажар андатады. Жирен сакалы ақбудырланып, қарттың қайырымсыз шағына ойысқан жанның ортайған көңіліне жүдеулік сипат қосқандай.

Құбылып-құбылып кетер қыз қылықты ақ қарлы алап қарт жанарын тіктеп қаратпай, тез тайдырып, әлек етіп келеді. Әлсін-әлсін жасаураған жанарын жеңмен сүртіп, алақанымен күн нұрынан көлегейлей береді.

— Шақыраюын, жарықтықтың.

— Нағыз сонар болыпты да тұрыпты.

Байқара Қапыштың жүзіне жалт қарап, жаратпай қалды.

— Сонарға шығар уақытың жаңа келіп тұр,— деді зілденіп. Содан ашуын әріге шаптырмай оң жағында келе жатқан Смағұлға бұрылып:

— Бір тұмсық тірер жер Қос кереге тас болса керек,— деді.

— Бейшара есі шығып жүріп солай қарай икемдеді деймісің. Апырмай, майып болмаса жарар еді сорлы.

— Әлгі Жүкендер тобы Тақыр қияның томарлы сайға құлар бетксіін сүзіп шықса жөн болар еді. Кім біледі қараға соқпай тоқтау бермейтін хайуан немелер томар шілігін паналамаса.

— Жүкен демекші, сендердің не байқағандарың бар? Өзі қой іздеуге шығамыз дегеннен тызалақтап неге қашқақтады. Осы пәле бірденені бүлдіріп жүрмесін. Бір түрлі жуасып, сикырси қалыпты. Үстіндегі қарағайдай қара тонды қайдан алған. Ұмытпасам сол тонды осы Қайрақтыда біреудің үстінен көрген сияқты едім,— деген Қапыш тағы да ұзын сонар әңгіменің кілтін ағытқандай еді.

— Е, оның тызалақтайтын жөні бар. Мана Сәлім шалдың еңірегенін көзің көрмеді ме. Ләмбекті желкелеп қырға қойымен бірге қуып жіберді деген жоқ па. Жер қарадан қойды қораға қамап ертең шөп орнына шашыңды берейін деп пе едің деп дікенденің той. Енді тамам қой қырылар болса кім жауапты болмақ. Сол ойына түсіп түгі жығылып тұр да,— деген Байқара Қанышқа бұрылып әңгімесін сабақтады. Қара тонды Жақыптың үстінен көрген боларсын. Осында қырық екінші қысында әскерге деп жылы киім жинағанда Айтүміс марқұмның өз қолымен әкеліп тапсырғанын көргенмін. Ауданнан келген уәкілге осы Жүкенді қосып берген жоқ па едік. Сонда өзіне басып қалған дағы зәнталақтың... Байқара атып өкшелей тебініп, ілгері оза берді.

Жоқшылар қаталаспапты, қоралы қойдың үстінен шықты. Ұйлыққан қойлар бірін-бірі мінбелей басып Қос кереге тастың аралығына кептелген күйі тоқтапты. Арбалы адам зорға өтетін тас аралығы екі бүйірден тіреп бет-бетіне шашырап кеткелі тұрған малды өз құшағына сірестіре қысып қалыпты. Басында соқталана еріп жауған қар артынан ызғарлы суықтан көк мұздаққа айналып, ерсілі-қарсылы үйіріле соққанда төбеден ұрғандай табандатып тастаса керек.

— Әй қанжауғыр, Жүкен-ай, тамам қойдың түбің жетті-ау,— деген Байқара жусап қалған қалың қойдың қарасын көзбен шолып:

— Тез аршып алу керек.

— Ләмбек сорлы қайда болды екен? – деді Смағұл. – Майып болмаса жарар еді бейбақ. Анау Ақбура сайына сандалып жүріп шығып кетпегей.

— Ақбура сайына бармай-ақ мына шоңғалды тастарға ұрынса да оңбас,— деді Қаныш атынан домаланып түсіп жатып.

Аттан түскендер Қос кереге тасты жағалап кетті. Әр қуысты шұқылап, қоянжондаған қар жалдарын аяқтарымен тепкілей ашып келеді.

— Ойбай, мынау немене,— деп шошынған дауыс тымық ауада саңқ ете қалды. Жақындағы екі-үш адам дауыс шыққан жаққа қарай жүгірісті.

— Не көрдің?

— Бірдеңе таптың ба?

— Сорлы Ләмбек болмасын?

Төңірегін жиыңғылды жыныс қоршаған жыраға төніп Қапыш тұр. Жары биік, табаны қызыл шоңғал тасты жыра түбінде әлдебіреудің омбы қар қойнынан қылтиған аяқтары көрінеді. Шапанының етегі де басына қарай түріліп кеткен болуы керек, жоғарырақ жиырылып барып қар астынан бір шеті ғана шығып қалыпты.

— Мынау Ләмбек сорлы ғой?

— Ойбай, секір! Тірі ме екен өзі?

— Әй, қайдам. Мына жатысы ыңғайсыз екен.

— Бол, бол енді...

Жыраға топырлай түскендер Ләмбектің кеуде жағын қардан аршып жоғары көтерді. Денесі сіресіп қатып қалыпты. Ілікпейді. Көкпеңбек болып бозарып кеткен жүзінде тірліктің белгісі жоқ. Ыржия күлген кейіпте сіресіп жатыр. Самайға түскен бармақтай жара тұсында ұйыған қаншның ізі бар.

— Әттеген-ай, басы тасқа тиген екен.

— Әйтпегенде қар астында қалса өлмегендеі еді.

— Сорлы бейбақ... Бәрінен де анау әкең сорлап қалды-ау...

Алпамсадай жігітті жырадан зорға алып шығарғандар Ақбура сайының тұсындағы қой тастың етегінде айғай салып тұрған Байқараны көріп аңырысып қалды. Қолына тұмағын алып бұлғап тұрған Байқараның үйінде үрей бар.

— Тағы не пәлекеті болып қалды?

— Биағанда үрей жоқ қой өзі. Тез жетіндер,— деген Смағұл қасындағыларға қарады.

Смағұл мен Қапыш тізе бүгісіп өліктің басында азем аялдап дұға оқысып беттерін сипасты. Айдардан ал-

тан медәлі сауыс-сауыс өңірінде жарытырып жатыр. Екі шал Ләмбектің бетін шапанмен жауып, Акбура сайына қарай далбалақтай жүгірісті.

— Оу, болсандаршы түгі.

— Анау арадан Ләмбек сорлының сүйетін аршып алды.

— Не дейді мына мұндар?

— Биаға тағы нені таптың? Не боп қалды? Сүріне-қабына жеткендер белуардан келген қарды тырналай ашып жатқан Байқараның үстінен түсті.

— Жаным-ау, мынау кім?

— Айдар... Айдар ғой мынау... Смағұл орға домалап түсті. Жарға жармаса құлаған жігітті үшеулеп көтеріп сыртқа алып шықты. Оң қолының қарына оралып сағалдырығынан үзілген қайыс жүген сүйретіліп жүр. Жалаңаш қолдары күп болып ісініп кетіпті. Үсті-басы сауыс-сауыс көж мұз. Үсінген жүзі бозарып ісініп, адам танығысыз болып өзгеріп кетіпті. Байқара сүр шиелдің өңірін ағытып жіберіп сұлық жатқан жігіт кеудесіне құлағын тосты. Еріндері дірілдеп:

— Бірдене бар сықылды. Әлсіз ғана бір демде жатыр,— деді кемсендеп.

— Сорлы басым, сорлы болдым ғой. Құдай-ау, құдай, ендігі көрсетерің осы ма еді. Оған да осы арада алсаңшы мен бейбақты. Бұл араға қайдан келіп жүрсің жалғызым-ау, қозым-ау, боздағым-ау,— деген Смағұлдың өңірін жас жуып боздап тұр.

— Сабыр, сабыр Сәкесі, «Қырық күн қырып болса да ажалды өледі» деген. Әліңнің артың бақ. Жылама, жоқ сұмдықты бастап... Биаған жаны бар дегі ғой,— деген Қапыш Айдардың ісінген білегін бұнап тастаған жүген тізгінін пышақпен қиып жатып.

— Дереу ауылға жетейік. Анау шоқтап екі сырық кесіп алындар да сүйретпе жасай қойындар. Екеуін сүйретпенің үстіне салайық. Жылдам жетейік, ал болындар



енді антарылмай,— деген Байқара теңселіп барып атқа қонды.

Ақтүтектің салып кеткен сойқанды опатынан ойсырай қамығып қажып қалған салт аттылар ауыл қотанына қас қарая кіріп еді. Олар тап осы сәтте сүйретпенің үстінде үсік шалып, ессіз жатқан Айдардың таңертеңгісін не жұмыспен ауданға шұғыл аттанғанынан хабарсыз болатын.

Ер соқты болып қажып келген Байқара түн ішінде ауылды шулатпай, не де болса таңертең көрелік деген кенес беріп, ат басын Сәлім шалдың үйіне бұрды.

\* \* \*

Күсті алақанның қырымен самай терін әлсін-әлсін сыпырып тастап Ақжамалдың шайын сораптай тартып отырған Жүкен манадан бері дастарқан басында қаққан қазықтай қаздып алып, кесені кесеге қоспай қотарып отырған Бибішке төніп-төніп қояды.

— Маған не қыл дейсің? Қойды Қара адырдан әрі асыр дегенде мынадай сұмдықтың боларын білді деймісің. Мені көріпкел әулие деп отырмысың, о несі-ей.

— Сонда да... Қайдам... Ақсақ Сәлімнің шылбырына оралып қойды қорадан шығармайық, председәтілдің тапсырмасы бар деген де... Әйтеуір Ләмбек немеге қиын болды...

— Тәйт әрі,— Жүкен ыршып кетті.— Өзің не оттап келесің. Ертең қой қырылса мені ұстап бермек ойың бар-ау сен қақшаңбастың...

— Алла, не дейт. Кет әрі, төрімнен көрім жуық қалғанда кісі үстінен арыз айтып күнәһар болар жайым жоқ. Мен әншейін шығасыға иесі басшы дегендей...

— Жә, жетті. Мені алдарқатқанға қолдарына қона қоятын ақымақ сапайсындар-ау тіпті. Кәне айтшы, осы колхозға кім қожа. Мен бе, болмаса ана Смағұлдың ақсағы мен Биған ба. Кәне құдайшылығыңды айтшы.

Соңыра қырылған малды менеп емес солардан сұрайды. Білдің бе. Жүкеп қойды қорадан шығарады екен деп мені қаралар деп отырмысың. Күн қашан жауып, қашан боран боларын бал ашып білетін Сағынай әулиені тапқан екенсің. О несі-ей, шығасыға несі деп сұзуп... Тәйт әрі, отырсандар Жүкепке пәлелерінді жаншай отырғындар. Қорадан шығар деп... Шығар десем қолдағы шөпті жемесін дедім. Даланың оты бар, құдайға шүкір, соны жесін дедім. Менің ойлайтыным елдің, колхоздың қамы. Сенің Сәлімге сөйтті деген сандырағыңа кім сенеді. Ол ақсақ баласын қорғау үшін өтірік айтудан жүзі жапалды деп отырмысын. О несі-ай, кешенің шашпауын көтеріп. Онда да көрші қақысы, тәңір қақысы деп, тауығыма ден бір уыс бидай алсаң да осы үйге жүгіретінінді ұмытпай, аузыңды бақсайшы. Жаулығыңды қолыңа алып көшеге шығып байбалам салғандай не күн туыпты. Мылқау неме бір тастың қуысында отырған шығар. Ертең-ақ ыр-жалақтап жетіп келеді.

— Сонда да... Қайдам әйтеуірі... аман болсын десеіші,— деді Бибіш тұнжырап.— Құдайы түскір де, өл де маған, тұрып-тұрып бүгін екіленді емес пе?

— Е, құдай Қайрақты қой жаяды екен деп әмірін жүргізбей тұра ма?— деген Жүкеп тіксініп қалды.

— Тек, жоға...

— Қой қырылса да Ләмбек өлмейді, о жағынан қам жеме.

— Дыраудай неме емес пе? Етегіне сүрініп жүрген шал емес. Қарадан-қарап жүріп неге өлсін,— деген Ақ-жамал өзінің сөзін тірілте түскісі келгендей қосып қойды.

— И-и-и, келін-ай, не болады дерің бар ма? Аяқ астынан алай-дүлей болды да кетті емес пе. Мына тұрған сіздің үйдің төбесін көре алмай қалдық емес пе. Күн қабағы тұнжырап тұр, бір пәле болмасын деген Сәлімдікі рас болып шықты...

— Қойшы әрі, Сәлім деген бір әулие шыққан екен. Бибіш кесесін төңкеріп бетін сипады да орнынан тұрды.

— Әлгі Айдар да ауданға кеткен дей ме. Ұрынбаса жарар еді.

— Е, жатқан шығар бір бастықтың үйінде. Оның не қимасы қышып барады,— дегенде Жүкен жақтырмай қалды.— Шайынды баса құй. Әлгілермен Тақыр қияны сүземін деп тоңазып қалыппын. Ештеңе көзге түспеген соң кері бұрылды. Даланы кезіп босқа қаңғи береміз бе...

Бибіш кебісін салпылдатып шығып кетті.

— Осы-ақ қоғамшыл болады да жүреді екен. Осыдан біреу жөн сұрайтындай,— деген Ақжамал күңк ете қалды.

— Е, бүңкі бос сандалыс қой. Ақсаққа ырық бермедің деуін көрдің бе. Қой қораның қасына бұны қай құдайдың айдап әкелгенін... Бұлардың бәрі жау. Қия бассан андып тұрады. Енді ауылға тегіс жайып болады, кезбе неме... Қырылса колхоз малы қырылады, мұның несі шығып барады. Әйтеуір екі елі ауыз өзімдікі деп...

— Иә, деймін-ау.

— Маған салса бір есептен бұлай болғаны да дұрыс болды.

— Тек, үй өзімдікі деме, үй сыртында адам бар, деген, былай байқап сөйлесең қайтеді.

— Ешқандай да тегі жоқ. Ертен тамам қой қырылса аудандағылар Айдардың арқасынан молодессің деп қаға қоймас. Тандап қойған председәтілің осы ма деп Байқараны да біржәмкеге алар. Баяғыдан колхозға еңбегі сініп жүрген біз сияқтыларды сыртқа тепкенді сонда біледі,— деген Жүкен тереннен сыр тартқан жаңдай шел басқан жанарын сығырайтып ойланып қалды. Жүзінде құйтырқы күлкі табы бар. Шешек дағынан

шұбарланып қалған шабдар беті жіпсіп, бойы балқин деді.

— Құйыңқыра тағы. Суығы түскір әлгі кешені іздейміз деп өтінкіреп кеткен бе өзі. Денемнің құрысканы жазылмай отыр,— деп дамбалының балағын түріңкірей түсіп өз-өзінен рақатқа батып, мәре-сәре болған жанның кейпімен оң жағында жатқан құс жастыққа қарай көсіле жантайып кеңсірік жарды кекіріп қойды.

— Әй, бәйбіше,— деді сәлден соң басын көтеріп,— жаңағыдай күн туар болса мына жаман күйеуің председәтіл болып шыға келеді. Менен басқа Қайрақтыңда ат жалын тартып мінер кімің бар. Кәмөнес десең Байқарадан кейінгі стажы көбі мына менмін. Енбегім өздеріңе аян. Аудандағыларың да менің осы сандырағымның үстінен шығады әлі, сонда көресің, кердендегенді,— деп ыржақтаған ол Ақжамалдың мықынына қол жүгіртіп шымшыған болды.

— Қойшы әрі, бргәдрдің бәйбішесі болғаным да жетеді. Бәрінен де ана Тобықжанның тілеуін тілесең етті. Ертең аман-есен келсе маған одан артық бақытыңның керегі жоқ.

— Әскерден осында алып қалайық дегенде екеуің бір жақ болып ырық бердіңдер ме? Әзір болса шолақ қол болып жүретін еді. Кім біліп жатыр оны. Шөп машинасы қырқып кетті дейтін едік те қоятын едік. Оның есесіне балаң көз алдыңда жүрмейтін бе еді.

Жүкеннің жүзі құбылып түсере қалды. Мына неме шын айтып отыр ма екен дегендей әйелі бақшия қарады.

— Аллай, неткен жауыз едің. Осыны шынымен айтып отырмысың. Одан да соғысына барып ақ өліммен өлгені артық емес пе? Аллай, Жүкен-ай, неше жыл отасып жүріп сенің мұндайлығыңды сезсемші, білсемші.

Ақжамал орамалының ұшып тістелеп солқылдап жылады. Жүкен оған тіксіне қарап орнынан тебініп атып тұрды.

— Өй әкеғананның. Не былшылдап отырсың. Осы арада жоқтауынды бір-ақ асырайын ба.— Ақжамалдың үстіне төніп келген ол жалаң аяғымен бүйірге ыңқ еткізіп теуіп жіберді.—Надан неме. Бұған сөз айтып отырған мен ақымақ. «Қойнындағы қатынына сенбе» деген осы екен ғой. Өй әкеннің, кеше неме. Ертең-ақ балаңның өлігін естисің, сонда көремін жетіскенінді Соғыс, соғыс деп батырсынуын бұлардың. Басының қайда домалап қалғанын білмес ол кеше балаң. Қайрақтының қотанында шалақ қол болып жүргені қалай, жоқ айдалада көмусіз қалғаны қалай...

Бүк түсіп бүрісе қалған Ақжамал басын көтерер емес. Жүкен ашуын баса алмай қалшылдаған күйі тең селіп жүріп алды.

Осы сәтте есік сықыр етіп шалқасынан ашылды да, үйге кебісін сылпылдатып Бибіш келіп кірді.

— Не боп қалды тағы...

— Ойбай, сұрама, масқара болдық... Бәсе осында отырғанда жүрегі түскір аузыма тығылып...

— Өй болсаңшы, не боп қалды?

— Не болды дерің бар ма. Ана Ләмбек сорлы серейін қатып қалыпты. Айдарды Ақбураның сайынан аршып алыпты. Кеудесінде шығар-шықпас жаны бар көрінеді. Смағұлдан сор арылмаған екен. Жалғыз биесін сойып соның қазысына бөлеп тастапты... Ойбай, құдай, өл де маған... Жұрт гәрменмен соғысып жатқанда біздікі не елде отырып қырылып...

Бибіш тізе де бүккен жоқ, есікті серпе жауып шығып кетті.

Сүйретіліп орнынан тұрған Ақжамал да есікке беттеді.

Жүкен үй ортасында сілейіп тұрып қалды.

## IV. Шуак

Елестен өтті алдыман,  
Жарағы алдылар бейнесі.

Қасым Аманжолов.

Ақкенже ауданға ертеңгісін келген. Әскери комиссариаттың арнайы шақырту қағазы болғандықтан ФЗО-дағы Тоқанға да, әжесінің немере ағасы Қоспашының да үйіне бармастан ат басын қала орталығындағы қос қабатты ағаш үйге тіреген.

Әскери комиссардың бөлмесі алдында ұзақ бөгелуге тура келді. Сары ала киімділер кезек тоспай сапырылысып кіріп-шығып жатыр.

Күту залының іші қапырық та, қараңғы екен. Ақкенже ыстықтайын деді. Басына салған бөртпе шәлісін желкесіне қарай шалқайта сыпырып қойды. Екі айырып тараған бұп-бұйра кара шашы күн қақты қонырқай жүзіне ерекше бір көрік беріп тұрғандай. Ауылда арқасына құлата өріп қоя беретін бұрымын салт жүріске оңтайлы болсын деп желке тұсына жиып әкеліп түйіп қойған. Қолындағы салт камшысын екі бүктеп орындық артына тастай салды.

Жайғасып отыра бергені сол еді, тыстап әлдекім самбырлай кірді. Кемпір екен. Қолындағы таяғымен еденді тесіп жіберердей болып тақылдатып жүріп келді де босаға тұстағы орындыққа отырды.

— Уһ, аллай, белі түскірі үзіліп зорға жеттім ғой, түгі. Қалада бір үйдің үстінде мінгескен бір үй болады дегенге сенбеуші едім, осындай болады екен ғой. Өлмеген соң мұнысын да көрдік.

Кемпір қасында адам отыр деген жоқ, өзімен-өзі әлдекімге қарадай кейіп отыр.

— Өкпесі түскір өшіп қалды ғой. Өлгі Бейсеннің жүгірмегеніне жеткізіп сал деп едім табанынан сапқыр

неме, желкесінен қиылғандай табандады да қалды. Ой кой, әжеге тартып ұл туады деме.

Ақкенже мырс етті. Селк ете түскен сары кемпір бұл отырған тұсқа сығырая қарады.

— Көтек, мында сен отыр ма едің. Көзі түскір де суалып, соқырақтап қалғам жоқ па. Есенбісің, шырағым. Танымадық, осы аранікімісін.

— Мына қайрақтыданмын. Айкүміс дегеннің келіні боламын.

— Е шырағым-ай, кәдімгі өзіміздің Төлеміс қайнымның келінімін де. Е, шырағым-ай, бұ дүниеден кімдер өтпей жатыр дейсің. Енеңнің иманы сәләмат болсын, алды жарық боп, артта қалған өздеріне саулық берсін, қарағым. Топырағы торқа болсын, жарықтығымның. Менен төрт-бес жас кішілігі бар еді. Жас өле ме, кәрі өле ме деген сол, шырағым. Жалғзынан қаралы қағаз келген соң-ақ соқтығып қалды деп естуші едім, қайтсын-ай, жазған. Төлеміс марқұм ертерек кетіп құлыншақ күнінде қалды емес пе. Е, шырағым-ай десейші, ол екеуіміздің көрмегеніміз бар ма. Кездескен жерде, жеңеше-ау, менен де сорлы жан бар ма екен деп жылаушы еді. Сонда әлгі Жақыбай гой деймін ұмытпасам, әжетке жарап қалған бала. Со жолы Ақтөбеге кеткен Төлеміске бара жатырмын деп еді-ау. Одан кейін бір жолыққанымда қасында екі-үш ай болып қайттым деп еді.

Е, дүние-ай десейші.

Мен мына Айдарлыданмын, Атым — Айшахан. Баяғыда Айкүміспен сырлас-мұңдас болдық. Ел жайлауға көшкенде аулымыз іргелес конушы еді. Сонда Төлеміс жарықтық, қарындас деп мені іш тартады. Оң жақта толықсып отырған Айкүміске жақындастыр дейді де баяғы. Аталастың аты озғанша ауылдастың тайы озсын десек те малтүгелдің бір азаматы қиылып келіп тұрған соң несін аянайын. Бірінші — құдай, екінші — мына мен едім, Айкүмісті өзіміздің Төкеңе табыстырған. Е, шырағым-ай, десейші, нелер өтпеді мына бастан. О да бір дәу-

рен еді деп қоясын. «Келішің аяғынан» деп Айкүміс келгеннен соң-аң Төлемістің шаруасы дөңгеленіп кетті. Өзі атқа мініп жырық етек атанды. Сол колхозды қолымен құрысты. Айкүміс ылғи бір қара домалақ ұлдарды қаптатты дейсін. Содан қалғаны әлгі Жақыбы еді ғой. Құдай оның да қызығын көпсінді. О дүние, мұндар-ай десейші!

Сары кемпірдің көңілі босап жанарына жас келді.

— Тоқан деген кенжесі бар, шеше.

— Е, айтпақшы, со боқмұрын бар екен-ау. Оған да шүкірлік де. Бейшара бала ауылда ма?

— Жок, осында оқуда.

— Онысы жараған екен. «Орнында бар оңалар» деген, қарағым. Төлеміс ұрпағынан қалған сол шикі өкпені адам етесін де. Басың да жас... Қайдам әйтеуір... Ей, шырағым-ай, мына соғыс талайды шырқыратып кетті ғой. Сол үйдің шаңырағын шайқалтпай түтінін түтету саған парыз. Жетімге қылған қызметінді құдай неге ұмытсын, ұмытпайды. Есігін жауып, түтінін өшіре көрме, шырағым. Жаман кемпірдің айтар шолақ ақылы осы, шырақ.

Байсыз өлген қатынның моласын көргем де, естігем де жоқ. Мына мен де байымнан құлыпшақ күнімде қалдым. Үш күшікті енді жеткіздім бе деп отырғанда мына пәле кезікті. Үшеуін бір күнде жөнелтіп қу шұнақ болып шыға келдім. Соның екеуінен қара қағаз келді. Біреуі әлі соғысып жатырмыз деп хат жазып тұрады. Енді соған ғұмыр берсін деп тырбанып жүріп жатырмын, шырағым. Ей, қу соғыс-ай, қылмағаның жоқ-ау. Анау Кетлер деген жауызға айтамыз да бар қарғысты. Атың өшіп, жерге кіргір, сені де екі аяқты ана тоғыз ай, тоғыз күн дегенде ұлым деп тапты ма екен. Ол жауыз апасының ақ сүтімен емес, қара қанмен қоректенген жалмауыз да. Әйтпесе тамам жұртты қан қақсатып, зар илетіп қояр ма еді... Жауыз ғой, жауыз...

Комиссар бойын тез жиып:



— Қымбатты апайлар, сіздерге балаларыңыздың ерліктері үшін берілген наградаларды табыс ету үшін әдейі шақырттым,— деді. Мынау Қызыл Жұлдыз орденімен Айдарлы колхозының бұрынғы тракторисі Жапақ Жаншаров Днепрден өткенде көрсеткен ерлігі үшін наградталыпты. Өзі қаза болғандықтан жақын туыстарына мәңгілік сақтауға беріледі.

— Орнынан қалбалақтай тұрған Айшахан комиссар ұсынған награданы алды. Таяғына сүйенген қалпы орнында сілейіп тұрып қалды. Иегі кемсендеп, жүзі алай-дүлей құбылып кетті. Екі нығы селкілдеп, таяққа артыла сүйеніп бүгіліп барады. Ақкенже кемпірдің қолтығынан сүйей демеп орындыққа отырғызды. Комиссар стақан толы су ұсынды.

— Е, шырағым-ай, бұл орденің Жапағымның орнын толтырар деймісің.

— Олай деменіз, шешей. Отаны Шаншаров сияқты батырлардың ерлігін ұмытпайды. Сондай батыр ұлды тәрбиелеген сіздей аналарға рақмет айтып, құрмет көрсету үшін әдейілеп шақырып отырмыз ғой.

— Жөн ғой, шырағым, жөн ғой. Біздікі әйтеуір күйініштен, қайғыдан айтылған сандалыс қой. Бәрінен де ана жерге кіргір Қетлерді айтсайшы, жерге кіргір жауыз мұңдар-ай дессейші...

— Шешей-ау, естімеп пе едіңіз. Ол жауыздың өзі де жерге кіріп қапұт асқан.

— Солай ма, бәсе көп қарғысы қойсын ба...

— Мына награда Қайрақты артелінің бұрынғы председателі Жақып Төлемісовке берілуі керек еді. Ол азамат та мезгілсіз...

Орнынан тұрған Ақкенже комиссардың қолындағы күмістей жарқыраған наградаға қарады.

— Кешіріңіз, сіз кімі боласыз.

— Жолдасымын...

— Ғафу етіңіз. Жарыңыз Данқ орденінің екінші және үшінші дәрежелі ордендерімен тірісінде наградталған.

Мынау ақырғы ерлігі үшін берілген сол орденнің бірінші дәрежелісі. Жолдасыңыз туған елі алдында өз парызын абыроймен орындаған, сол үшін де сіздің мақтан тұтуыңызға әбден болады.

— Ойбай, сығыр-ау, Жақып сияқты азаматтар мақтан тұтпайтын адамдар ма еді. Қарағым-ай десейші...— Сары кемпір кейістік білдіріп, күйзеліп қалды.

Комиссар бұдан кейін майдангерлер семьясына бірер аз сыйымыз бар еді деп екеуіне бір-бір пакет ұстатты.

— Қазақ «Орамал тон болмаса да жолға жарайды» дей ме, шешей?— деп тандайы тақ ете қалды.

— Аузыңа ақ май, қарағым. Сол хабар жеткен күні Айдарлыға жет, не көрер екенсің. Мың жаса, шырағым. Жүзің жылы екен, рақмет, шырағым. Жетім-жесірге жасаған жақсылығың бізден қайтпаса құдайдан қайтсын...

Мамыр аспан мөлдір еді.

Ақкенже атын жетектеп қаланың теріскей қапталдығына шашырай қонған жатақтар көшесіне беттеп келеді. Мандайы жіпсіп, шөл қысып барады. Сұлу мұрт Қоспан ағасының үйіне соғып шай ішіп, тандай жібітіп алмаса болар емес. Тоқанға содан соң соғады.

«Қос боздағынан бірдей айрылған ана қайғысы, оның жас жуған жанағы қасіретті жүзі есімнен кетер ме. Кеше ғана қолымда өксімен көз жұмған Айкүміс енем де сол соғыстың соққысынан мерт болмады ма. Тәңірім-ай, адам азасы неткен ауыр еді.

Жалаң аяқ жар кезіп, Жүкен сияқты қара жүректердің камшысы астында зар жылаған Тоқан да сол соғысы құрғырдың қасіретті күйігіне шалынды емес пе. Бір қиырдан келген Берта мен жұдырықтай Ганс Қайрақтының топырағын басамыз, көрінгенге көз түрткі боламыз деп тіледі деймісін. Оларды да туған жерінен жел айдаған қанбақтай айдап әкелген соғыс дауылы ғой.

Өзіміздің Ахмет аға ше... Тұғалы тышқанның мұрнын қанатып, қиянат жасамаған, жолда жатқан ала жіпті

аттап қылмысқа бармаған ол да ауылға келген карали хаттарды Қос кереге тас түбіне тығып жүргенде ел аласын жеңілдетемін деді-ау, бейбақ. Майдан даласынан Қайрақтының топырағына енді қайтып оралмайтын елу шақты жанның қайғылы азасын жасырамын деп жүрген бейбақ адам әлемді қан сасытқан соғыстың алапат сұмдығын қалай жасырып қаламын деді екен деймін-ау. Жоқ, соғыс қайғысы ұмытылмайды, оның жан мен тәнге түскен жарасын ешкім де жасырып қала алмаса керек. Күні ертең сондай әрекетке қадам жасайтындар болса адамзат алдында, боздағынан айрылған апалар, жесірлер мен жетімдер, шаңырағы шайқалғандар, әлемнің тыныштығын аңсағандардың алдында кешірілмес күнәға батар еді.

Айдар ше... Оның жөні бір басқа. Тән жарасын уақыт емдер десең де өлім көріп, от кешкен, өмірдің құшып қасық қанмен өлшеген соғыс сарбаздарының жөнін мен айта алмаспын. Жаным сезгенмен тілім айтып жеткізер ме олардың жүректеріндегі соғыс салған сұмдықты. Соғыс дегеннің не екенін мен де, қайғы жұтып, қан құсқан жаңағы кемпір де, басқалар да айта алмас. Ол жайлы майдангерлерден ғана сұраған жөн болар...

Мен ше... Жиырмаға жетпей жар құштым. Сонда осынау азапты көрсемін, жардың ыстық құшағының орнына ку төсекті құшақтап қаламын деп ойлаппын ба. Неден сорлы, неден жазықты болып едім бұл өмірге. Бар кінәм бақытты аңсағаным ба, бар айыбым жар қызығын, бала қуанышын тілегенім бе? Менің де өмірден алар қуаныш қызығым, ләззатты күндерім бар емес пе еді? Неге өмір сонысын көпсінді мспен? Жаным жас, қиянатым жоқ, балауса гүлдей бейкүнә пендең емес пе едім.

Жоқ, мен соғыс қайғысын ұмыта алмаймын. Бәлкім, бәз біреулер мұнымды кінәлар да, қашанғы өткеніңді жаңғыртып жан жарасын тырналай бересің, әлі де қызықтан құр қалар күнге жеткен жоқсың, жассың, сұлусың, өмірің алда дер. Құстаналар, кейір, жек көрер, көр

соқыр дер. Бәрібір мен соғыс қайғысын ұмыта алмаймын. Бәрібір алғаш табысқан жар құшағын көксеймін. Ертең біреудің етегінен ұстармын, одан ұл сүйермін, қыз қылықтармын, бірақ Жақыбымдай болмасына, оған деген сезімім, оған деген махаббатым бөлек боларына имандай сене беріндер.

Жоқ, мен соғыс жарасын тірліктің болмашы қызығына түстім деп ұмыта алмаймын. Оның несін тәптіштейін. Бұл әдемі жыр да, сұңғыла сұлу сыр да емес. Бағымды байлап, барымнан айырған жас күнімді қайғыға бөлеп, арманымды аяусыз азапқа салған ала қайғы ғой. Оны қалай ұмытайын, замандас. Жан жүрегіме тас шемен болып қатқан қара тас дегін сол қайғымды. Ал қара тас неге жібісін. Жібімейді...»

Аудан орталығындағы шандақ көшемен ат жетектеген жас келіншек мамырдың ақ шуағында жан дүниесіне осындай бір бұрын-соңды кезігіп көрмеген алай-дүлей бұрқасын болып кірген ой теңізін кешіп келе жатқанды...

Құмырсқа илеуіндей ығы-жығы, жөн-жобасыз қоныс таңған жатақтар тұрағы қала қабырғасына еріксіз әкеліп жабыстыра салған оқшау бір заттай, олақ әйелдің жыртыққа көктей салған салақ жамауындай жағымсыз кейіпті еді.

Жыл сайын қырдың жүн-жұрқа, тері-терсегін қырып әкеліп сауда жасайтын Қоспан соғыс басталғалы аудан орталығына көшіп келген, заводтың қоймасына ауысқан. Жұмыртқадан жүн қырқып, сіріден сығып май алатын әккі неме картоққамен нан алып жатқан тарын шақта завод жұмысшыларына көрсетілер азды-көпті игілікті пиядан шалған. Содан бері осы манды төңіректен жүріп алатыр.

Жақыптың қазасынан кейін желбата жасап қайтқан. Аяқүміс өлгелі ат басын тіреген емес. Бірақ онысын Ақкенже айыпқа санамайды. Бата жасап баптанып жүрер шақ па бұл. Көңілге тоқ санары Тоқанның анда-

санда болса да осында келгіштеп жүруі. Өзі де анада авданға келгенде өзегінді талдырып аш құрсақ болмай осы үйге ұялмай барып жүр деп шегелеп кеткен. Қолына хат жазып Қоспанның әйелі Бибіге оңашалап тапсыр деп ескерткен. Туысы Қоспанның әр кезде сыртқа теуіп сырдақси берерін, сіркеге де салық салар сарандығын білетін Ақкенже Бибі жеңгесінің ақ көңіл, адалдығын, ретті жерінде байым екеңсін демей беттен алып, бұқтырып тастайтын бірбеткейлігін медет көреді, өзіне кет әрі емес жылы тартып тұрар қылығын сүйеніш тұтады.

— Жаным-ау, Кенжембісің? Ту айналайын-ай, зарықтырдың ғой. Аманбысың, жарығым? Көрінбей кеттің ғой.

Аулаға ат жетектеп кіре берген Ақкенженің алдынан жүгіре шыққан Бибі келіншекті бауырына басты.

— Қазір ағаң да келіп қалар. Шай да қайнап тұр. Тіпті жамандамайды екенсің.

— Апатай-ау, сіздей адамды қай антұрған жамандар...

— Ту, жарығым-ай, білем ғой, білем, маған деген ықыласың. Өнің сынық қой, ауырмайсың ба? Жұмыс та ауыр шығар-ау... Ту, жаным-ай... Байсыз қатынның күні құрысын.

— Е, апатайым-ай, қай жетіскеннен жүр дейсіз. Әскери комиссар шақыртқан соң келіп қалып едім. Жақыптың наградасы деп мынаны берді...

Ақкенженің үні дірілдеп, жанарына жас келді.

— Ей, құлыным-ай, десейші. «Жақсының аты, молданың хаты өлмейді» деген ғой. Әне, көрдің бе, өзі өлсе де үкімет айналайын атын ұмытпай, құрметтеп жатқанын. Қайтейін, құлыншағым, маңдайға сыймаған соң...

Ақкенже үйге жірді. Үй іші түзеліп қалыпты. Етегімен еден сызған төрдегі масаты кілем көз жауын алады. Одан беріректе ілінген бірнеше қасқыр ішік үй несінің тері-терсек қадірін білетіндігін байқатқандай, түктері тысқа теуіп тізіле қалыпты. Бибінің ықтиятты қолымен

жиылған кәрлен кеселер мен алуан гүлді ыдыстар үй салтанатын арттырып-ақ тұр. Ақ манардай жарқыраған самауыр да анау-мынаудың қолына түсе бермейтін мүлікпін дегендей тап төрден орын алыпты. Бәрі жарасымды, бәрі әсем. Ақкенже ауылдағы төбесін сырықпен жапқан жатаған үйінің жұпыны тірлігін есіне алды. Көңілі құлазып жүдеп тұр.

Үйге Қоспан кірді. Былайғы жұмыстан босаса-ақ салбыраған мұрт шалғысына шауып баратын екі қолы буырыл мұртты қайта-қайта бипаздай ширатып тыным табар емес.

— Байлаулы тұрған ат кім десем, өзіміздің Ақкенже скен ғой. Мал-жаның аман ба? Аман-сау жүріп жатырмысың? Ел-жұртың тыныш па?— деген Қоспан Ақкенженің қолын алып маңдайынан ніскеді.

Жатаған дөнгелек үстел үстіне дастарқан жайылып үшеуі шайға отырысты.

— Иә, шырақ, шаруа тұрмысың қалай? Қыстан қысылмай шықтың ба, әйтеуір. Құдағи қайтқалы ат басын тіремедік. Иманы сәләмат болсын. Мына заводы түскірге кіремін деп бұлтарудан қалдық,— деді Қоспан мұрт шалғысын ширата отырып.

— Аштан өліп көштен қалатындай, болдың ба тыртысып,— деген әйелі кейістікпен қарады.

— Заводтан не жамандық көріп отырсын. Жұрт құсап көртішкеге қамалмайсын. Қойма қолда болған соң шетінен кертіп жатқан жоқсың ба?

Кесесін төңкеріп шегініп барып отырған Қоспан әңгіме әуенін басқа арнаға бұрып:

— Қолыңда малың қанша?— деді Ақкенжеге. Тосын сауалдан тосылып қалған Ақкенже:

— Жұрт қатарлы да... Жакып ел билеп тұрса да дүние жағына жоқ еді ғой,— деп күмілжіді.

— Білем ғой оны, білем ғой... Әшейін сұраған сұрас та...

Ерсіз үйде малдың не алғаны бар... Бейнеті неге тұ-

рады. Қысылма, айт, ретті десең сатып пұл етіп берейін. Ешкімді салып әуре болма, өзім барам да бірақ күнде іс қылып беремін. Қайрақтыңнан да құн кетті ғой.

— Қойшы әрі қайдағыны айтпай. Күндік ғұмырын болса түстік мал жый деген емес пе? Малдың жүрген жері неге зиян болсын... Біреудің қорасындағы малына өзеуремей,— деген Бибі кейіп қалды.

— Біреуі несі, айтсам жаным ашыған соң айтып отырмын. Өзім деп айтып отырғанымды Ақкенже түсінбейді деймісің. О несі-ей, біреу талайын деп жатқандай. Малдан құтыл десем Төлемістің босағасына байланбасын, басы жас, ғұмырын өксітпесін деп айтамын. Біреу өлді екен деп оның босағасында шіруі керек пе? Бұл қай шарифатында, қай заңында жазылыпты.

— Аға, біреуіңіз не айтып отырған. Тірісінде керек болған Жақыптың шаңырағы өлгенде керексіз болғаны ма? Сізге керексіз болса да маған қымбат. Мен ол арадан кете алмаймын.

— Әне, әне, бұларға бірдеңе десең өре тұра келеді. Жақсылықты білмейтін өңкей... «Ерден кетсе де елден кетпейді» дейтін қазақтың былық-шылығын қайтесің. Оның күні өтпеп пе еді. Тілімді алсаң осында кел. Сенің атқарған қызметіңе Төлемістің үйі түгіл бүтін Қайрақты риза, шырағым. Ақылға кел, өксітпе өмірінді. Бір рет қателескенің де жетеді бұл өмірден. Енді бір қателессең отырған орныңнан тұра алмас халге ұшырайсың.

— Әй, Қоспан, қойсайшы енді. Өткеннің басын ауыртпа. Бала сүйді, тиді. Онда не шаруаң бар. Немене, тисе Жақып қай жігіттіңнен кем еді? Онысы несі-ей сандалғаны,— деген Бибі қолындағы кесесін қоя салды.

— Менікі ағайыншылық. Жақсы болсын дегендік. Ертең келші. Жігіттің мынау деген көкесін...

— Жә әрі, сенен біреу бай сұрап отыр ма.

— Жоқ, аға, мен ондай жолға бара алмаймын.

— Төлемістің босағасы жады қылып басынды дуалап тастаған шығар сені. Сол босағада шірігендей не көрінді.

Баяғыда бір меселімді қайтарып жерге қаратып едің. Тағы да сол қисықтығыңа басып отырсың. Сонда менің айтқанымға көңіліңде...

— Не деп сандалып отырсың. Қатыны өлген біреуге басқарма екен деп беріп жібермек ой болған-ау өзінде. Ақкенженің басып кеткен ізіне тұрмайтып мес қарынға алмай ғана қиып жібермек болдың. Сен бе, сен, әлі біреу пайда табатын бірдеңенің шетін қылтитса мені де сатып жіберерсің... Олла деймін-ау, осы айтқаным рас... Бибі көңіліңді орнынан тұрды.

Ақкенже ағайынның үйінен ала көңіл болып шықты. Бибі ілесе шықты.

— Ағанның көмежейін білесің ғой. Осында заводта істейді дей ме, бір шұбар келіп жүретін. Өзі бір қу аяқ неме. Мені көрсе асты-үстіме түсіп әлек болады да қалады. Әдірә қал, мені оңай көне қоятын кеше санайды ғой. Сен пәле мұртты ағанның көмейіне бірдене өткізіп жіберсең бе деп қорқам. Сен жә десен әп-бәрекелді деп шап бергелі тұр. Осы бетіңнен тайма. Ол сені адам қылар адам емес. Менің айтарым Жақыптың шаңырағын жаппаймын дегенің жөн. Ана бокмұрының адам етіп үйірге қоссаң адам да, құдай да разы. Соны ұмытпа, шыбыным. Қайтейін, жаным, қолдан келері осы. Тоқан да соңғы кезде бірдеңені сезе ме, сырдақсып жоламай жүр. Айтып ойсайшы. Тым құрыса Қоспан жоқта бас сұғып жүрсін.

Ақкенже Бибімен қиыспай қоштасты.

Тоқандар оқитын мектеп заводтың іргесінде еді. Жылдам тапты. Доп қуалап жүрген балалардан бөлінген Тоқан жеңгесіне алып-ұшып жетіп келді. Келді де мойнына асылды. Тырақай тарамыс, арық денесі дірілдеп солқ-солқ етіп жылап жіберді.

— Қой, жаным, мұның не? Көңілімді босатып мені жылдатысың. Қоя ғой, тентегім. Ана балалардан ұяттығы...

— Сені... сені кетіп қалған екен деп... Ана оңбаған мұртты ағаң. Енді оның үйіне барсам ба...



— Тентегім-ау, сені тастап қайда кетеді дейсің... Өй, ақымағым сол. Бұл дүниеде енді кім айырады сеіен... Кетпеймін, жаным, кетпеймін. Ақкенже қайнысының маңдайынан иіскеп, жүзін жуған жасты сүртті.— Ертеңгісін келгем. Әскери комиссарда болдым, көкене берген орденді көрдін бе, міне,— деп ақ орамалға ықтияттап ораған награданы алақанына салып ұсына берді.

— Үйде тап осындай екеуі бар емес пе еді? Аанада Айдар әкелген.

— Иә жаным, Айдар ағанның әкелгені де тап осындай. Бірақ бұл ең жоғарғы дәрежесі көрінеді. Мұндайдың үшеуін бірдей алған нағыз батыр болатын көрінеді. Иә, жаным, нағыз батырлар ғана...

Ақкенженің бойынан бір күйік сезім лып етті де, өңі құбылып жүре берді. Ендігі бір сәтте жас келіншек тырақай қара баланы бауырына басып егіліп қоя берді.

Женгесі Тоқанды мектеп бастығынан бірер күнге сұрап алды. Кір-қоңып жуып, жыртығын бүтіндеймін деді. ФЗО-ның бастығы ақжарқын адам екен, қарсы болмады, қайта: «Батырдың інісі ағасына тартып жақсы оқуы керек, ертең-ақ заводтың мынау деген маманы болып шығады деді. Қайрақтыдан оқып жүрген Шәріп деген жігіт уже цехта жұмыс істейді, туған-туыстары болса айта барыңыз, баласы пысық, айтқанды екі етпейтін елгезек екен деп мақтады деңіз»,— деп, біраз жайдың басын ашып тастады...

Тоқанды алдына отырғызып алған Ақкенженің көңілі осы кезде бәсең еді. Мұртты ағасының сырттан саудаланғанына күйінді. Іштен шыққан бала болса қиын қатты сөйтер еді. Қыз кезінде де осы Қоспан қолқалап көздеген адамым бар, етегінен ұстасаң қор болмайсың деп соңына шам алып түскен. Ауқатты неме, мынау деген қолхозды басқарып, дүрілдеп тұр. Әйелі өлген демесең ешкімнен жем емес. Қияпаты қандай, кісі сыйласы қандай. Сол үйдің босағасын аттар болсаң бар мүкәмал сенің билігінде деп өзеуреген. Бірақ есті қыз ағасының

дегеніне көпбеген, оныңыз болмай ы деп кесіп айтқан. Мана бір рет меселімді қайтарып етін дегені сол. Өлер байың өлді, енді несі жоқ шаңырағын несің көтергемін деп отырсың деп күстаналай ы. Табалдығыңдан күтпесі болар ма.

— Тәте, анау мұртты аған жаман адам, деген Тоқан Ақкенженің жалын шарпыған жұпарына омырауыңа ба сын сүйей еркелеп.

— Тек, әркімнің туысы өзіне жақсы емес пе. Не деп жек көре қалдың.

— Әй сонда да... Аанада үйіне барсам төргі болма да біреумен отыр екен. Бибі тәтем ауызғы үйде тамақ берген соң, о жаққа ұмтылып не қылайын, отыра бердім. Тындасам әңгімелері сен туралы. Даусынан танып отырмын, мұртты аған айтады: «Қайрақтыда қатқан қарындасым бар дейді. Во, қызға бергісіз дейді. Менен басқа бұл төңіректе тірек болар ет жақыны жоқ»,— дейді. Соны құда қаласа қолыңа қондырамын, тек ішің білсін әлуай деп әндетеді. Өздері ішіп отыр-ау деймін, қасындағысы: «Ойбай, Құсеке айтқаныңа құлдық, айдағаныңа жүрдік, бар жиған-тергенім сіздікі... Мә алыңыз, деп бірдеңені сытыр-сытыр еткізіп беріп жатыр. Сезе қойдым, онысы ақша. Орнымнан қалай атып тұрғанымды білмей қалдым. Есіктің түбіне жетіп бардым. Есікті бір теуіп ашып жіберіп қолымдағы зерен кесені бастарына лақтырғым келіп кетті. Әттең, қорықтым, ертеңіне бастыққа желіп оқудан шығартып жібереді ғой. Луылға қаңғырып барсам Жүкен жүндей тұтпей ме? Содан есікті тарс еткізіп бір тептім де далаға атып шықтым. Бибі тәтем айғайлап соңымнан жүгіріп еді, ұстатнай қашып кеттім. Мен енді сені көре алмаймын ғой деп жатақханаға келген соң түні бойы жыладым. Анам болса жоқ, қайда барамын деп ойладым. Көкем де жоқ... Тоқан тағы кемсендеді.

— Қой енді, жылай бермей. Өзің жылауық болайын деп тұр екенсің. Жігіт емеспісің, қайта мен жыласам

жұбататын жөнің бар емес пе. О несі!.. Сені тастап маған не көріпті.

Ақкенже Тоқанды бауырына құшырлана қысып желкесінен піскеді.— Мойыны ырайдай болған тентегім сол...

— Тәте деймін, ана Гансты аяймын. Бейшараның түбіне Жүкен жетті-ау. Осында қашып келгенде мені оқуға алды да, оны қашқын неміссің деп жолатпай қойды. Содан милиция алып кетті ғой. Неміс болса да досым еді. Мен болсам түрмеге Ганстың орнына Жүкенді отырғызып қояр едім.

— Е, тентегім-ай, өмір дегенін ауыр дүние екен ғой. Қасымда Жақып жүргенде бәрі де тамаша, бәрі де қызық көрінуші еді. Енді бақсам... Қиын екен, тентегім, қиын екен. Түсіндіруге тілім жетпейді. Бар болғаны жүрекпен ғана сезіп, мойынмен ғана көтеріп келемін...

Мамыр аспаны мөп-мөлдір. Төңірек осынау тылсым табиғаттың манаураған тыныштығын бұзғысы келмегендей бей-жай қалыппен мүлгиді. Сонадайдан Құсмұрын биігі мұнартады. Сағым шымылдығы құбыла көлбендеп белес бедерін ерекше бір ажарға бөлеп тұр.

Ақкенже осы бір сәтте көңілденіп кеткендей қиғаш қастарын әсем керіп тастап ән бастады.

— Құсмұрын төбең биік аса алмадым,  
Жайқалтып бетегенді баса алмадым...

Үні дірілдеп барып тынды.

— Сол Құсмұрын анау тұр мұнартып. Қыз күнімнің қызығы, келіншек күнімнің қимас сыры тұнған Құсмұрыным ғой ол менің. Көкеңмен төбесіне ат ойнақтатып талай шығушы едік. Мен сіздің үйдің босағасын аттағанға дейін осы төңіректі ұзақ тамашаладым ғой. Күнде кешкісін Жақып мұқыл құласын сылаңдатып ауылға келеді де тұрады. Мен қыр асып кетемін. Қолымда құман болады. Шешем марқұмға бұлақ суын алып келейін деп қиыламын. Ана жүрегі бәрін сезгіш, бәрін аңдағыш-ау, маңдайымнан піскеп, арқамнан қағады да, еркелетіп,

бара ғой сәулем, дейді жымып. Содан көңе кездесемін. Қарулы еді ғой. Екі аяғымды жерге тигізбей ер үстіне лып еткізіп көтеріп алады да, тасырлатып шаба жөнеледі. Осы бетімізбен Қайрақтының қотанына қойып кетейік пе дейді қызынып. Мен ат тізгініне жармасқан болып еркелеймін. Содан осы Құсмұрынның биігіне бірақ шығамыз. Гүл дегенің етегіңе оралады. Көң бояқтан көз тұнады, шіркін.

Әңгімесін кілт үзген Ақкенже тізгінін тежел, аттан лып етіп қарғып түсті.

— Ақбура сайына келіп қалыппыз ғой. Салқындап алайықшы. Пысынап, мең-зең болып кеттім ғой.

Аттың ер-тоқымын сыпырып, өре салып жіберген Ақкенже костюмі мен бөртпе шәлісін шешіп алып, қаудың үстіне тастай салды.

— Қалаға барамын деген соң сандық түбінде жатқан мыналарды алып киіп едім. Пысынатып жіберді ғой, түскірі. Ту, сен де быршып терлеп кетіпсің ғой. Көне шешін, салқын сумен жуындырып жіберейін. Ту, күннің шыжып тұрғанын-ай, жарықтық. Тері жанбыр тілеп тұр-ау деймін. Көне, бол...

— Қойшы тәте, бала деймісің. Ұят емес пе?

— Қой әрі, ұялғаны несі. Теріс қарап-ақ тұрайын ендеше. О несі, ұяламын дегені.

Шешінген Тоқан суға қойып кетті.

— Ішшәй, қандай суық еді.

Ештеңе етпейді. Қазір-ақ бойың үйреніп кетеді. Мен де түсіп алсам қайтеді, ә?

Ақкенже сай табанына еппен сырғанап түсіп шешіне бастады. Тоқан су шалпылдатқан болып ұрлана қарап қояды.

Тоқан шешініп жатқан жеңгесінің қимылына ұрлана сүзілуге шыдамады. Суға шолп етіп сүңгіп кетті. Пысқырып, түшкіріп судан басын шығарса Ақкенже іш көйлегімен суға енді түсіп желеді екен. Өңі бал-бұл жайнап күледі. Жанарларында еркінше бір шаттық бар.

Тәте, бері кел. Мына араның табаны құмқайырақ екен.

Денем тітіркеніп кетті ғой. Суық екен ә тентегім. Астында қайнап жататын бұлақ бар дегені рас-ау деймін.

Құмп етіп сүңгіп кеткен Ақкенже біраз жерден барып шықты.

— О, қалай сүңгісіз!

Ақкенже сылқ-сылқ күліп мәз болып қалды. Токан жеңгесінің көптен бергі шын ықыласпен балаша мәз болып ақтарыла күлгенін бүгін бірінші рет көріп тұр.

Бұлар су шалпылдатып ұзақ жүзді. Бір-біріне су шашып құмардан шыққанша асыр салысып ұзақ ойнады.

Тісі тісін баспай, сақылдап кеткен Токан көгере қатып барып судан шықты. Балғын денеде тулай аққан ыссы қапға салқын суда ұзақ болған сайын тыншу тапқандай әсерге бөленген Ақкенже табаны құм қайрақ мөлдір судан шыққысы келмеді. Құмарланып құлаш ұрып ұзақ жүзуді тіледі. Теренге әлсін-әлсін бойлай сүңгуге ынтықты. Өне бойын дуылдатқан ыссы қан саба-сына түсіп салқын судан бей-жай рақатты күй тауып, балғын тәні босансып, қалжырағанда судан шықты.

Мамырдың мақпал шұағы астында бейжүнә қалыппен ұзақ қызықтап асыр сала су шашқан Ақкенже мен Токан осы сәтте бақытты еді. Соғыс таксіретін бірге арқаласқан жас келіншек пен балғын бала тап осы сәтте бейнет атаулыдан безінген, тойымсыз қызықтың құшағымен қауышқан жайдары қалыпта болатын.

Ақкенже болса Айдар жайын ойлап кеткен еді. Соңғы кезде осы бір жігіттің атын естісе-ақ өз-өзінен қуыстанып, қысылып қалатынды шығарған. Онысы несі екен.

Тағы да міне, келіншектің басына қаны шапшып, балғын тәні ду-ду етіп қызынып жүре берді.

Көктемнің көз нiлге малынған шырқау күмбезiнде шөкiмдей де бұлт жоқ. Мөлдiр аспанға шығандап шыққан күн көзi қар сiлемдерiнен ерте ада болған атырапқа елжiрей нұрын төгiп тұр. Сiрескен тоң тонын сiлкiп, тастаған. Бар өңiр қойнауы маужырай бусанып жатыр. Құсмұрын биiгi дүркiрей көтерiлген көктем жамылғы оранған. Қос кереге тастың безерген өлi кескiнiне қан жүгiргендей. Шуақтан тершiп, табанын мүк пен қына басқан шоңғал тастардың әжiмдi жүзi ажарланып алыпты. Соқыр жыралы мөлдiр бұлақ бастауы көлкiп жатыр. Тырбақ тобылғылы сай табандары қайта түлеп, қайыңды шоқтар жасарып жайнай түсiптi. Сағым шымылдығы будан перде тағынып, белдердiң табанын жерге тигiзбей мың құбылтады, Ақбура сайының аңғарында арын бар. Теке сақалды өлi қау сұйқылтым келбетiнен тез айығып, түптен көгерiп көтерiлген жасыл реңмен тiрлiк тынысын аңдатады. Өңiр бозторғайдың бозала таңнан салған тандай суырар әуездi әнiмен балқып жатыр ма дерсiң.

Қайрақтының қотанын қаулаған қызыл су баяғыда-ақ тартылып, жер аяғы көңiп қалған. Үй iргесiне дейiн көктесiн қаптап төңiрегiн ерекше бiр жұпарлы иiске малындырып тұр. Тарын қыстың қысымынан тұралап шыққан ауыл үйдiң малы Ашылы сайға қарай қаптай өрiп барады. Сортаңды алқаптың қойны-қонышын қуалай өскен жусанмен қабаттаса, ұйыса шыққан балауса көкмайсаға кенеше қадалып алар емес.

Қотандағы коқыстан сүйек-саяқ қағып қаужаласқаны болмаса қарын тойып тамақ татпаған ит екеш итке дейiн дала кезiп маңып кетiптi. Мамырдың мақпал шуақты ыраң-тыраң тiрлiгi дегенiң осы, жарықтық.

Құсмұрын биiгiне қарай қоралы қой қаптап келедi. Бұл қарашада соғып кеткен ақтүтекпен аман қалған Қайрақтының қойы.

Анадай жатқан қарға iлер қайыс бауы бар қақ

сойылды қолына алған Сәлім иінін басқан ауыр жүктен жеңілгісі келгендей тағы бір: «Уа дариғай»,— деп алып бытырап бара жатқан қой сонынан жөнеле берді. Отар бетін қаусыра қайырмалап тастап барып өлі қаудың үстіне бір жамбастап қисайды.

Анада аяғының ескі ауруы белгі беріп төсек тартып қалғанда Ләмбекті орнына жіберген. Онда жібермеймін деп өзеуреген жоқ-ты. «Балшықтан кісі жасай алмай жатқанда соқтауылдай немісді жұмысқа жібермей үйде отырғызып қойғаныңа жол болсын. Мынадай уақытта шөп басын сындырмай отыру бредителмен бірдей»,— деп Жүкен жағадан алғандай жабысып болмаған. Сәлімнің қыруар малды жарымжан баласына сеніп тапсырғысы келмегені де рас еді. Тамам қойды бірденеге ұрындырып, қырып алса кім жауап бермек. Бірақ Ләмбек ісіне мығымдылығымен әке күдігін сейілткен. Мал сонынан салпақтап жүре беруден жалықпайды. Оның үстіне қойған жерден табылар пысық-ақ. Бір басты шетінетпейді. Уа дариғай, десеңші, пысықтығын қайтейін, сол салпақпен жүріп мерт болды...

Ләмбектің бойына дарыған күш ерен болатын. Бірақ оспадарлық жасап жұртпен жағаласқан кезі болған жоқ. Сәлім шал ұлының осынысына: «Тәңірім бар жағынан бірдей қыспайын деген ғой, әлжуаз ақымақ атанбағанына да шүкірлік»,— деп отырар еді.

Сәлім әрнені ойлап жатыр. Мынау шуақты бей-жай тыныштық жанын елжіретіп, көңілін босатқандай, «Жұрттың ақыл-есі түгеліне қызығып, сұқтанған жерім жоқ еді. Жарымес болса да қалқайып қасымда жүргеніне мың шүкірлік айтып пендешілік кепіетке аяқ аттамаушы едім. Жұрт Гәрмәнмен соғысып өліп жатыр. Мен болсам ауыл ортасында отырып жалғызымнан айрылдым-ау, қара басып. Антұрған Жүкен, сен тақақтамағанда ауыл қотанында әлі де серендеп жүре берер еді-ау. Сол күні қорадан қойды шығарып не қара басты екен деймін. Ат шаужайына оралған сорлы баланы неге ғана

атқа мінгіздім десейші. Шығасыға иесі басшы деп, өзімен де болды-ау. Жүкені түскірдің дігірінен де жасқанып ығына жығыла беріп едім». Іштей күбірлеген шаймойнын соза түсіп, зират жаққа сығырая қарап қойды. Сағыммен оранып алған зират бұлдыр шымылдық ішінде сан құбылады.

Төңірек тым-тырыс. Пысқырынып қойып көне қаудың түбінде қылтия қалған көк қаудан үзген қойлардың тұяқ сыртылы, отар қойнынан ескен шайырдың танау шертер шымыр иісі, қойшы шалдың мұңлы жанына ерекше бір жылылық құяды. Шырқау биікте безектеген бозторғай іштен тынған тірлік тынысының сырлы пернесін қағып, тыным жоқ тәтті күймен елтітеді.

«Биылғы көктемнің шуағы тым ерекше екен, жарықтық. Тіпті ми қақтап, сай-сүйегімді балқытып барады ғой, түгі»,— деп күбірлеген Сәлім есінеп, рақаттана керіліп қойды. Заңғар аспанға жүзін көлкелеп сығырай көз тастады. «Жарықтықтың мөлдірін қарашы. Тап осындай көк нілдей аспан біздің бала кезімізде болушы еді... Ана соғыс болып жатқан жақтың да аспаны тап осындай бұлтсыз ба екен? Солай шығар. Бәрі бір аспанның астында ғой. Ой аллай деймін, соларға не жетпейді екен. Құдайдың даласы да тарлық еткен соң қой бұл мұндарды. Қанжауғыр тамам елді бөріктірмей, тынған қана неге жүрмейді екен... Не жетпейді деймін ау. Бірақ өзіміздің алақандай Қайрақтының қоганына сыймай қырқысып, арыз айдасып жатқанда, оларға не жорық».

Күні кеше ғана гәрмәшнің әскері қанып жатыр деп Ахмет айтып келіп еді. Бар болдыр, неғып өтірік айтты екен. Біздей қараңғы емес, ауданы күнде барып жүр емес пе? Не естісе де елден бұрын сол естуі керек еді. Өзін атарға оғым болмай жүруші еді, со сөзін естігеннен бері ұнатып қалдым. «Сары сонағым» жарадың деп арқасынан қақтым. Пай-пай, талай боздақтардан айрылды-ау. Осы ауылдың өзінен Жақып — біреу, Бибіштің Шоқпаты — екеу, Қошаның Алшысы — үшеу,



Қапыш құрдастың Саматы — төртеу, Шәріптің әкесі, әлгі кім еді... марқұмның атын да ұмыта бастағанбыз ба — алты... Жұм-жұма шалдың шаңырағынан ғана үшеу, Садуақастың Харны... Сәлімнің он саусағы жетпей қалды. Содан соң шатасып кетіп қайыра санай бастады.

Сәлім қырат жаққа тағы да мойын созып қарады да, маужырап мүлгі берді. «Талай шаңырақтың түтіні өшіп қалды. Анау Жақыпты айтамын да. Айкүміс өлді. Тоқаны оқуға кетті. Ақкенже айналайын есті бала ғой, түтінін өшірмеймін деп әлі отыр. Өзін Айдармен... Ту, алжыған екенмін. Өздері біледі де. Бір-біріне тең бе — тең. Өздері біледі де...»

Тағы да ұзақ сонар ой сорабына түсіп кетті. Көз алдынан Жүкеннің шешек дағы шұбарлап тастаған тарғыл жүзі кетер емес. Ойына сол күнгі даулы жиынды оралтып жатыр.

«Өй, қара жүрек неме, Ләмбегімнің ажалына, құдайға күнәлі болсам да, сен кінәлісің», — деп тепсінгені есіне түсті. Анау: «Кет әрі, қу ақсақ, жағамнан алмаған енді сен қалып едің», — деп өңменінен атып жіберердей болып ежірейе қадалған.

Мен сорлыны қойшы, бәрінен Айдарға жала жапқанын айтамын да. Ауданға асығыс аттанып бара жатқанда қойды қора түбіндегі арнаға қамай тұрындар, күн әлпетіне алданып қалмандар, қарашаның қапы соқтырары бар дегенін өз құлағым естіді. Айдар кетісімен-ақ араның қақпасын ашып Құсмұрынға қарай айдаңдар деп тепсініп тұрып алды емес пе».

Сәлім аунап түсіп арқасын шуаққа тосып жатты.

Ақкенже сөз алғанда Жүкеннің байлаулы иттей құтырғаны-ай. Айдарды жақтайтыныңды білемін, сен оның көп ашыналарының бірісің деді-ау, имансыз-ай. Иә, сөйдеді ғой бұл шұнақ. Дүйім ел жағасын ұстады. Суға кеткен тал қармайды деп Бпағанның өзіне де аузын салып-салып жіберді.

Шалдың көз алдынан сол бір даулы жиын кетер емес. Ой жібін үзіп алмай жалған жатыр, жалған жатыр...

«Мал құлағы саңырау. Өлім-ай, қойшында жатқан қатыны Ақжамал да сөйледі ғой со жолы. Жылап тұрып сөйледі. Қайтсын, жаңына әбден батқан ғой. Сен соғысқа Тобықжанды жібермеймін деп балта ала жүгірдің емес пе. Әзер болса шалақ қол атанар, оның есесіне қотанда жүрер дедің-ау деп есілгенде жұрт күңіреніп кетті ғой, күңіреніп кетті. Алла ғана, қу шүнақ-ай, бәрінен де ел атына өлім болды ғой...»

Сәлім шырт түкірініп оң жамбасына ауынан түсті. Тершіген жүзін жеңімен сүртініп мүлги түсті.

«Содан соң-ақ аузына не келсе соны шатып сандалып кетті. Өзіміздің дарақы Бибіштің сөзі болмағанда құйтырқы неменің кей сөзіне ауданнан келгендер сеніп те қалғандай еді. Әр ненің басын шалып тұрған Жүкпеннің құйтырқысын бірге өсіп біте қайнасқан өзіміз андай бермейміз. Оларға не жорық.

Бибіш тепсініп сөз сұрағаннан-ақ кәпірдің өні сабынша бұзылып кетіп еді. Қораның аузында тұрып алған ақсақ Сәлімді атынмен омыраулатып омақа асырдың, сөйтіп тамам қойды Құсмұрынға қарай дүркірете қуып тастағаныңды мен де көрдім деп бетіне былш еткізді. Бетімнен қауып тастаған соң баласының өліміне қиястанып жабысып жала жауып тұр деп айтар деп ішке бүгіп қалғаным жөп бопты. Оны кемпір төтесінен қойып қалды. Жұрт қырылып жатқанда үйінде шөлжиіп жатып шай ішкеніне дейін айтып берді. Анау бірдеңе деп ақталмақ болып еді.

— Ойбай, уәкіл ағасы-ау, құдай сандырақтатпасын де. Сасқан адам не деп былшылдамайды. Мұның ендігі сөзіне сенбеңіз. Баяғыда біздің ауылда байы ертеде өлген біреудің аяғы ауыр болып қалыпты. Шермііп үйден шыға алмай басыр болып қалған бейбақтан абысыны келіп, әй әбілет басқыр, сені не құдай ұрып қалды

десе, анау өлген байымның сандық түбіндегі шалбарын киіп едім депті ғой. И-и сорлы деймін-ау, одан да тұрасын айтып ағынан жарылмай ма? Әйтпесе есі бүтін қай қатын байсыз бала табады? Әйтпесе тауық дейсіз бе күлге аунап жұмыртқалай беретін. Сасқан адам солай да сандалады. Со сияқты мына Жүкен де сандала бастады. Менің білерім енді бұл біздің қотанда қалып елді көгертпейді. Өл де маған деді.

Әй, от ауыздым-ай, көп былшылымның бір кәдеге асқаны осы болды деп өзі де жиналыс біткенде сампылдап кетті ғой. Қойшы, сонымен таң атқанға шейін созылған жиналыс Жүкенді ауданға кәнбойлатып әкетумен бітті ғой. Барар жері белгілі ғой».

Сәлім жас топырақтан бу бұрқырап жатқан қабір жаққа сығырая қарап қойып тағы да мүлги берді.

«Ләмбек, кәдімгі өзінің Ләмбегі. Тап қасында отыр. Тілінің мүкісі жоқ, сайрап тұр. Әке-ау, шаршадың ба дейді. Сен дем алып жата тұр, қойыңды мен-ақ бағып келейін деп өтінеді. Сөйтеді де ыржалақ-ыржалақ етіп бұлшық етті білегін бұлтылдата ойнатып: «Әке, қарашы мықтымын ба»,— деп күледі. Сәлім ұлының бетін сипайды. Бауырына қысып мандайын иіскейді. Басын шайқап күшің көп екен, құлыным, деп елжіреген болады. Ләмбек оған мәз болып күледі, шал қосыла күледі. Екеуі де мәз, екеуі де көңілді.

Отырған жерлері шоңғал тасты жыраның тұсы.

Әке, маған Қәмшатты әперемісің дейді Ләмбек үздігіп. Бұл болса қой, оның не? Қәмшаттың күйеуі бар емес пе дейді. Ләмбек еркелеп келіп мұның тізесіне басын төсейді. Бұл дудыраған шашын сипайды. Саусақтары ұлының қара құсына таман барып тоқтап қалады. Тап осы тұста дөп-дөнгелек ойық бар. Бұл жас кезінде тепкен тай тұяғының орны. Әке, маған Қәмшат керек. Ол мені жақсы көреді. Былай құшақтап сүйеді деп шалдың мойнына асылып еркелейді. Бұл үндемейді.

Сәлден соң ұлының мандайын иіскеп, ана бытырап

бара жатқан қойдың алдын қайырып кел дейді. Ләмбек атып тұрып атқа барып мінді. Сөйтті де тасырлатып шаба жөнелді. Аз ұзаған сайын тұяқ дүбірі күшейе түскендей болады. Шал құлағын қалқалап, қағыс естіп отырмын ба деп тың тындайды. Ат ұзап барады, ал тұяқ дүбірі болса мінбелеп келіп қалды. Ләмбек көз ұшында ұзап барады. Сәлден соң көзден де ғайып болды. Бірақ ат тұяғының тасыры үдеп барады. Не сұмдық. Ойбай-ау, мынау қайтеді. Ат тұяғы тап үстіне тасырлатып төніп келіп қалды ғой. Баса ма екен мына сорлы неме. А-а, басты-ау, таптап кетті-ау».

Шал шошып оянды. Почташы Ахмет тасырлатып шауып келеді екен.

— Әй, Сәлім, сүйінші. Біз жеңдік. Гәрмән құлады.

Қойшы шал бір орнынан тұра алмай тыпырлап қал- балақтап қалды.

— Мына сығыр не дейді. Жеңдік дейді. Рас па жаным-ау. Жанарынан ыршып кеткен ащы тамшы өңірі- не барып тамды.

Ахмет тасырлатып өте шықты, беті Қайрақты. Үсті- үстіне айғайлап, азбанды қос өкпеден тепкі салып ағы- зып барады.

— Сүйінші, сүйінші. Біз жеңдік. Соғыс бітті.

— Ал, ал тілеуің бергір. Қалауынды ал,— деп күбір- леген Сәлім анырып тұрып қалды. Сәлден соң барып есін жиды. Кірпігіне жас іркілген кәрі жанарымен ас- панға қарады.

Есік алдында отырған Айдар колхоз кеңсесінің тұ- сына екпіндей келіп тоқтаған почташыны көріп таяғына сүйеніп орнынан тұра берді. «Аханның жүрісі бүгін тым екпінді ғой. Бір хабар болмағай». Сылти басып кеңсеге қарай беттеді.

Кеңсеге бірсыпыра ауыл адамдары жиналып қалып- ты. Босағадан аттамай жатып дабырласқан дауыстарды құлағы шалды.

— Сүйінші дедім ғой, жеңеше, сүйінші.

— Ойбай шұнақ, ал, ал, дедім ғой, ал. Тілегенің болсын.

— Хабарыңа құлдық. Мың жаса!

— Атана нәлеттерді өз ордасында құртты дей ме?

— Бәсе, солай болса керек.

— Өй, Ахметім-ай, жәрәдін. Көз жасың көлдеп, хат-хабар әкелуге кежегең кейін тартып тұрушы едің.

— Аудан жаққа енді құша ұшамын десейші!

— Шаншудай боп қадалған күпті көңілің қатыныңның ақ құйрық шайынан кейін тарап жүре берер сақинадай сылынып-ақ қалған шығар.

— Өй женеше-ай, ендігі көрмегенім почташы болсын. Бар арманым осы қуанышты өз аузымнан естіртсем деп едім. Енді міне, сол арманым да орындалды. Енді ана көк сөмкені біреуің мойындарыңа іліндер.

Айдар бөлмеге кірді.

Екі езуі құлағына жете күлімдеген «сары сопақ» колхоз председателіне қолын соза түсіп барып:

— Айдар шырағым, жаудың саудасы бітті. Біз жеңдік,— деді де кемседеп қоя берді.

— Ойбай, мына бейбақ, неге жылайды, жөн... Жылағаның да жөн шығар. Бибіш жанарына тығылған жасты жасырғысы келгендей орамалының ұшымен көлегейлей берді.

— Аха, қуанышты хабарыңызға сүйіншіміз дайын. Бүтін ел болып сарыла күткен қуанышымыз ғой, тек қайырын тіленіз. Ендігі ұрпақ бұл зұлмат күнді көрмесін де, білмесін деңіз,— деген Айдар сылти басып төрге оза берді.

— Ойпырмай десейші, жеңдік деген хабарды құлағым шалғаннан-ақ алды-артыма қарамай Қайрақты қайдасың деп шаба жөнелдім-ау. Жүрегі түскірі бірденені сезгендей түні бойы қобалжып мазамды алып шығып еді. Бәсе осыған...

— Қатыныңның быламығын сылқита соғып алып жүрегім, жүрегім дейтін шығарсың. Әйтпесе саған ондай

әулиелік қайдан келіпті. Одан да мына менің көрген түсімді айт. Ой алай деймін. Түс келмейді дегенді қой. Өзімнің шалым күнде жатып жүрген пешінің түбінен шығып: «Әй қатын, мына қуыста жата-жата саржамбас болғаным жетеді. Әйдә, үйдің төбесіне сал»,— деп дінк-дінк етеді. Сөйтті де есік алдына кәдімгі жігіт кезіндей атып шықты да байлаулы тұрған ақбоз атты мініп алып, үйдің төбесіне бірақ қарғытқаны ғой. Ақ сақалы желпілдеп, айбат шақырып тұр. Қайдан келгенін білмеймін Шоқытым да бір тұстап шыға келді де: «Ата, біз жеңдік»,— деді. Кәдімгідей біз жеңдік дейді, күлімдеп. Мен де рас па құлыным, өзің үйге қашан ораласың дегенімше болған жоқ, ғайып болды.

Содан ояна келсем шал баяғы пешінің түбінде үйді басына көтеріп қорылдап жатыр. Сексенбай, әй Сексенбай деп жұлмалап ояттым да көрген түсімді айттым. Шоқытым сүйінші сұрап жүр дедім. Өй, өзі үйге ораламын деген жоқ па деп қалбалақтап жатыр, жазған. Мен ғайып боп кетті деп едім, сорлы болған екенмін ғой деп өкірді келіп. Қара қағазыңа сенбей жүр едім. Мына түсің жаман екен деді. Ойбай соғыс бітті, біз жеңдік деді ғой, қуанышты күн алыс емес шығар, гәрмән жеңілер десем, әлгі жазған шал: Өй оттамашы, гәрмәнді айтады ғой сандалып. Ол жеңілмегенде кім жеңіледі деп едің. Оны шалың баяғыда-ақ біліп қойған. Одан да ана Шоқытты айтсайшы деп кемсеңдейді. Өне әулиелік деп соны айт.

— Иә, одан да боздақтарды айтсайшы.

— Мына қуанышты күнді көрмей кеткендерді айтсайшы одан да. Мын айналған неме, айналып үйіріліп өз шалыңды жырлай бермей.

— Аттым ғой, мына кемпір айналып үйіріліп пеш түбінен шыға алмай қалған өз шалың данышпан атандырғысы келіп отыр.

— Әдірем қал, өл де маған. «Өзінің жыртығын көрмей біреудің тыртығын көреді» деген осы. О несі-ай,

мақтасам шалымды мақтап жатырмын. Кәне айтқаны келмеді деші. О несі-ей мына сары сопақтың, біздің жеңетінімізді әулие болсаң ертеде неге айтпадың. Әне, біздің жеңетінімізді пеш түбінде жатып-ақ шалымыз біліп-пішіп қойған. Дәнішпан емес деші,— деген Бибіш қарқарқ күліп сыртқа беттей берді.

— Жеңеше, сенікі жөн. Бірақ манадан бері қызыл май боп жатқан жеңіс сүйіншісін кім береді. Самбырлап бос сөзді боратқаның маған азық болмайды, Әйдә, сүйіншімді әкел.

— Ағам дұрыс айтады. Сүйінші сіздікі. Міне алыңыз,— деген Ақкенже Ахметтің қолына құйма жүзігін шешіп берді.— Жеңешемнің қолына салыңыз.

— Ақкенже қалқам-ау, мұның не. Менікі жай әншейін...

— Ешқандай жайы жоқ, аға. Осы жеңісті бәріміз болып күттік емес пе? Ақ түйенің қарны жарылар той бүгін болса керек.

Бәсе, Ақкенже айналайыннан бірдеңе шықпаса біздікі бос айқай болды. Ал ендеше, Ахмет баста, біздің үйге жүріндер. Қебеже түбінде қатқан-құтқан бар шығар. Тойды біздің үйден бастайық,— деген Бибіш тысқа шықты.

Мәре-сәре болған жұрт тысқа беттеді.

Бөлмеде Ақкенже мен Айдар ғана қалыпты, Кеңсенің аядай бөлмесін жаңа ғана дүр сілкіндірген ауыл адамдарының ақ жарқын сөздері мен сыңғыр-сыңғыр күлкілері тысқа ақтарылып барып басылған. Дүрмекті қуаныш ауыл қотанын керіп барады.

Ақкенже терезе жақтауына сүйеніп үнсіз тұрған Айдардың қасына келді.

— Иә, бұл күнді де көрдік-ау.

— Иә, Айдар көрдік қой. Шіркін, көрмей кеткендерді айтсайшы... Ақкенже сөзін аяқтай алмай солқылдап қоя берді. Айдардың иығына асылып жігіт мойынын құшырлана қысқан қалпы егіліп үнсіз қалды. Мойылдай

мөлдір жанарлары таңғы шықтай жаудырай қалыпты. Айдар тіктей қадалды. Ақкенже жүзін төмен салды. Сүйрік саусақтары жігіт мойнынан сусып кетті. Әлденеден қысылғандай келіншектің әдемі жүзі алабұртып ал қызыл арай шыға келіпті.

— Кешір, Айдар... Көңілі түскір босап кетті...

Айдар үндеген жоқ. Төмен қарап үнсіз тұрған келіншекті бауырына тартып, алаулап бара жатқан кезерген ернін ақ торғын тамаққа апара беріп бөгеліп қалды. Батылы бармай орта жолда тиылды. Ақкенженің өне бойы ток соғып кеткендей дір етті. Алаулап кеткен жүзін басқан қалпы кеңсе бөлмесінен атып тысқа шықты.

Айдар терезеден құйылған ақ шуаққа жүзін тосқан қалпы астан-кестені шыққан сезім құшағында тұрып қалды.





## МАЗМУНЫ

ЗАУАЛ (әңгіме) .	3
ОРТАК ӘКЕ (әңгіме) .	24
ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР (повесть) .	31

---

**Тулеген Қажыбаев**  
**С ТВОИМ ИМЕНЕМ**  
рассказы и повесть  
(На казахском языке)

Редактор *К. Токмурзин*. Рецензенты *К. Ахметбеков, А. Мекебаев*. Художник *А. Таменов*. Худ. редактор *Б. Аканов*. Техн. редактор *Т. Габдулина*. Корректор *К. Жумагулова*.

ИБ № 1502

Сдано в набор 12.04.80. Подписано к печати 08.04.80. Формат 70×108<sup>1/2</sup>. Бум. тип. № 1. Гарнитура литературная. Печать высокая. П. л. 4,0. Усл. п. л. 5,6. Уч.-изд. л. 5,6. УГ14200. Тираж 10 000 экз. Заказ № 236. Цена 35 коп. Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93а. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.